



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

Дана *Бала*



№1 (21), 2020



ДАНА БАЛА

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ**

№ 1 (21), 2020

www.rc-dd.kz

Меншік иесі: Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
«Мектепке дейінгі балалалық
шақ» Республикалық
орталығы РММ

Республикалық ғылыми-
ақпараттық
әдістемелік журнал

Бас редактор: *Роза Жолаушиевна
Базарбаева*
ҚР Білім және ғылым
министрлігі «Мектепке дейінгі
балалалық шақ»
Республикалық
орталығының директоры

Редакция алқасы: «Мектепке дейінгі балалалық
шақ» Республикалық
орталығының
Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқыту мазмұны бөлімі

**Техникалық
редактор:** «Мектепке дейінгі балалалық
шақ» Республикалық
орталығының
Ақпараттық талдау бөлімі

ДАНА БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрлігі
Байланыс ақпараттандыру және ақпарат
комитетінің мерзімді баспасөз
Басылымын және ақпараттық агенттікті
есепке қою туралы №14553-Ж
куәлігімен есепке қойылды (15.09.2014ж)



ДАНА БАЛА



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Жылыстап жеткен Жаңа Жылымыз - төл мерекеміз 22 наурыз арда халықтың басына бақ құсын қондырсын! Ежелден жаңарту мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған Әз - Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін. Ел тыныш, туған жер аман болып, арайлап атқан әрбір таң шат көңіл, бақыт және береке сыйласын. Ақ мол, жыл ырысты болсын!!!

*Ізгі тілекпен,
«Мектепке дейінгі балалалық шақ»
Республикалық орталығының директоры*

Роза Жолаушиевна Базарбаева



ДАНА БАЛА

Негізгі тақырыптық бағыты

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы бойынша озық идеялар мен тәжірибелерді тарату, педагогтар мен ата-ана қауымына ақпарат түрінде әдістемелік көмек көрсету

Основная тематическая направленность

Распространение передовых идей и опыта в области дошкольного воспитания и обучения, оказание методической помощи педагогической и родительской обществу в виде информационного материала



УАҚЫТ ТАЛАБЫ	
ПРОБЛЕМЫ ВРЕМЕНИ	
Үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейі – мектепке дейінгі тәрбие	6
Заманауи бала – қандай бала?	9
Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в ДО	12
Заманға сай болғың келсе – жаңалықтан құр қалма	16

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША	
НАШ ДЕТСКИЙ САД	
Мектепке дейінгі білім беру – ұзақ мерзімді жетістіктің кепілі	18

ИННОВАЦИЯЛАР	
ИННОВАЦИЯ	
Этапы психологического сопровождения инновационной педагогической деятельности	20
Мектепке дейінгі ұйымда триз технологиясының тиімділігі	23
Инновациялық технологиялар – баланың тұлғасын дамытуда нәтижеге бағытталған оқыту тәсілдері	26
Мектепке дейінгі ұйымға ақпараттық коммуникациялық технологияларды енгізудің артықшылықтары	30

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР	
НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ	
Ұлттық ойындар арқылы балаларды адамгершілікке тәрбиелеу	34

ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОРЖЫН	
МЕТОДИЧЕСКАЯ КОПИЛКА	
Мектепке дейінгі балалық шақ	34
Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудағы қиыншылықтар	39
Еңбек бәрін жеңбек	42
Балабақшада дамыта оқыту технологиясының әдістемелік мүмкіндіктері	45
Ойындар мен ойыншықтардың тіл дамытудағы маңызы	48
Алты жасар баланы мектепке бейімдеу тәсілдері	50

Мектепке дейінгі балалық шақ	53
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үрдісінде театрландырылған ойындарды қолдану	55
Конспект организованной учебной деятельности со здоровьесберегающими технологиями «Секреты здоровья»	58
Взаимодействие педагогов и семьи при раннем обучении английскому языку в дошкольном образовании	63
Отбасы – бақыт мекені	65

АТА-АНАЛАРҒА	
ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ	
Отбасы мен балабақшаның бала тәрбиесіндегі рөлі	68
Отбасылық тәрбиенің бала тұлғасының дамуына әсері	71

ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ	
ЛУЧШИЙ ОПЫТ	
Бала тәрбиесі баршамызға ортақ	74

ТӘЖІРИБЕМЕН БӨЛІСУ	
ДЕЛИМСЯ ОПЫТОМ	
Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту	77
Мектепке дейінгі тәрбие негізінде балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету	80
Мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамытудың дидактикалық құралы – «жұмсақ кітаптар»	83
Мир вокруг нас (Оуд в группе предшкольной подготовки)	86
Экологическое воспитание через нетрадиционное пособие «Дидактический фартук»	89
Ұстаз болу – бір бақыт	93
Книга из фетра для развития мелкой моторики, знакомства с цветом и формами	96
Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту	99
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру	102



Амирханова Аймангуль Курмашевна

*Жарма ауданы, Семей қаласы
«Аршалы негізгі мектебі» КММ мектепалды
даярлық сыныбының тәрбиешісі*

**ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАСТАПҚЫ ДЕҢГЕЙІ –
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ**

Үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейі – Мектепке дейінгі тәрбие – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Ең бастысы, сол мектепке дейінгі тәрбие балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни, сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне баулиды. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам өздігінен ой түйіп, сапалы, дәлелді шешім қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, өзін-өзі тануына көмектеседі. Ал бейімділік - оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Туғаннан бастап бала белгілі бір әлеуметтік ортада өседі және тілі де, жаны да дамиды. Әр кезеңдегі жас ерекшеліктерін ескермей, балаларды дұрыс тәрбиелеу мүмкін емес. Алғашқы екі жылда балалардың бас миы өте зор жинақтаушы күш көрсететіні анықталған. Бұл жасқа дейінгі қалыпты дұрыс даму жағдайында бала ана тілінде еркін сөйлей алады. 5-6 жасар баланың шығармашылық іс-әрекеті күшейеді және оның басты бағыттары көріне бастайды.

Сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған оқу қызметінде мына әдістерді қолданған жөн:

1. Сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айтуға үйрету.
2. Грамматикалық түрде дұрыс сөйлеуге үйрету.
3. Ауызша сөйлеуге және әңгімелеп

айтуға үйрету.

4. Әдеби шығармалардың тіл дамытудағы рөлі.

5. Ұлттық ойындарды пайдалану.

Ең алдымен, тіл дамыту, сөз қорын молайту сабақтарында баланы сөз ішіндегі дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету ісіне баса назар аудару керек. Балалардың көбі сөз ішінде кездесетін р, л, с, ш, ж, з, б, п, ф дыбыстарын айтуға қиналатыны белгілі. Кейде бала аталған дыбыстарды жеке-жеке дұрыс айтады да, сөз ішінде дұрыс айта алмайды. Балалардың дыбысты қолдануында мынадай кемшіліктер кездеседі: сөз ішінде дыбысты дұрыс айтпау, сөзде дыбыс қалдырып айту, сөз ішінде дыбысты алмастыру. Мысалы, қуыршақты-құшақ, қолғапты-қолбақ, орамалды-омалар немесе оламал деп атайды. Дыбыстарды дұрыс айтуға, дыбысқа байланысты тіл сындыруға тақпақтар айтып, жаттап, шығармалар оқып, дыбысқа байланысты дидактикалық ойындар ойнатқан тиімді. Мәселен, Р дыбысы мен әрпін өткенде Б.Тәжімбетовтың «Р-ға тілің келе ме?» тақпағын жаттауға болады. Р дыбысын ұнтаспадан тыңдатқан жөн. Бұған қоса «Буынға буын қос» дидактикалық ойынын ойнатқан жөн. Ойынның мақсаты: - басталған буынға буын қосып, сөз құрастырып айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Р-дан басталатын әртүрлі суреттер беріп, әңгіме құрату. Ал «Сөз ойла, тез ойла» дидактикалық ойынын міндетті түрде әр дыбысты өткен сайын ойнату қажет. Мақсаты:- берілген

дыбысқа сөз ойлап, ойлаған сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білу. Сөйтіп, сөздік жұмысын жүргізу арқылы балаларды тапқырлыққа баулу. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысын меңгеру күнделікті өмірде үлкендермен сөйлесу кезінде іске асады. Балалар сөйлемдегі сөздерді, көбінесе, жалғау, жұрнақсыз дара айтады. Сөздің грамматикалық құрылысын меңгерту арнайы сабақ түрінде емес, сөйледі дамыту білім беру саласында қосымша дидактикалық ойын (сөздік ойындар), түрлі жаттығу жұмыстары арқылы іске асады.

Мектепке дейінгі балалардың тілін дамытуда дидактикалық ойындардың орны ерекше. Бұл ойындарда кейбір заттардың аты, ұқсастығы, түсі, сапасы, іс-әрекеті жөнінде қажетті сөздерді дәл тауып айтып, естеріне түсіріп жаттығады. Мысалы, адамдардың еңбек үрдісін білдіру үшін «Кім не істейді?» ойын ойнатуға болады. Мұндайда балалар әр алуан мамандыққа байланысты суреттерді таңдап алып, өздері айтып береді немесе мұғалім айтқан сөзді қатыстырып сөйлем құрайды. Бұлар балаларды тапқырлыққа, зейінділікке үйретеді.

Баланы мектепке дейінгі оқытудың негізгі бөлімдеріне: балалардың дене бітімі дамуының, психикалық дамуының деңгейі және құрдастарымен, қоршаған ортамен қарым-қатынасы жатады. Жалпы дайындық - ол психологиялық, адамгершілік және ерік дайындығы бір-бірімен тығыз байланысты. Әр баланың басқа баладан ерекшеленетін өз мінезі бар, соған байланысты балалар істеген ісін, қылығын басқарып үйруге тиісті. Сонда ғана мектепке барғанда тез тіл табысып кетеді. Психологиялық дайындық - ол таным процестерінің дамуымен байланысты. Балалар өз еркімен жұмыс істеуге әлі толық дайын емес, зейіні тұрақсыз, тез шаршайды. Мектепке барғанда мұғалім барлық ерекшеліктерді ескеріп, дайындық кезеңіндегі әдіс-тәсілді жалғастыра отырып, осындай таным процесін дамытады. Дене дайындығы - мықты денсаулық, шыдамдылық қасиеттер балаларда болу үшін дербестік, еңбек сүйгіштік, жинақтылық сияқты қасиеттері де даму үшін ата-аналардың көмегімен жұмысты

бекіту керек. Әлеуметтік дайындық - оқуға, (дербес тапсырманы орындау) бастаған жұмысты аяқтауға, қиыншылықтардан өтуге, ұстамдылыққа үйрету, жаңа ортаға үйрену. а) құрдастарымен ұрыспай, ренжіспей тіл табысу. ә) үлкендермен тіл табысу. Арнаулы дайындық - мектепке баратын балалар санауды, әріптерді танып, біліп қана қоймай, қоршаған орта туралы да толық түсініктері болу керек. Сонымен бірге таным процестерін (ес, зейін, ой-қиял, қабылдау) де дамытып отыру қажет.

Мектепке жасына дейінгі балаларды қошаған ортамен таныстыруда сезім мүшелері: көру, есту, түйсіну, иіскеу сезімдері жетіледі. Өйткені, алуан түрлі іс-әрекеттер арқылы балалар орта мен заттардың қасиеттерін сол мүшелері арқылы танып, игереді. Балаларды қоршаған ортамен таныстыру үшін тәрбиеші бақылау, эксперимент, еңбек, ойын және көркем шығармаларды оқу, ертегі айту, әңгімелесу әдістерін және сабақ, таным жорық, серуен, жер учаскесіндегі және табиғат мүйісіндегі еңбек тәсілдерін қолдана отырып айналамен таныстыру сабағын жүргізеді. Мұндай әдістер мен тәсілдер бір-бірімен тығыз байланыста іске асады. Мектеп жасына дейінгі балаларды қошаған ортамен таныстыруда психикалық үрдісі дамып, елжандылық сезімі қалыптасып қана қоймай, адамгершілік, эстетикалық, ақыл-ой, дене, еңбек тәрбие түрлерін де бойына сіңіріп жетілуіне себепші болары анық. Ертеңгі болашағымыз - жас ұрпақты саналы етіп тәрбиелеуде қоршаған ортамен таныстыру білім берудің құқығы деп те қарауға болады. Халқымыздың балаларға санауды үйретуге қолданған әдіс-тәсілді алсақ, ол баланың есте сақтау қабілетін дамытатыны анық. Оны ойын-өлең түрінде жүргізуге болады. Мысалы, «Бас бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек» деп саусақтарын бүксе, «Сен тұр-қойыңа бар, сен тұр-түйеңе бар, сен тұр-сиырыңа бар, сен-қария үйде жат...» деп саусақтарын біртіндеп ретімен жазып санауға үйреткен. Халақ педагогиканың қайнар көзі - ата-бабаның тәрбиелік мұрасы. 1-10-ға дейін сандарды оқып жазуды үйреткен кезде әр

түрлі «санамақтар» барын еске алсақ және оларды қолдансақ, баланың тілін, ойын дамытуда бірталай мақсатқа жетеріміз анық.

Бір дегенім – Бесік
Бес дегенім-Бақыт
Сегіз дегенім-Сөзім
Шықтық одан өсіп.
Бағалайтын уақыт
Серт беретін кезің.
Екі дегенім – Елім
Алты дегенім-Ақыл
Тоғыз дегенім-Тоқтау
Далам, тауым, көгім.
Тыңдағаның мақұл.
Елдің жоғын жоқтау.
Үш дегенім – Үміт
Жеті дегенім-Жалау
Он дегенім-Отан
Үміт артар жігіт.
Жүректегі алау
Қорға соны ботам
Төрт дегенім – Төзім
Төзе білем өзім.

Балалардың эстетикалық қызығушылықтарын қалыптастыруда жаңылтпаштардың алатын орны да ерекше. Бұл жанр тыңдаушыларға өз ойын түсінікті етіп

жеткізуге, тілін мүкістендірмей, ана тілінің бай қорын игеруге, таза және анық айтып, көркем сөйлеуге үйретеді. Жаңылтпаш сөздері, ұйқастары қызықты әрі күлдіргі болып құрылғандықтан, балалардың тез жаттап алуына, есте сақтауына өте жеңіл.

Қырық құрықты,
Қырыққа қосып қырықты,
Қырық сырықты,
Сәл ойланып тұрыпты.
Орамшы санап қырықты.

Бұл баланы ойлауға жетелейді. Мектепалды даярлық жұмысын нығайту, дарынды және дарынға бейім балалардың ерекше қабілеттерін дамыту міндеттерін алға қойған. Осы міндеттерді орындау барысында тәрбиенің үздіксіздігі, бір топ пен екінші топ арасындағы сабақтастық арқылы білім беру принциптері қарастырылады. Бастауыш сыныпқа қабылданғанға дейін баланың оқу ісіне дайындығы, жаңа буын оқулықтар мазмұны, қарапайым білім негіздерін меңгертіп, оқу іс-әрекетін нақты міндет ретінде сезінетін, өркениетті қоғамға лайықты тұлғаны қалыптастыру және мектепке баланы дайындау.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы, Алматы-1981 жыл
2. Бала тәрбиесі. 2006ж.
3. Сатыбаев С. Халық әдебиетінің тарихы негіздері. Алматы, 1992ж.
4. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 арналған мемлекеттік бағдарламасы - Астана, 2011.
5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» білім стандарты – Астана, 2012
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – Астана, 2009



Бизбаева Гулаим Зайнуловна

Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Ш.Қалдаяков ауылы
«Бөбек» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі,
санаты жоғары

ЗАМАНАУИ БАЛА – ҚАНДАЙ БАЛА?

Қазіргі заманғы баланың осыдан ондаған жылдар бұрынғы құрдастарына ұқсамайтындығы аян. Ол баланың табиғатының немесе оның даму заңдылықтарының өзгергендігінен емес, өмірдің, пәндік және әлеуметтік әлемнің, ересектер мен балалардың қажеттілігінің, отбасындағы тәрбие моделінің, балабақшаның педагогикалық талаптарының түбегейлі өзгергендігінен. Әлеуметтік әлемнің өзгеруі психологиялық өзгерістерге әкеліп соқты. Психологтардың мәліметтері бойынша, қазіргі таңда жеті жастағы балалар мен жасөспірімдердің дағдарысының басталуы өзгеріске ұшырады. Өткен ғасыр балаларының дағдарысы мектепке барар алдында (балабақшаның дайындық тобында) өткен болса, қазіргі кезде мектеп жасындағы оқушыларда (жеті-сегіз жас) өтетін болды. Мұның өзі бастауыш мектептің оқыту әдістемесін қайта қарауды талап етеді. Қыз балалардың пубертаттық (жыныстық) дағдарысы енді үш жылға, ал ұлдарда төрт жылға кеш өтеді. Қазіргі таңда балалар постиндустриялық ақпараттық қоғам аясында өсіп, дамиды. Дүниеге келген мезеттен бастап-ақ олар замануи жоғары технологиялық жетістіктермен бетпе-бет кездеседі.

Барлық техникалық жаңалықтар (компьютерлік ойындар, интерактивтік ойыншықтар және мұражай жәдігерлері, жарнамалық роликтер және кинематография жаңалықтары) өсіп келе жатқан жас ұрпақтың тұрмыстық кеңістігіне айналады. Техникалық прогресс бала психикасына қалай әсер етеді? Замануи бала - қан-

дай бала? Мектепке дейінгі мекемелер педагогтары өз бақылаулары нәтижесінде замануи баланың портретін «бейнеледі»: дамыған, танымпаз, ақылды, эрудитті, еркін, импульсивті, көңілшек, ызақор, кекшіл, озбыр, төбелеске дайын тұратын, қызғаншақ, агрессивті, тек теледидар тәрбиесіне еліктегіш. Қазіргі балалар ақпараттан кенде емес. Олар «ересектер» тақырыбына пікірлеседі, телешоуларды, сериалдарды тамашалайды, сюжеттік тізбектердің қырсырына қанық, кейіпкерлермен болған жағдайларды жақсы есте сақтайды және ересектерге, ата-аналарына тиянақты, егжей-тегжейлі жеткізе алады. Мектепке дейінгі жастағы балалар кейде күтпеген шешім қабылдайды, ересектерше ой түйіп, тұжырым жасайды. Осыған байланысты ересектер замануи балалардың мезгілінен бұрын, жасына жетпей есейетіндігі туралы ойлана бастады. Біздің ойымызша, өкінішке орай бұл мәселе туралы тәжірибе жоқ. Балалардың ақпаратқа қанықтығының кері әсері де бар. Замануи балалар өз ой-өрісінің және ақыл-ой қабілеттерінің дамуы жағынан өз жасынан озып кетті деп айтуға болмайды. Тіпті, қазіргі кезде денсаулығындағы ауытқушылықтарға байланысты көптеген балалар психикалық және тілдік дамуынан тежелуде. Бес жасар балалардың көбі логопедтің көмегіне зәру. Замануи бала көп сөйлейді (егер сөйлей алатын болса), бірақ сөйлеу тілі нашар. Осыған орай, педагогтар қатты қобалжуда. Оқу және тәрбиесі бағдарламасын орындау көрсеткіштерінің ең төмені көбінесе

«Тіл дамыту» тарауына қатысты. Тек «Қатынастық тіл» тарауы ғана емес, сонымен қатар «Сөздік» те зардап шегуде. Балалардың ақпаратқа қанықтығы олардың сөздік қорының толығына әкелмейді. ЮНЕ-СКО мәліметтері бойынша 3-5 жастағы заманауи балалардың 93% аптаның 28 сағатын теледидар алдында өткізеді. Атақты психолог Е.О. Смирнованың теледидар қараудың балалардың психикалық дамуына әсері туралы тұжырымдары көңіл көншітерліктей емес. Балабақша балаларын бақылау балабақшада «орташалардың» жоғалғандығын, үлгерушілер мен үлгермеушілерге, оқу бағдарламасын игерушілер мен игермеушілерге бөлінетіндігін көрсетті. Заманауи балалар сабаққа зейінін шоғырландыра алмайды, ойы шашыраңқы, қызығушылық танытпайды. Олар үнемі, тынымсыз қозғалыста болғанды ұнатады, оларды бір жерде ұстап отыру өте қиын. Қазіргі бала бір мезгілде ертегі тыңдай отырып, құрастыру ойындарын ойнай алады. Жас ұрпақ жарнама және музыкалық роликтермен қаныққан «клиптік санаға» ие. Баланың тұлғалық дамуы әр кезде оның еліктейтін кейіпкерлеріне тығыз байланысты болады. Бірақ, қазіргі кезде мәдени кеңістіктегі кітаптар мен мультфильмдер кейіпкерлері мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналары, ата-әжелері білетін бұрынғы әдемі, мейірімді, қайырымды, достықты бағалай білетін, сүйіспеншілікке толы кейіпкерлерден өзгеше. Көбінесе, қазіргі мектепке дейінгі жастағы балалардың еліктейтін кейіпкерлері батыстық мультфильмдердегі «супер» кейіпкерлер және олар балаларды рухани құндылықтармен байыта алады деп айту орынсыз. Қазіргі таңдағы балалардың қиялдау қабілеті, шығармашылық белсенділігі төмен. Балалар батырманы басып тез ала салатын дайын нәтижеге қол жеткізгісі келеді. Қазіргі заманауи балалар теледидарды, электронды және компьютерлік ойындарды жетік меңгеріп, техниканы жетік білгенімен, құрастыру қабілеті жағынан бұрынғы заманның балаларынан озып кете қойған жоқ. Қазіргі бала, әсіресе қала баласы табиғаттан, қоршаған ортадан қол үзген. Табиғи балалық

«аула» қоғамы жоғалған: бала аулаға шығып ойнамайды, құрдастарымен қарым-қатынасы сирек. Баланың дамуында басты орын алатын ойын мәдениеті бұрмаланған.

Заманауи бала өмірінен сюжеттік-рөлдік ойындардың «алынып тасталуы» маңызды мәселе және үлкен алаңдатушылық туғызуда. 6-7 жастағы балалардың сюжеттік-рөлдік ойындарын экспериментті зерттеу Д.Б.Эль-конин бойынша ойын дамудың ең жоғары деңгейіне жеткізе алмайтындығын көрсетті. Демек, мектеп уәждемесі, жоспарлай білу қабілеті, құрдастарымен қатынас жасай білу деңгейі қажетті деңгейде қалыптаспайды. Осыдан шығатын нәтиже – бастауыш сыныпта оқуға дайындық көрсеткіші төмен. Қазіргі баланың психикалық және тұлғалық өзгерістеріне әсер ететін факторлардың ішінде Д.И. Фельдштейн қоғам бағытын, балалардың қажеттілігін, тұтынушылығын, маргиналдануды, балалар тәртібіндегі ауытқушылықтың өсуін, ата-аналардың баланың дербестігіне шектеу қоюын атайды. Нәтижесінде антидепрессанттармен емделетін аурулардың «жасаруы», мазасыздық пен агрессивтіліктің өсуі, тәртіпті бақылаудың төмендеуі және тәуелділіктің пайда болуы орын алды. Зерттеулер анықтағандай, мұның бәрі «отбасылық сәтсіздіктерді мұраға алудан», яғни ата-анасының отбасылық және кәсіби сәтсіздіктеріне баланың да бірге күйзелуінен, бұл күйзелістердің баланың күнделікті өміріне енуінен болады.

Соңғы жылдар зерттеулерін қорытындылай келе, академик Д.И. Фельдштейн заманауи балалардағы маңызды өзгерістер шеңберін белгіледі:

мектепке дейінгі жастағы балалардың когнитивтік дамуының күрт төмендеуі;

эмоционалдық жайсыздықтың өсуі және белсенді іс-әрекетке құлшыныстың төмендеуі;

бала өмірінен сюжеттік-рөлдік ойындардың алынып тасталуы, соның салдарынан кіндік пен уәждемелік-қажеттілік аясының тарылуы;

мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдылығы мен қиялының төмендеуі, ішкі іс-әрекет жоспарының дамымауы;

ұсақ моториканың жеткілікті қалып-

таспауы, демек мектепке дейінгі жастағы балалардағы графикалық дағдылар мен құрылымының, оның ішінде еркіндікке жауап беретін бөлігінің дамымағандығын көрсетеді;

шешім қабылдаудағы әлеуметтік құзіреттілігінің және дербестігінің айтарлықтай төмендеуі; «экрандық» тәуелділіктің өсуі;

құрдастарымен қатынастың шектелуі, жалғыздық сезімінің пайда болуы, өзіне деген сенімсіздік;

эмоционалды мәселелері бар балалар санының артуы;

жасөспірімдердегі назар аудару мен ақпаратты бағалау, жұмыстық жады көлемінің азаюы;

дене бітімінің әлсіздігі және бұлшық ет күшінің төмендеуі;

психикалық аурулардың негізгі түрлерінің әр 10 жыл сайын 10-15% -ға өсуі;

денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалар санының өсуі;

дарынды балалар санының өсуі. Сонымен, қазіргі мектеп жасына дейінгі балалар бұрынғыға қарағанда қарама-қайшы. Жеке ерекшеліктерінің пайда болу өрісі айқын. Мектепке дейінгі жастағы заманауи баланың басты проблемасы – ол баланың даму ортасының мәдениеті, оның жадысының зор әлеуетін пайдалану осы жаста аса қажет сүйіспеншілікке, жан жылуына негізделген тұлғалық қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Нәтижесінде оның дербестігінің және бастамалық қабілетінің дамуы, еркіндігі,

шығармашылық әлеуетінің, қиялының қалыптасуы зардап шегеді. Сондықтан мектепке дейінгі жастағы балалардың тәрбиесінің негізгі міндеті баланың құрдастарымен ойнауы, әртүрлі танымдық шешімдерді қабылдауда басқа балалармен ынтымақтастығы, танымдық бастамасының пайда болуы, өзіндік қызығу-шылық құмарлығын қанағаттандыру, өзіндік қиялын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасайтын шарттарды сақтау (және/немесе қалпына келтіру) болып табылады. Осының негізінде бала тәжірибе жасайды, қиялдайды, пікір алысады, адамдармен қарым-қатынас жасап үйренеді, ұжымда өз орнын тауып, басқаларға аяушылық сезімі оянады, өзіне және өзгелерге қамқорлық танытуға тырысады.

Бүгінгі таңда әр баланың психикалық және дене денсаулығына көңіл бөліп, қамқорлықты қамтамасыз ету аса маңызды. Ол үшін балабақша мен отбасы бірлесіп баланың эмоционалдық жай күйін, психологиялық ахуалын жақсартуы тиіс. Бала өз өмірінің ең қиын да жауапкершілігі мол балалық кезеңінде өзін толыққанды және жайлы сезініп, қуанышты өткізуін қамтамасыз ету қажет. Осы шақта, яғни «осы сәтте және осы жерде» Болашақ Адамы тұлғасының негізі қаланады. Егер біз, ересектер, бұған мән бермесек, болашақтың жарқын болуы екіталай және ешнәрсеге сенім артуға болмайды.

Әдебиеттер тізімі:

«Жаңалықтар әлемі» мектепке дейінгі білімнің негізгі жалпы білім беру бағдарламасына арналған әдістемелік ұсыныстар материалдары бойынша. // Ғылыми жетекші Петерсон Л.Г. / Петерсон Л.Г., Лыкова И.А. жалпы редакторлығы – М.: Түрлі түсті әлем, 2012.




Аушева Инна Сергеевна
Карагандинская область, г. Шахтинск
КГКП «ясли-сад «Снегурочка», Логопед

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В ДО

Образование должно быть доступным для всех детей, вне зависимости от их особенностей и возможностей. Обучение должно быть гибким и адаптированным для каждого ребенка. Только двое из десяти детей с ограниченными возможностями здоровья учатся в школе. Инклюзивное

образование - шанс на достойное будущее. **Задача педагогов ДО дать каждому ребенку с ООП в своей организации, шанс на достойное будущее. Ведь как говорил Львов Лев Васильевич кандидат биологических наук «Вмешаемся в проблему раньше, чем она вмешается в счастье ребенка».**



В центре модели ребенок с ооп, ребенок, которому нужно немного больше тепла и помощи, которую он получает от специалистов и педагогов ДО: логопеда, воспитателей, психолога, музыкального руководителя, спортивного инструктора. Данная поддержка осуществляется через сопровождение

Сопровождение – это не единовременная помощь, а долговременная поддержка

ребенка, в основе которой лежит четкая организация, **направленная** на выбор варианта решения его актуальных проблем.

Для коррекции развития **детей**, в нашем саду существует служба **сопровождения**. В которую входят: администрация, медицинский работник, родители, педагоги ДО. Со стороны администрации - создание «безбарьерной пространственной среды»:

тактильные дорожки, наличие пандуса при входе в ДО, кнопки вызова, не скользкие покрытия пола. Медицинские работники отслеживают показатели здоровья ребенка и его физического развития. Воспитатели и специалисты организуют коррекционно-развивающую работу.

КГКП я/с «Снегурочка» посещают дети с особыми образовательными потребностями: 1 ребенок с НОДА, 13 детей с нарушениями речи: 5 - **ОНР** – I-II, 8 - **ОНР** – III. Для данных детей характерна постоянная полная интеграция – это когда дети с ООП находятся с типично развивающимися детьми ДО, т.к. уровень психофизического развития соответствует или приближен к возрастной норме, готовы к совместному со здоровыми сверстниками обучению. ПМПк выявили и установили статус ребенка с ограниченными возможностями, определили вид программы обучения. Далее в детском саду организовывается психолого-медико-педагогический консилиум, в состав которого входят следующие специалисты: медицинский работник, логопед, дефектолог и воспитатель группы данного ребенка. Для работы консилиума необходимо разработать и утвердить положение и план работы. Заседания ПМПк разделяются на плановые и внеплановые. Периодичность ПМПк определяется реальным запросом дошкольной организации, но не реже 3 раза в год, но их может быть 4 или 5.

В детском саду проводится обследование каждым специалистом

ПМПк индивидуально, с учетом реальной возрастной психофизической нагрузки на ребенка. На заседание ПМПк предоставляется следующая документация:

- характеристика психолога, логопеда, воспитателя, составленная по результатам обследования ребенка;

- осуществляется запись воспитанника в журнал ПМПк. Обязательно ознакомить с характеристикой родителей.

По данным обследования составляется индивидуально-развивающая программа, за основу взяли методическое пособие детского сада «Снегурочка» «Учебная программа по индивидуальному сопровождению детей дошкольного возраста 3-6 лет». С данным пособием детский сад успешно работает с 2013 года, когда еще не было введено инклюзивное образование в детских садах. На первом этапе заполняются паспортные данные на ребенка с ООП, для этого необходимо заполнить 5 разделов программы.

Первый раздел «Сведения социального характера» включает анкету для заполнения воспитателем.

Второй раздел «Состояние здоровья ребенка» заполняется медицинским работником ДО.

Третий раздел «Психолого-педагогический статус воспитанника» заполняется психологом, логопедом и воспитателем группы.

Для удобства заполнения предлагается таблица, где можно отследить показатели, в течение всего учебного года.

Психолого-педагогическая информация о ребенке				
Характеристики	Данные на начало года	Данные промежуточного анализа	Данные на конец года	Рекомендации

Четвертый раздел «Физкультурно-оздоровительная деятельность», заполняется спортивным инструктором.

Пятый раздел «Общая характеристика

воспитанника и рекомендации» заполняется воспитателем группы на основе коллегиального заключения и рекомендаций специалистов сопровождения.

Это пример индивидуального учебного плана сопровождения на ребенка ООП.
 Фамилия, имя ребенка _____
 Возраст _____

Месяц	Задачи	Содержание	Уровни
	Физическое развитие Ответственный – инструктор по физической культуре		
	Интеллектуальное развитие Ответственный - психолог		
	Формирование продуктивных видов деятельности Ответственный – педагог по художественной деятельности		
	Формирование продуктивных видов деятельности Ответственный - воспитатель		
	Формирование продуктивных видов деятельности Ответственный – музыкальный руководитель		
	Речевое развитие Ответственный - логопед		
	Здоровье Ответственные - медсестра		
	Қазақ тілі Жауапты – қазақ тілі мұғалімі		

В методическом пособии все графы заполнены и у специалистам не возникнет затруднения для их заполнения. В графе задачи расписывается пошаговое содержание работы над достижением основной цели. В графе содержание прописывается содержание коррекционной работы в форме дидактических игр или упражнений. В графе уровни отмечается успешность в выполнении программы:

- «+» - цель выполнена, навык сформирован;
- «-» - навык не сформирован;
- «v» - навык начинает формироваться.

Вся работа специалистов отражается в циклограмме рабочей недели, где в графе индивидуальная работа с детьми ООП, специалист указывает над чем он будет работать.

В процессе продвижения по индивидуальному образовательному маршруту воспитатель, специалист может изменять свой учебный план. Например: переходить с базового уровня на углубленный или наоборот, добавлять в индивидуальный план какие – либо игры, упражнения. Чтобы образовательный маршрут был пройден, необходима систематическая работа

педагога. В чем плюс данного пособия, то, что весь материал собран в один сборник, и нам не нужно использовать картотеку или какие либо сборники. Подобран диагностический материал в картинном виде каждым специалистом, для каждой возрастной группы.

Специалисты, воспитатель заполнили ИРП, и начинается работа, над устранением западающих зон у детей с ООП. Психолог проводит комплексную психолого- педагогическую помощь детям с ООП, работает над снятием тревожности, мышечного напряжения, развитием волевых качеств и т.д. Музыкальный руководитель развивает фонематический слух, дикцию, высоту и силу голоса, формирует неречевые функции и т.д.. Спортивный инструктор - развивает двигательную активность, совершенствует моторные навыки, работает над правильным выдохом. В работе с детьми НОДА – следит за дозированием нагрузок, осуществляет контроль за противопоказанием к применению тех или иных приемов, использует различные ортопедические приспособления для ходьбы, коррекции положения рук и пальцев. Логопед –



устраняет дефекты звукопроизношения, развивает фонематический слух, развивает фразовую, связную речь. Каждый специалист строго следит за соблюдением общего двигательного режима, выбором индивидуального темпа обучения.

Воспитатель – закрепляет приобретенные знания детей, с помощью папки взаимодействия, отрабатывает западающие зоны не только в учебной деятельности, но и в самообслуживании и игровой деятельности. В циклограмму рабочей недели воспитатель прописывает во все режимные моменты индивидуальную работу с детьми ООП. Прописывает все западающие моменты: отработываем цвет, форму, одевание на прогулку, во время завтрака – умение

пользоваться столовыми приборами и т.д.

Каждый понедельник специалист приносит задания воспитателю и вкладывает его в папку взаимодействия со специалистами. По этим заданиям воспитатель планирует работу с детьми ООП на неделю.

Благодаря индивидуальному сопровождению всех специалистов, запущенного единого механизма и скрупулезной работе: из 8 детей с ООП в этом году 7 детей адекватно усваивают учебную программу в ОСШ, наравне с типично-развивающимися сверстниками, и дополнительно не посещают логопеда или дефектолога. 1 ребенок продолжил посещать детский сад – по желанию родителей. Заключение ПМПК – ребенок готов к школьному обучению.

Список литературы:

1. Шипицына Л.М., Хилько А.А., Галлямова Ю.С., Демьянчук Р.В., Яковлева Н.Н. Комплексное сопровождение детей дошкольного возраста/ Под науч.ред. проф. Л.М. Шипицыной.-СПб.: Речь.2003.
2. Слободняк Н.П. Психологическая помощь школьникам с проблемами в обучении.- М.: Айрис-пресс, 2003.
3. Педагогические системы обучения и воспитания детей с отклонениями в развитии. Н.Ю.Борякова. АСТ, Астрель; М.; 2008
4. Педагогические технологии воспитательной работы в специальных (коррекционных) школах. Коллектив авторов. Владос; Москва; 2009
5. Интернет ресурсы



Алмасова Жадыра Алтынбекқызы

Қызылорда қаласы

КМҚК «Алпамыс» бөбекжай бақшасы тәрбиешісі

ЗАМАНҒА САЙ БОЛҒЫҢ КЕЛСЕ – ЖАҢАЛЫҚТАН ҚҰР ҚАЛМА

Білім - инемен құдық қазғандай, деген мақал босқа айтылмаған. Егерде білім шыңына шыққың келсе күнде ізденіс үстінде жүріп, жаңалықтан құр қалмау керек. Қазір ХХІ- ғасыр, бұл ғасыр ақпараттық технологияны жетік меңгеруді қажет ететін дәуір. Себебі, өзге ұлттардың барлығы осы ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктеріне байланысты күнде жаңалық еңгізуде. Егерде дамыған елдердің қатарынан көрінгіміз келсе, ең алдымен заман талабына сай болуымыз шарт. Бұл біздегі басты мәселе. Жәнеде қазіргі ұрпақ, өткен ұрпаққа еш ұқсамайды, бұл ғасырдың балалары альфа ұрпақтары- яғни ақылды, зерек, алғыр балалар. Бұл ұрпақтың балалары сандық әлемді еркін меңгеруге қабілетті. Сол себепті альфа ұрпақтарына қажетті білім мен тәрбие беру біздің басты мақсатымыз. Білімнің алғашқы іргетасы бастауыш сыныптан басталады дейтін, ал қазір балабақшадан қалануы керектігіне көзіміз әбден жетті. Ғалымдардың зерттеулері бойынша білімнің алғашқы негізін 6 жасқа дейін үйреткен дұрыс. Сол жастағы балалардың қабылдауы басқаға қарағанда жылдам, әрі ұзақ сақталынады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда әрбір оқу қызметінде, вариативтік бөлімдерде, іс- шараларда инновациялық ақпараттық технологияларды қолдану арқылы балалардың сандық әлемді еркін меңгеруіне жол ашамыз. Күннің екінші жартысындағы вариативтік компонентке «Сиқырлы қалам» деген атпен флипчарт ойындарын жоспарлауға болады. Интер- белсенді тақтада орындалатын флипчарт

ойындарының мақсаты - балалар ақпараттық технологиялардың қарапайым мүмкіндіктерін пайдаланады, интербелсенді тақтамен жұмыс жасайды, заманауи құралдарға қызығушылықтары артады. Бұл кезде балалар интербелсенді тақтада, флипчарт бағдарламасы арқылы, балалар еркін жұмыстар жасай алады, флипчарт тақтасында қажетті құралдарды пайдалану арқылы, түстер политрасын таңдап сурет салып, маркерді таңдау арқылы бояп, қажетсіз суретті арнайы өшіргішпен өшіріп, қаламсаппен есептер шығарып, жазып, пішіндерден қажетті бөліктерін құрастырып, басқада қызықты ойын түрлерін жасай алады. «Сиқырлы қалам» үйірмесінде ең алғашқы тақырып интербелсенді тақтамен танысып, қаламды дұрыс ұстау ережелерін меңгереді. Одан кейінгі тақырып түстер политрасындағы түстермен танысып, ол түстерді орнымен қолдану ережелерін меңгереді. Қаламсапты таңдап, жазып немесе есеп шығарып қалаған суреттерін салады. Дұрыс болмаған жағдайда қажетсіз бөліктерін өшіргіштің көмегі арқылы өшіріп тастап отырады. Маркердің көмегі арқылы қажетті суреттерді бояйды. Сондай бір флипчарттың жұмыс түрі: «21- ғасыр бүлдіршіндері» деп аталатын интеллектуалды командалық сайысы.

«21-ғасыр бүлдіршіндері» сайысының мақсаты: Балалар заманауи құралдармен жұмыс жасай алуға тәрбиеленеді. Флипчарттың құралдарымен тапсырмаларды орындайды. Ақпараттық технологиялардың қарапайым мүмкіндіктерін игереді.

Сайыс ережесі: Сайыс кезеңінде,

флипчарт тақтасында 8- ұяшық беріледі. Әрбір ұяшықтың ішінде түрлі тапсырмалар берілген. (Альфа ұрпақтары және вундеркиндтер топтары) екі командадағы балалар әріптер жазылған ұяшықтарды кезек- кезек таңдайды, және тапсырмасын орындайды. Сайыс басында қай топтағы жанкүйерлер саны көп болса, сол топ бастайды. Сайысты қазылар алқасы бақылап, өз бағасын береді.

Флипчарт тапсырмалар:

1. Қыс мезгілінің суретін сал. (Флипчарт тақтасынан-қаламды, маркерді, түстер политрасын таңдау арқылы) 2. Есепті шығарып, сәйкес түстерімен боя. (Бояу құйғышпен түстер политрасы арқылы)

3. Тышқанды ірімшігіне жеткіз. (Қаламмен, өшіргішпен жұмыс) 4. Сандарды ретімен орналастыр. (Меңзеуіштің көмегі арқылы) 5. Қатесіз сөздерді жаз (Қаламмен түстер политрасы) 6. Пішіндерден жүк көлігін құрастыр. (Пішіндер, дувликать жасау және бояу құйғышпен түстер политрасы арқылы) 7. 10 айырмашылығын тап. (Қаламмен қоршау) 8. Бояуды өшіріп, сөзді оқы (Өшіргіш, меңзеуіш арқылы)

Қорытынды кезеңде:

1. Қазылар алқасы ұяшықтарға балалардың тапсырманы орындағаны бойынша қорытынды жасап, шыққан сандарды есептейді.

2. Жеңімпаз топты атап, марапаттайды.

Бұл ұйымдастырылған жұмыс түрі жарты жылдықты қорытындылау мақсатында және балалардың интербелсенді тақтамен және қаламмен жұмыс жасау мүмкіндіктерін байқау мақсатында жасалынып отыр. Жарты жыл ішінде балалар флипчарт ойындарына арналған тапсырмаларды жоғары деңгейде орындап, құралдар панеліндегі әр құралдың мүмкіншілігін толық түсініп және олармен еркін жұмыстар жасай алды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы.;

2. Ақпараттық технологияларды сабақта қолдану М.Ғалымжанова Информатика негіздері. №3, 2006 ж.;

3. Отбасы және балабақша журналы. Тәрбиеші журналы. Бала тәрбиесі журналы.;

4. Балабақша меңгерушісі мен әдіскері журналы.

Бұл құралдар панелінен бөлек, флипчарт тақтаның мүмкіндіктері өте көп. Кез келген суретті лупа арқылы қарауға, қозғалмалы видеолар жасауға, колейдоскоп құруға және көптеген тапсырмалар мен ойындар жасауға мүмкіндіктер жеткілікті.

Сонымен қатар ақпараттық технологияларменде түрлі жұмыстар жасауға болады. Ашық оқу қызметтерінде балаларға ноутбуктар беріп, оларға сол тақырыпқа байланысты тапсырма беретін болса, бала оған міндетті түрде қызығады. Әрбір оқу қызметінде видеороликтер, мультфильмдер, және презентациялар дайындау оқу қызметін аша түседі. Кез- келген видеокөріністегі кейіпкерлерді монтаждау арқылы басқа дыбыстар жазып, тақыптарға сай өзгертуге болады.

Қорытынды:

Балалар заман талабына сай ақпараттық технологиялардың қарапайым мүмкіндіктерін пайдаланады, және интербелсенді тақтамен жұмысты орындай алады. Бұл тапсырмалар балаларға қызықты болады, себебі олар сенсорлық құралдармен жұмыс жасауды ұнатады. Бұл қарапайым флипчарт ойындары арқылы балалар жаттығып, есейгенде компьютер тілін еркін меңгеріп, информатика әлемін түсіне алады. Ақпараттық технологияларды балабақшадан қолдану арқылы ерекше қызығушылық жинап, болашақта бұл балалардан дарынды компьютер бағдарламашылары, және информатика мамандары мен кибернетиктер шығатынына сенеміз.

Жүргізілген жұмыс нәтижесінде: 1. Ақпараттық технологиялардың қарапайым мүмкіндіктерін пайдалана алады. 2. Флипчарт бағдарламасының тапсырмаларын орындайды. 3. Заманауи құралдарды пайдалану мүмкіндігі мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастап қалыптасады.



Набикулова Фарида Жанатайқызы

Тараз қаласы

№2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасының әдіскері

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ – ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖЕТІСТІКТІҢ КЕПІЛІ

Аңдатпа. Мектепке дейінгі білім берудің рөлі бүгінгі қоғамда күн санап артып келеді. Осыдан 10-20 жыл бұрынғы уақытпен салыстырғанда бала-бақшаға баратын балалардың саны едәуір көп. Мақалада мектепке дейінгі білім берудің тәрбиеленушінің мінез-құлқына, коммуникативтік, зияткерлік қабілеттеріне әсері, сондай-ақ мекемелердің ұлттық, патриоттық тәрбие берудегі орны талқыланады.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі білім беру, бала-бақша, мінез-құлық, баланың коммуникативтік қабілеті, зияткерлік қабілеті, ұлттық және патриоттық тәрбие.

Мектепке дейін білім беру жалпы білім беру үрдісіндегі маңызды бастапқы қадамдардың біріне айналып үлгерді. Соңғы 10-20 жылда бала-бақшалардың мемлекет тарапынан қолдауға ие болып, көптеп салынуы тәрбиеленушілер санының өсуіне алып келгені сөзсіз. Тараз қаласының өзінде жекеменшіктерін есепке алмағанда 45 мемлекеттік бөбекжай-бақша бар. Бұл көрсеткіш тәуелсіздік алған жылдармен салыстырғанда әлдеқайда көп. Бұл – бала-бақша санының өсуін ғана емес, осы салада қызмет ететін педагог мамандардың көбейгенін де білдіреді. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қызмет ететін жастар – заманауи талаптарға сай саладағы соңғы жаңалықтардан хабардар, өз жұмысында технологияны еркін қолдана алатын, білім беру саласындағы соңғы трендтерді тәжірибеде жүзеге асыруға біліктілігі жеткілікті кәсіби мамандар. Педагог мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындарына деген талап жыл санап күшейіп келеді, бұл, өз кезегінде үздік ұстаздардың еңбекнарығына келуіне септігін тигізбек. Осы мамандардың мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде бүлдіршіндерді

тәрбиелеуде, оларды жан-жақты дамытып, жаңа дағдыларды үйретуде рөлі орасан. Бала-бақша мекемелері тәрбиеленушілердің мінез-құлқына, коммуникативтік, зияткерлік қабілеттеріне әсер етіп қана қоймай, оларға ұлттық, патриоттық тәрбие берудегі мүмкіндіктерін көрсетіп келеді.

Саланы зерттеуші ғалымдар Dewar (2015), Loeb (2007) және Barnett (2008) өз еңбектерінде мектепке дейінгі білім берудің баланың коммуникативтік қабілетіне және мінез-құлқына жағымды әсерін атап көрсетті. Бұл, әсіресе отбасында жалғыз тәрбиеленетін балаларда айқын байқалады. Балалар бала-бақшада өзгелермен бірге ойнау арқылы қарым-қатынас құрып үйренеді. Ал тәрбиеленушінің коммуникативтік қабілетін одан әрі арттыру үшін педагог мамандар арнайы методикалық шараларды қолданады. Бұл жерде достық қарым-қатынасты орната білу маңызды. Бүлдіршінге кішкентайынан айналасындағылармен дұрыс қарым-қатынас құра білудің маңыздылығын үйрету – мектеп немесе жоғары оқу орны секілді жаңа ортада оның тез бейімделуіне кепіл болмақ.

Бала-бақшада тәрбиеленушіні мектеп

бағдарламасына дайындайтын сауат ашу сабақтары әр түрлі жаста енгізіледі. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы баланың қабілетіне сай түрлі деңгейде меңгеріледі. Десе де, бала-бақшада еркін, ойын форматында өтетін сабақтар бала есінде ұзаққа қалары сөзсіз. Сол себепті де дәл осы бала-бақшада баланың зияткерлік мүмкіндіктерін қалыптастырып, қабілетін арттыру барынша тиімді жүргізілуі тиіс. Бұл оның алдағы білім алу процессінде үздіктер қатарынан табылуына көмектеседі. Тәрбиеленушінің білім алу қабілетін дамыту маңызды басымдықтардың бірі болғанымен, әр бүлдіршіннің даму ерекшеліктері мен жеке қабілеттері ескерілгені жөн. Педагог сабақ барысында топтағы балалардың деңгейі мен мүмкіндіктерін әрдайым бақылап отыруы шарт.

Бүлдіршіндер бойына ұлттық құндылықтарды дәріптеу – бүгінгі Қазақстан бала-бақшаларында кеңінен жүзеге асып жүрген тәжірибелердің бірі. Елбасының

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет» екенін айтады. Осы тұста біздің педагог ретіндегі міндетіміз – білуге, үйренуге ұмтылған жас буынға дұрыс бағыт-бағдар көрсетіп, болашаққа нық қадам жасауының алғышарттарын қалыптастыру. Бұл жолда салт-дәстүрді жаңғыртып, туған тілге деген сүйіспеншілік пен құрметті қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін тәрбие жұмысын жүргізудің маңыздылығы артпақ. Себебі, Қазақстанның болашақ ұрпағы бүгін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қызмет ететін педагогтардың қолында. Әр маман осы ретте мойнына артылған жауапкершілік пен қоғамдағы аса маңызды рөлін жіті түсінуге тырысса керек. Бүгінгі білім беру бағдарламасына енген ұлттық тәрбиенің элементтері ертеңгі азаматтардың бойынан көрініс табары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұрсұлтан Назарбаев, 2017, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы;
2. Kseniia Mykhailytska, 2016, Is Kindergarten a Good or Bad Idea? The Effects of Preschool on Children's Social, Behavioral, and Cognitive Development, Munich, GRIN.



Максяткина Татьяна Анатольевна

Карагандинская область г. Шахтинск,
педагог - психолог КГКП «Ясли - сад «Снегурочка»

ЭТАПЫ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ ИННОВАЦИОННОЙ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Меняющаяся социальная и политическая среда оказывают влияние на все институты жизни и, прежде всего, на образование и культуру. Меняются целевые установки жизнедеятельности, соответственно происходят изменения в образовательных системах. Прежние подходы, дающие положительные результаты при обычном ритме работы дошкольной организации, не позволяют достичь желаемых целей, актуальных для сегодняшнего дня. Нужны новые подходы, которые предусматривают организацию работы детского сада в инновационном режиме. Закон «Об Образовании» и ГОСДВО нацеливают коллектив на проведение активных инновационных преобразований в дошкольной организации.

Инновационная деятельность в настоящее время является неотъемлемой составляющей образовательной деятельности детского сада, если детский сад работает в режиме развития и учитывает потребности социума и направления государственной политики в сфере дошкольного образования.

В детском саду «Снегурочка» разработана Стратегия развития КГКП ясли – сада «Снегурочка» города Шахтинска на 2016-2019 годы, главным направлением которой является - оптимизация процесса развития интеллектуальных и творческих способностей детей дошкольного возраста. Для оптимизации развития способностей детей нужны новые подходы, т.е. инновации, и педагог - психолог может

внести свой вклад – создать условия для развития инновационной педагогической деятельности. Необходимость психологической поддержки в инновационной педагогической деятельности заключается и в том, что коллектив педагогов неоднороден: одни стремятся к творчеству и не хотят работать по накатанной, все время что-то придумывают, подсказывают, предлагают, другие – добросовестно выполняют свою работу, но не проявляют особой инициативы, и третьи, которые не хотят работать творчески, не имеют к этому способностей. При этом необходимы и особые управленческие действия руководителя по подготовке дошкольной организации к работе в режиме развития. Из всего этого можно сделать вывод - необходима психологическая поддержка инновационной деятельности педагогов, чтобы смоделировать комплекс психологических услуг в плане поддержки и сопровождения инновационной деятельности педагогов для эффективности инновационной деятельности в дошкольной организации. Это поможет снять психологические барьеры у воспитателей, повысить внутреннюю мотивацию к инновационной работе и может возрасти инновационная эффективность и активность. На начальном этапе проводится создание диагностического инструментария, разработка критериев эффективности инновационной деятельности, проведение стартовой диагностической процедуры. А также обучение педагогов дополнительным

компетенциям в области инновационной педагогической деятельности.

В нашем детском саду проводятся мастер – классы, семинары – практикумы с элементами тренинга, через которые педагоги овладевают знаниями и понятиями в области проектного менеджмента, а также знакомятся со структурой проекта. Проводятся тренинги, задания по постановке целей, задач, преодоление психологических барьеров, всё, что обеспечивает достижение компетентности в проектной деятельности: научиться проектировать можно только погружаясь в реальный процесс разработки и реализации проекта. Проведённые мероприятия позволяют систематизировать представления о проектной деятельности, понять ценность проекта как инструмента нововведений, вызвать желание освоить этот новый вид творческой деятельности и применять его в своей профессиональной практике, так как проектирование - это новый вид деятельности, который требует и нового мышления, и специфических умений и навыков. Следующий этап психологического сопровождения инновационной педагогической деятельности - создание в детском саду рефлексивно – инновационной среды, которая является основой эффективных деловых коммуникаций, которые усиливают коммуникативные процессы, профессиональное общение, позволяют педагогам реальные положения дел в организации видеть и осмысливать проблемы, генерировать инновационные подходы. Если такая среда не создана в организации, то инновации возможны лишь те, которые приносятся в организацию извне. Рефлексивная среда полезна тем, что инновационные инициативы рождаются «снизу» и сопровождаются внутренней мотивацией, обеспечивает смысловую основу и «питательную среду» для проявле-

ния инновационных идей. Процессы в организации, методы работы, результаты работы превращаются в тему совместных критических размышлений. Рефлексивные встречи становятся «пространством для истины», пробуждают глуболежащие потенциалы людей, разрабатывают то, чему организация внутренне готова. Рефлексивная среда предполагает организацию групповой работы. Количество людей в группе 7-9 человек. По результатам всех групповых встреч собирается письменная информация, где подводятся итоги, создаётся «вееер инновационных возможностей», обобщаются все наработанные информации в рефлексивных мероприятиях. Далее, чтобы определить приоритетные направления инновационной деятельности детского сада, проводится итоговое мероприятие «Аукцион инновационных идей», целью которого является представления возможных направлений инновационной деятельности (вееер инновационных возможностей), обыгрываются - какие идеи больше получат карточек, всё подсчитывается. Затем на «Панораме» выступают 3 спикера, которые обобщают все идеи. После работы спикера идёт коллективное обсуждение инновационных возможностей: каждый воспитатель высказывает своё мнение об актуальности представленных идей, а также желательность самоопределяются.

Следует отметить, что конечным же результатом, ради которого создается данный продукт, являются желаемые изменения в уровне образованности воспитанников. Причем, как было сказано выше, следует иметь в виду вероятностный характер этого конечного результата.

Оценку результативности инновационных проектов проводится через критериальный диагностический аппарат, вовлекая в него воспитателей.

Критерии эффективности инновационной деятельности ДО

Критерии	Показатели	Инструментарий	Сроки
1. Критерий: Рост проф. компетенций педагогов результате инновационной деятельности	Наличие диагностического инструментария: пакет контрольно-диагностических анкет	Анкета «Восприимчивость педагога к новому»; Анкета «Мотивационная и информационная готовность педагогов к освоению новшеств»	Сентябрь Май
2. Критерий: Снижение данных по фазам «выгорания»	Методики, определяющие состояние «эмоционального выгорания»	Методика «Диагностика эмоционального выгорания личности» (В.В. Бойко)	Сентябрь Май
3. Критерий: Выявление уровня профессионально - педагогического мышления	Методики, определяющие уровень профессионально – педагогического мышления	В.Е. Клочко, О.М.Красноярцева «Развитие профессионального мышления»	Сентябрь Май
4. Критерий: Степень снижения антиинновационных барьеров у педагогов	Наличие методик по выявлению антиинновационных барьеров педагогов, препятствующие освоению инноваций	Анкета «Антиинновационные барьеры педагогов, препятствующие освоению инноваций»	Сентябрь Май
5. Критерий: Процентразработанности учебно-методического и научно-методического обеспечения инновационной деятельности в ДО	Наличие, разработанных в результате инновационной деятельности научно-методических материалов: методические пособия, методические рекомендации, практические пособия	Метод математической обработки	Сентябрь Май
6. Критерий: Качество профессионализма педагогов, полученных в результате инновационной деятельности	1. Степень вовлеченности педагогов ДО в инновационную деятельность. 2. Повышение профессиональной активности педагогов ДО	Метод математической обработки	Сентябрь Май

Успех инновационной деятельности зависит от многих факторов, важнейший из которых – качество управления инновациями. Но имеются факторы и причины, актуализирующие барьеры и защитные механизмы у педагогов, которые блокируют перемены в образовании. Субъектами сопротивления могут быть в целом коллектив детского сада, отдельно взятая личность и группа в различных их сочетаниях.

Сравнительные данные, препятствующие освоению инноваций в ясли-саду «Снегурочка» (%) за 2017-2019 гг.

Изучение психологических барьеров и защитных механизмов в инновационной педагогической деятельности имеет важное

значение для разработки стратегии их преодоления в зависимости от конкретной причины, их вызвавшей, для принятия управленческих решений в целях интенсификации инновационных процессов в ДО.[4] Для преодоления барьера, связанного с недостаточным уровнем профессиональной подготовленности, неумением педагогом осуществлять инновационную педагогическую деятельность, кроме просветительской, необходима стратегия, направленная на формирование профессиональных умений и компонентов инновационной педагогической деятельности.

Результаты инновационной деятельности ясли-сада «Снегурочка» (%) за 2017-2019 гг.

Список литературы:

1. Закон «Об Образовании РК».
2. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения, Астана, 2016г.
3. Надлер Дж., Хибино Ш. Как повысить личную эффективность.
4. Абасов З. Преодоление психологических барьеров в инновационной педагогической деятельности. Народное образование, Ж.: № 2/2009г.

**Жарылқап Айдана**

Арқалық қаласы
№6 А.Құнанбаев атындағы орта мектептің шағын орталық тәрбиешісі

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ТРИЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа. ТРИЗ – бұл объективті заңдылықтардың даму жүйесін зерделейтін және проблемалық шешу әдістемесін әзірлейтін ғылым. Техникалық шығармашылық әдістемесі өндірістегі интеллектуалдық өнімділікті жоғарылату үшін қажеттіліктен туындаған әдіс.

Кілт сөздер: ТРИЗ, объективті заңдылықтар, даму, жүйе, зерделейтін, проблемалық, әдістеме, ғылым, техникалық шығармашылық, өндіріс, интеллектуалдық, қажеттілік, әдіс.

Бала тәрбиесі әр уақытта үлкен мәселе болып саналады. Қазіргі жаңару кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу үрдісінде адам факторы және оны жандандыру, ел өмірінің барлық жақтарын жаңарту бала тәрбиесінің мәні мен оның проблемаларын күрделендіріп отыр. Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан ауқымды өзгерістер мен заманауи балабақшалар мен мектеп жасына дейінгі оқу мен тәрбие мәселелеріне зор көңіл бөлуде. Атап айтқанда, болашақ жеткіншектерімізді мектепке дайындауда олардың денсаулығын нығайту, адамгершілік, имандылық қасиетін, эстетикалық талғамын дамыту, қоршаған ортыны тану, ондағы құбылыстарды байқау, математиканың қарапайым түсінігін, тіл байлығы мен ойлау қабілетін жетілдіру және оның сапасын арттыру көзделіп отыр. Еліміздегі мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі мақсаты және міндеттері бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген бойында ұлттық сана мен психология қалыптасқан парасатты адамзат тәрбиелеп өсіру. Қазіргі заман талабына сай балабақшада оқу- тәрбие жұмысын жаңаша құруды қалап жүзеге асыруға болады. Әрине, ол мектепке дейінгі жастағы балалардың даму ерекшелігін

ескеріп, шаршатпай ойната отырып, тәрбие мен білім беруді қажет етеді. Неміс психологы В.Штерннің есептеуінше, бала сәби шағында «осыған керек болад-ау» деген ұғыммен білім мен тәрбие алмайды және шартты түрде ұмтылмайды. Үш жасқа дейін «өз жоспары» бойынша, бес –алты жасқа келгенде ғана үлкендердің қозғауымен жүретін есту процесіне саналы түрде қатысады. Ол кезде тәрбиелі жұмысты оның психикалық даму ерекшелігін ескере отырып жүргізілгені абзал. ТРИЗ- бұл объективті заңдылықтардың даму жүйесін зерделейтін және проблемалық шешу әдістемесін әзірлейтін ғылым. Техникалық шығармашылық әдістемесі өндірістегі интеллектуалдық өнімділікті жоғарылату үшін қажеттіліктен туындаған әдіс. Ол екі концепцияға сүйенеді. Бірінші жағдайда ерекше ойлайтын дарынды адамдарда шабыты келген кезде ойлап, табатын ерекше туынды. Бұл көбейтуге зерделеуге келмейді. Екінші жағдайда жасанды жүйенің өзгеруі адамның субъективті еркіне сүйене отырып жүргізілмейді, объективті заңдылықтаға сүйенеді. ТРИЗ жаңа ойларды нақты бір ғылымға айналдырады. Себебі ол, логикалық шешімдерге сүйенеді.

Триз технологиясының негізгі мақсаты: Техникалық амалдарды шешуге. Жүйелі ойлауға. Икемді ойды дамытуға.

Қайталанбайтын логикалық құрылым жасауға.

Қазіргі заман талабына сай тәрбиелеумен білім берудің негізгі мақсаты баланың шығармашыл, жеке бас болып дәстүрден тыс әр саладағы мәселелерді шешуге бейім әрекет ете алатын баланы тәрбиелеу болып табылады. Сол себепті оқытумен тәрбиелеуде дәстүрлі түсіндіру, көрсету әдісін қазіргі даму заңдылықтарын ескере отырып, жеке бастың дамуына бейімделген белсенді әрекет етуші технологияға ауыстыру уақыт талабы. Бұл талап тек мектепті ғана қамтып қойған жоқ, балабақшаны да қамтыды. Қазіргі мектепке дейінгі мекемелер жаңа технологияларға белсенді бейімделіп, араласып келеді. Мектепке дейінгі балалардың жасы, ерекше жас. Бұл кезде әр баланың шығармашылық қабілетін өз еркінен тыс ашуға мүмкіншілік бар. Мектепке дейінгі баланы дамытуда екі психологиялық үрдісті қамтиды. Елестету - бұл нақты білімді негізге ала отырып жаңа идеяларды тудыра білу, жаңа объектілердің бейнесін жасау. Қиялдау - бұл да жаңа, бірақ, ертегідегі шындыққа ұласпайтын таңғажайып объектілердің бейнесін нақты білім негіздеріне сүйене отырып ойдан шығару. Мектепке дейінгі тәрбиеге бейімделген ТРИЗ технологиясы «Барлық жағынан да шығармашылдық» ұранымен жұмыс істейді. ТРИЗ бұл тәрбиешіге нақты әдістемелік ұсыныстары бар сабақ құрылымдары мен ұжымдық ойын бағдарламасы. Триз бағдарламасын нақты іске асыру үшін балаға ойын, тақырып таңдауда еркіндік беру керек. заттардың құрылысымен танысып қарама-қайшылықтарын түсінеді, түйіткілдерін шешуге үйренеді.

Мектепке дейінгі баланың қарама-қайшылықтарды шешіп үйренуі - шығармашылық ойлаудың кілті болып табылады. Балалармен жұмыстың негізгі әрекеті педагогикалық ізденіс. Педагог балаларға дайын білімді бермейді. Сол білімге жету тәсілдерін көрсетіп, өз еңбектерімен жетуге

тәрбиелейді.

Мектепке дейінгі ұйымда триз технологиясын қолданудың негізгі мақсаты:

- Өз бетінше дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу. Баланы дәстүрден тыс ойлауға үйрету.

- ТРИЗ әдістемесі бойынша төрт деңгейден өту арқылы біз мақсатқа жетеміз: Қарама-қайшылықтарды анықтау.

- Қарама-қайшылықтарды шешу.

Мысалы: Сүзгішпен суды қалай тасуға болады. Сүзгіш болғандықтан ол су болмау керек. Ендеше су қандай жағдайда болғанда тасуға келеді. Су өз бетімен ағып кетеді. Не істейміз? Жауабы біз суды қатырып сүзгішке салуымыз керек. Бұл деңгейде бала өз бетімен бір жаңалық ашып шығармашылық қиялы дамиды. Өздері шешім айтуға үйренеді.

Балабақшада ТРИЗ технологиясын қолдану екі мақсатты көздейді:

1. Икемді ойлау, қозғалыс белсенділігі, жүйелілік, диалектикалық дұрыс сөйлеу.

2. Белсенді ізденімпаздық, жаңашылдық, шығармашыл ойлауға талпыныс.

Бірқатар зерттеушілердің ойынша, заманауи интеллектуалдық әрекеттің педагогикалық және психологиялық ойдың негізі, белсенді ізденімпаздық әрекет әдістеріне негізделсе, мектепке дейінгі баланың интеллектуалды әрекеті табиғи үйреншікті болуы мүмкін. Бұл ата-анамен педагогтың күнделікті тәрбие беру барысында баланың танып білуге қызығушылығын ояту қажеттілігін туғызу, өз беттерімен мәселені шешу, нәтижеге жетуге тәрбеленуінің, бағыт беруінің арқасында туындайды.

Тіл дамыту сабақтарында ТРИЗ элементтерін қолдану әдістері: Мектепке дейінгі ұйымда қолданылатын жаттығулар жиынтығы: «Иә - жоқ» немесе «Менің жасырғанымды тап» ойыны.

Мысалы: Тәрбиеші «Піл» сөзін жасырады. Балалар (Бұл жанды нәрсе ме? Бұл өсімдік пе? Бұл жануар ма? Бұл үлкен бе? Бұл ыстық жақта өмір сүре ме? Бұл піл ме?) деген сұрақтар қояды. Балалар ойлағандарын тапқанға дейін тәрбиеші «иә» не «жоқ» деп жауап береді. Балалар

бұл ойынды үйренгеннен кейін, бір-біріне сөздерді жасырып ойнай бастайды. Олар сан түрлі бейнелер бола алады: «Машина», «Раушан», «Саңырауқұлақ», «Қайың», «Су», «Кемпірқосақ» т.б. Айналадағы сөздерді ойлап табу жаттығулары балаларға ол бейненің жағымды-жағымсыз жақтарын ажырата алуларына көп көмегін тигізеді. Мысалы: «Жақсы-жаман», «Ақ-қара», «Айыптаушы-қорғаушы» т.б.

Қорыта келгенде: Триздің өзге әдістерден, теориялардан ерекшелігі - бұл жеке әдістердің, әрекеттердің, машықтардың жиынтығы емес, бұл көптеген амалдарды шешу, соның ішінде педагогикалық, жаңа идеяларды тауып, әрқашан творчестволық ізденісте болып, әдіс құру талпынысы. ТРИЗ әдісін ойлап шығарушылар, ойлау қабілеті дамыған бала өз деңгейінде мақсаттарды шешуге машықтанып, өмірге жан-жақты болып келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Золотой ключик» творческого мышления: Сборник методических материалов ДООУ №277 г. Самары (под ред. Сидорчук Т.А.). - Челябинск. 2000 г.
2. Игры по РТВ по книге Д. Родари «Грамматика фантазии» / обраб. А.М. Страуниг /. - Ростов - на -Дону, 1991 г.
3. Кравцова Е. Развитие воображения. Дошкольное воспитание, 1989 г., №12.





Джулмуханбетова Жамила Нургазиевна

Арқалық қаласы

МКҚК «Раушан» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР – БАЛАНЫҢ ТҰЛҒАСЫН ДАМУДА НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Инновациялық технологиялар – заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайда баланың тұлғалық дамуында динамикалық өзгерістер есебінен позитивті нәтижеге жетуге бағытталған тәрбиелеу құралдарының, оқыту тәсілдері мен әдістерінің жүйесі.

Кілт сөздер: инновациялық технологиялар, заманауи, әлеуметтік, мәдени, бала, тұлғалық, даму, динамикалық, өзгерістер, позитивті, нәтиже, бағытталған. Тәрбиелеу, құралдар, оқыту, тәсілдер, әдістер, жүйе.

Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық үдеріс мектепке дейінгі жастағы баланы тиімді дамытуға ықпал ететін жаңа технологияларды мақсатты ендіруге бағытталады. Қазіргі педагогикада инновация – білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа тұжырымдарды жасап, оларды қолдану ретінде анықталады. Бүгінде республикада мектепке дейінгі ұйымдар өзінің қызметінде түрлі технологиялардың элементтерін пайдаланады.

Педагог пен баланың өзара қарым-қатынасын жүзеге асыратын оқытудың интерактивті әдісін қолдану өзекті болып келеді. Құралда бала дамуында түрлі интеграциялық тәсілдерді педагогтың еркін үйлестіруіне, заманауи технологияның кең көлемінде инновациялық педагогикалық әдістерді, формаларды таңдауға, тәжірибеде тиімді қолдану үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың сипаттамасы мен әдістемелік қолдауына мүмкіндік беретін жүйелі материалдар ұсынылған.

Әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялауымен байланысты барлық білім

беру жүйесін жаңғырту үдерісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруға жоғары талаптар қоя отырып, осы үдеріске жаңа, барынша тиімді психологиялық-педагогикалық тәсілдемені іздеуді қарқындатады. Қоғамның заманауи даму сатысында инновациялық үдерістер, бірінші кезекте, баланың әлеуетті қабілеттіліктерін ашудың бірінші деңгейі ретінде мектепке дейінгі білім беру жүйесіне әсер етеді.

Инновациялар бала тұлғасына, оның қабілеттіліктерін дамытуға бағдарланған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, нысандарды, құралдарды, технологияларды анықтайды.

Қазақстанның заманауи даму сатысында білім беру үдерістерінде өзгерістер орын алуда: мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагогтардың назарын балалардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуына, эмоционалды-еріктік және қозғалыс аясын түзеуге бұра отырып, білім беру мазмұны күрделене түсуде; дәстүрлі әдістердің орнын баланың танымдық дамуын белсендіруге бағытталған тәрбие мен оқытудың белсенді әдістері басуда.

Инновациялық технологиялар – заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайда

баланың тұлғалық дамуында динамикалық өзгерістер есебінен позитивті нәтижеге жетуге бағытталған тәрбиелеу құралдарының, оқыту тәсілдері мен әдістерінің жүйесі. Инновациялық технологиялар педагогикалық іс-әрекет үдерісінде өзінің тиімділігін дәлелдеген білім берудің прогрессивті технологиялары мен стереотиптік элементтерін үйлестіреді.

Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық кадрларының кәсіби қызметінде келесі технологиялар қолданылып келеді:

- денсаулық сақтау технологиялары;
- жобалық әрекет технологиясы;
- зерттеуші әрекет технологиясы;
- ойын технологиясы;
- жекелік-үйлестіруші технологиясы;
- тәрбиеленуші мен тәрбиешінің портфолио технологиясы;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Халықаралық тәжірибе зерттеуі көрсеткендей, заманауи білім берудің өзекті міндетінің бірі мектеп жасына дейінгі интеллектуалды дамыған балаларды ерте жастан анықтау, оқыту және тәрбиелеу болыптабылады. Мәселен, Ресейде, Жапонияда, Финляндияда, АҚШ-та, Қытайда және басқа дамыған елдерде әл-ауқаттың дамуы ерте жастан балалардың интеллектуалдық дамуына капитал салуымен байланысты.

Барлық осы елдерде интеллектуалды дамыған баланы тәрбиелеуде ғылым жетістіктері мен жаңа ақпараттық технологиялар қолданылады, олар жаңа типті ұйымдар желісі – интеллектуалды мектепке дейінгі ұйым арқылы іске асырылады.

Жетекші халықаралық тәжірибе негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға білім берудің заманауи әдістерін ендіреді. «Балбөбек», «Қайнар», «Алғашқы қадам» (1-3 жас), «Зерек бала» (3-5 жас), «Біз мектепке барамыз» (5-6 жас) және т.б. білім беру бағдарламаларымен қатар Монтессори технологиясы, Н. Зайцев, Ф. Фребель жүйесі бойынша Вальдорфский педагогикасы (Штайнер әдістемесі) бойынша оқу материалдары қолданылады.

Модельдеу, жобалық-зерттеу, интеллектуалдық-ойын тәсілдері негізінде құрыл-

ған интеллектуалдық технологиялар айрықша қызығышулық тудырады. Олар интеллектуалды балаларды математикаға, мәдениетке, тілдерге, логикаға жан-жақты дамытуға бағытталған.

Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісіне инновациялық технологияларды ендіру әрбір баланың интеллектуалдық сұраныстарын барынша тиімді шешуге мүмкіндік береді[2.].

Оларға 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды тілге, математикаға, логикаға оқытуға арналған «E-Blocks» интерактивті бағдарламасымен қамтамасыз ету;

оқыту кешендері, балалардың жан-жақты дамуына, тілдерге ерте оқытуға, Қазақстан халқының мәдениеті мен ұлттық мәдениетті оқытуға бағытталған оқыту кешендері: сөйлейтін қаламы бар «Даналық әліппесі»; сөйлейтін қаламы бар «ZEREK»;

«Интерактивті дыбыстық картасы» жатады.

Сонымен қатар жетекші отандық және шетелдік инновациялық әдістер мен технологияларды одан әрі тереңрек зерттеуін, бейімделген технологияларды анықтау және апробациядан өткізу, білім беруді жаңғыртумен байланысты әлемдік білім беру деңгейіне сәйкес болу мақсатында оларды ендіруді қажет етеді.

«Даналық әліппесі» әр адамның рухани әлемін өнермен байыту, санасын халқымыздың даналыққа жеткізетін ізгі қасиеттерімен ояту, тілін ақылмен билеуге жеткізетін шешендік өнермен дамыту мақсатында елімізде тұңғыш рет жаңа технология негізінде әзірленді.

«Даналық әліппесіне» баланың туғаннан бастап, жеке дамуы мен қалыптасуына мүмкіндік туғызатын, даналықтың қайнар көзі болып табылатын рухани құндылықтарымыз - қобыз, сыбызғы, домбыра күйлері, бесік жыры, халық әні, халық дүниетанымы, билер сөзі, халық ертегісі, халық даналығы, жыраулар дастаны, бабалар батасы зерделеніп, таңдалып жинақталды.

Бұл халықтық туындылар электрондық дыбыстау құралы - «Сөйлейтін қалам» арқылы тыңдалады. Мәтіндік жазба нұсқасына үн дарыту «Сөйлейтін» қалам

және кітап бетіндегі арнайы қойылған белгілер арқылы жүзеге асады. «Сөйлейтін» қалам дегеніміз – кәдімгі автоқалам түрінде және көлемінде жасалған құрал.

«Сөйлейтін» қаламның ұшын кітаптағы мәтінге қойылған белгілерге тигізгенде, сол белгінің белгілеп тұрған жеріндегі мәтін немесе оның үзіндісіне үн бітіп, кәдімгі жанды сөз естіледі. Ол – компанияда алдын ала жазылып, қалам ішіне орнатылған бағдарламаға енгізілген диктордың оқуындағы мәтін. Тыңдау ұғынықты болу үшін диктордың дикциясының анық, қуатты және мәнерлі әрі техникалық тазалығы қамтамасыз етілген.

«Zerek» сөйлейтін қаламы - бұл өзі үшін арнайы шығарылған кітап беттерінен ақпаратты оқуға және оны кіріктірілген динамиктің жәрдемімен дыбыстауға мүмкіндік беретін электронды құрылғы.

Кітап беттеріндегі ақпаратты тыңдау үшін беттің қызықтыратын тұсына «Zerek» сканерін жақындату қажет, содан кейін кіріктірілген динамиктің жәрдемімен ауызша сүйемелдеу қосылады. Осындай бір ғана қаламның жәрдемімен көптеген әр түрлі кітаптар мен оқу құралдарының дыбысын шығаруға болады.

Қалам және кітаптар әріптерді, дыбыстарды дұрыс айтуға, сөйлемдерді дұрыс оқуға, санауға үйретеді, тіпті шет тілдерін меңгеруге көмектеседі, сондай-ақ сұрақ қою арқылы баланың білімін тексереді. «Zerek» сөйлейтін қаламы» жобасы қазақ тіліндегі «Optical ID» электронды жүйе функциясы кіріктірілген жалғыз жоба болып табылады.

Сонымен бірге, инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар әрбір баланың шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ баланың танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады. Осындай

құралдардың бірі-мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді.

Балабақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады.

Жаңа білім беру жүйесін дамыту негізіне оқытудың заманауи технологиясы жатады: Интернет-технология, электронды пошта технологиясы, компьютерлік оқыту бағдарламалары, Web-технологиялары, «кейс-стади» (аналитикалық және сыни ойлауды, сонымен қатар креативті дамыту үшін үздік әдістемелердің бірі ретінде саналады, кейс-әдіс, практикалық мысалдарда оқыту, нақты жағдайлар әдісі, жағдайлық оқыту, жағдайлық тапсырмалар), рефлексия өзін-өзі тану және өзін-өзі бағалау әдісі ретінде, тренингтік технологиялар, жобалар әдісін қолданумен оқыту технологиясы.

Қазіргі кезде сабақтар мен сыныптан тыс шараларды өткізуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданбай елестету мүмкін емес. «Зерек» сөйлейтін қалам. «Зерек» атты сөйлейтін қаламның ерекшелігі неде? Пайдалану туралы нұсқаулықта көрсетілгендей, сөйлейтін қалам – заманауи технологияның сапалы және қауіпсіз электронды өнімі. Оның атқаратын функциялары да аз емес. 2-3, 4-5 және 6-7 жастағы балаларға арналған жеке-жеке суретті кітапшаларды пайдалана отырып, қаламды оған тигізу арқылы баланың айналамен таныстығы, ортаны танып білуі басталады.

«Зерек» қаламы бүлдіршіндердің қызығушылығын арттырып, ойлау, көру, түсіну, сөйлеу, сурет салу қабілеттерін дамытады. Әр баланы өз ана тілінде еркін, жатық сөйлеуге, сөз мәнерін қалыптастыруға, оқуға, есептер шығаруға, тақпақтар жаттауға, ән айтуға жаттықтырады. «Зерек» сөйлейтін қалам «Зерек» атты сөйлейтін қаламның

ерекшелігі неде? Бұл қаламның ерекшелігі заманауи технология болып табылады. 2-3, 4-5 және 6-7 жастағы балаларға арналған жеке-жеке суретті кітапшаларды пайдалана отырып, қаламды оған тигізу арқылы баланың айналамен таныстығы, ортаны танып білуі басталады. баланың қызығушылығын арттырып, ойлау, көру, түсіну, сөйлеу, сурет салу қабілеттерін дамытады.

Бүгінде көптеген адамдар қалам алып қағаз бетіне жазудан бас тартып жатады. Себебі, ара-тұра кездесіп тұратын қателіктер қаламсап иесін бей-жай қалдырмасы сөзсіз. Оның үстіне үстел үстіндегі заманауи технология өзіне еріксіз тартып, бүкіл

қателіктеріңіздің ізін суытып, бар жағдайды жасауға тырысқан. Қазіргі заманда ақпараттық дамыған заман болғандықтан да, көпшілік адамдар компьютер, ноутбук сияқты электронды құралдарға сүйеніп алып, сауатсыздыққа жол беруде. Оның зияны: біріншіден – жазудың бұзылуына зиянын тигізсе, екіншіден – адамды жалқаулыққа, еріншектікке, шынайы архивті материалдардың жинақталмауына тәрбиелейді.

Адам өзінің ішкі жан дүниесінен шыққан, ойында сауатты, әдемі әріптермен қағаз бетіне шынайы жазып түсіруден артық ештеңе жоқ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
2. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А./Өркен, 2007
3. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008
4. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2006





Қосанова Гүлбану Жасталаповна

Арқалық қаласы
МКҚК «Раушан» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМҒА АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Аңдатпа. Компьютерлік технологиясының мақсаты ақпаратпен жұмыс жасау қабілетін қалыптастыру, коммуникациялық қабілеттіліктерді дамыту, «ақпараттық қоғам» тұлғасын дайындау, зерттеу қабілетін қалыптастыру, оңтайлы шешімдерді қабылдау қабілеті болып табылады. Ақпараттық технологиялар ата-аналар, педагогтар мен мамандардың ерте жастан оқыту саласында мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді.

Кілт сөздер: компьютерлік технология, мақсат, ақпарат, жұмыс. Қабілет, қалыптастыру, коммуникациялық қабілет, дамыту, «ақпараттық қоғам» оңтайлы шешімдер, қабылдау, ақпараттық технологиялар, ата-аналар, педагогтар ерте жастан оқыту, мүмкіндіктер.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар деп оқыту педагогикасында арнайы техникалық ақпараттық құралдарды (интерактивті тақта, электронды - есептеуіш машиналар, аудио, бейне) пайдаланатын барлық технологияларды атайды. Компьютерлік технологиялар бағдарламалаған оқытудың идеяларын дамытады, заманауи компьютерлер мен коммуникацияның бірегей мүмкіндіктерімен байланысты тың, әлі зерттеле қоймаған нұсқаларды ашады. Оқытудың компьютерлік (жаңа ақпараттық) технологиялары – бұл педагогтың компьютер арқылы ақпараттарды дайындау және беру үдерістері.

Компьютерлік технологиясының мақсаты ақпаратпен жұмыс жасау қабілетін қалыптастыру, коммуникациялық қабілеттіліктерді дамыту, «ақпараттық қоғам» тұлғасын дайындау, зерттеу қабілетін қалыптастыру, оңтайлы шешімдерді қабылдау қабілеті болып табылады. Ақпараттық технологиялар ата-аналар, педагогтар мен мамандардың ерте жастан оқыту саласында мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді. Заманауи

компьютерді қолдану мүмкіндіктері баланың қабілеттіліктерін дамуын барынша толық және табысты іске асыруына мүмкіндік береді. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар интеллектуалды, шығармашылық қабілеттіліктерді дамытуға, жаңа білімдерді өз бетімен алуына мүмкіндік береді. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар тәрбиешіге бала тұлғасының байытылған даму әлеуетін салуына мүмкіндік береді. Тәжірибе көрсеткендей, балалардың танымдық мүмкіндіктер деңгейі артады, балалардың сабақтарға қызығушылығы едәуір өседі. Түсіндіру мен бекітуде, ойын нысанында жаңа үйреншікті тәсілдерді қолдану балалардың еріксіз назарын арттырады, ерікті назарын дамуына көмектеседі. Сабақтан тыс компьютерлік ойындар баланың білімін бекітуіне көмектеседі; оларды өз құрдастарынан интеллектуалды даму тұрғысынан алдағы немесе олардан артта қалған балалармен жеке сабақ өткізу үшін қолдануға болады; интеллектуалдық іс-әрекет үшін қажетті психикалық қабілеттіліктерді дамыту

үшін: қабылдау, назар, жады, ойлау, ұсақ моториканы дамыту.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ақпараттық – коммуникациялық технология құралдарын қолданудағы мақсат - баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Интерактивті тақтаның жетістіктерінің кіші жастағы балаларда оқуға, жаңа білім алуға деген құштарлық туғызады. Интерактивті тақта ақпаратты кеңінен ұсыну құралы болып келеді және баланың мотивациясын күшейтеді. Мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы (түс, графика, дыбыс, заманауи видеотехникалық құралдар) түрлі жағдайлар мен ортаны моделдеуге болады.

Мультимедиялық бағдарламаларға еңгізілген ойын компоненттері үйренушінің таңымдық әрекетін белсендіреді және материалды ұғынуды күшейтеді.

Интерактивті оқу іс-әрекеттерін өткізу бөлмесі келесі міндеттерді орындайды:

- балаларды жаңа технологиялары арқылы оқыту;
- сауық және ойын орталығы;
- мұнда көлемді білімдендіру және сауықтыру міндеттер орындалады;
- балаларға және тәрбиешілерге жұмыстануға өте жағымды жағдайлар туғызады;
- балаларды компьютерлік технологияның мүмкіндіктері мен дағдыларымен таныстырады.

Электрондық жүйеде оқытуда мультимедияны пайдалану, балаларға ақпаратты беру жылдамдығын, оны түсінуді көтеріп ғана қоймай, соңымен қатар мынандай маңызды сапаларды интуиция, образдық ойлауын дамытады.

Мектепке дейінгі мекемеде интерактивті тақтаны пайдалану тәсілдері өте көп. Бұлар презентациялар, интерактивті оқыту бағдарламалары, графикалық, бағдарламалық орталықтарда жобалар құрастыру.

Интерактивті тақтаны пайдалануда қандай дағдылар болу қажет:

- компьютерді қолдана білудің бастапқы

білімі;

- Word, Power Point бағдарламаларымен жұмыстану;

- ActivInspire бағдарламасында флипчарт-сабақтар құру.

Флипчарт - бұл материалдарды құруға және көрсетуге болатын жұмыс үстелі. Бұл көптеген беттері бар кітапты еске түсіретін дәстүрлі қағаз флипчартының экранды түрі, бір мезгілде бірнеше флипчарт ашуға болады. Бір мезгілде сегіз флипчартқа дейін ашуға болады. Әрбір флипчарт бүкіл экранға жазуға немесе өлшемі бойынша өзгертуге және ұқыпты етіп мозаика етіп орналастыруға болатын жеке терезеде ашылады.

Белсенді флипчарт - бұл берілген әрекеттерді орындауға болатын флипчарт. Флипчарт бетінің саны шектеусіз (оның саны компьютердің есептеу мүмкіндігі мен жадының көлеміне ғана шектеулі).

Флипчарт бетінде төмендегі әрекеттерді:

- бейнелеу фонын қосуға; ескертулер жазуға және түсініктеме белгілер енгізуге;
- суреттер құруға немесе кең ауқымды кітапхана қорынан суреттер қолдануға; ішкі қосымшадан бейнелерді импорттауға;
- сілтемелер қосуға; бейнелерді түсіруге және оларды флипчартқа қондыруға;
- географиялық картаға бейнелеп көрсетуге; фильмдер мен ойындарды көрсетіп орындауға болады.

Оқытуда интерактивті кешендерді пайдалану сапалы, қызықты және оңтайлы болып келеді. Электрондық мультимедиялық бағдарламаларды дәстүрлі оқыту және педагогикалық инновациялармен қатар, оқыту үрдісінде үнемі қолдану дайындығы әртүрлі деңгейдегі балаларды оқыту тиімділігін көтереді. Әрбір педагогикалық технологиялар педагогтың қызметінде инновациялық технологиялар, соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қолданылса, ұйымдастырылған оқу-іс әрекеті қызықты әрі оқыту нәтижесінің сапасы артады[3].

Инновациялық технологияларды қолдануда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту маманы қызметінің мақсаты нақты талаптар жиынтығынан құрылады:

1. Тәрбие үдерісінің ішкі және сыртқы жақтарының бірлігін жүзеге асыру.

2. Баланың қабілеттерін жетілдіретін, олардың потенциалдық мүмкіндіктерін анықтайтын және жеке дамытуды қамтамасыз ететін түрлі әрекеттер сабақтар енгізу арқылы тәрбиеленушінің танымдық қызметін педагогикалық мақсатты ұйымдастыру.

Оқыту үдерісіне енгізілген іс-әрекет түрлері сабақты байытады, себебі танымдық үдеріске ерекшелік енгізеді: көркем іс-әрекеті әлемді меңгеруге түрлілік әкеледі; еңбек-практикалық құнды білім береді; ойын - материалды жақсы қабылдауға ықпал етеді.

3. Балалар меңгеретін оқу материалының мазмұнын байыту және түрлендіру.

4. Балалардың танымдық белсенділігін қалыптастыру үшін мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесіне тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін нығайтатын, олардың өзіндік шығармашылық ізденуін қанағаттандыратын оқытудың жетілдірілген тәсілдерін енгізу.

5. Балалармен көптүрлі, жан-жақты, сөздік қорға бай қатынасты ұйымдастыру, олардың бойында танымдық стимулдар әсерін ұлғайту, түрлі қарым-қатынастарды қалыптастыру.

Компьютердің артықшылығы:

- ақпаратты компьютер экранында ойын түрінде ұсыну балалардың зор қызығушылығын шақырады;

- мектепке дейінгі жастағы балаға түсінікті ақпараттың жаңа түрін ұсынады;

- қозғалыс, дыбыс, мультипликация баланың көңілін көбірек аударады;

- балалардың танымдық белсенділігінің стимулы болады;

- оқытудың жекелеу мүмкіндігін ұсынады;

- мектепке дейінгі жастағы бала компьютер жанындағы өзінің әрекетінде сенімділікке ие болады;

- күнделікті өмірде көрінбейтін өмірлік жағдайларды моделдеуге мүмкіндік береді.

Сабақ баланың қауіпсіздігіне жауапты педагогтың немесе тәрбиешінің қатысуымен

ғана өткізіледі. Мұндай сабақтарға арнайы кабинет қажет.

- көру кезінде көзге күш салмау үшін компьютер экранындағы бейне анық болуы қажет;

- жарықтан қорғану үшін жеңіл перделер немесе жалюзи қолданылады;

Компьютермен жұмыс кезінде бөлмеде спецификалық жағдайлар құрылады:

- ауаның ылғалдығы бәсеңдейді, ауа температурасы жоғарылайды, сондықтан еден тұрақтылыққа қарсы жабылуы керек, кілеммен жабуды қолдануға жол берілмейді[4].

- ыңғайлы микроклиматты қолдау үшін сабақтың алдында және соңында кабинетті желдету және ылғалды тазалау қажет.

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалармен жұмыста сабақтың жалпы ұзақтығы 25-30 минутты құрайды. Оның ішінде 5-7 минут балалар тікелей компьютермен жұмыстанады, басқа мультимедиялық құралдарға (тұсаукесер, слайд-шоу, фотоальбомдар) тағы 5-10 минут.

Мультимедиялық технологияларды әрбір сабақта қолдануға болмайды, себебі, бұл сабақтарды дайындау және ұйымдастыру кезінде педагогтан, сонымен бірге, балалардан да интеллектуалдық және эмоционалдық күш күнделікті даярлықтан да көбірек қажет етіледі. Мектепке дейінгі ұйымның компьютерлік бағдарламасына талаптар:

- Зерттеушілік сипат; Балалардың жеке жұмыстары үшін жеңілдігі;

- Дағдылар мен ұсынымдардың кең спектрін дамыту; • Жас ерекшелік сәйкестігі; Қарапайым графикалық редакторлар; Ойын-саяхаттар; Оқуға, математикаға оқыту; Мультимедиялық тұсаукесерлерді қолдану;

Әрбір ұжым, тіпті әр педагог педагогикалық үдерісте инновациялық, яғни жаңашылдық идея беруге құқылы.. Инновациялық технологияларды енгізуде тәрбиешінің мақсаты - ұтымды әдіс-тәсілдерді игеру, балаларды тәрбиелеу, оқыту мен дамыту.

Әдебиеттер тізімі:

1. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А./Білім, 2008

2. Қазіргі заманауи оқу-тәрбие үдерісіндегі білім беру технологиялары Алматы қаласы 2017.

3. Использование современных информационных и коммуникационных технологий в учебном процессе: учебно-методическое пособие / Авторы-составители: Д.П. Тевс, В. Н. Подковырова, Е. И. Апольских, М. В. Афонина. Барнаул: БГПУ, 2006

4. Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М., 2003





Убижанова Құттықыз Юнусовна

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе ауылы
«Гүлдер» жекеменшік балабақшасының әдіскері

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

«Баланы ойын – өсіреді» деген даналық сөз тегін айтылмаса керек. Бала ойнап жүріп оланады, жүйкесі тынығады, көңіл өсіп, ойы сергиді, денесі шымырланады. Ойын арқылы тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, ұлттық ерекшелік, дәстүр жайлы таным-түйсігі қалыптасады. Өздерінің құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Ойындар сабақ мазмұнына сәйкес алынып, жеке және топтық жұмыстар жүргізуде алға қойған мақсатқа жеткізіп нақты қорытынды алуға көмектеседі. Жас ұрпақ тәрбиесі сияқты үлкен міндетті шешуге мектепке дейінгі қоғамдық тәрбиенің орны ерекше. Олар өмір есігін жаңа ғана ашқан жас буындар денесінің, ақыл-ойының, сана-сезімінің дамуына, адамгершілік қасиеттері мен эстетикалық талғамның қалыптасуына жағдай жасайды. Қазақ ауыз әдебиетіндегі әсіресе, балалар фольклорын дамытушы негізгі бір сала – балалар ойыны. Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. Халқымыз ұлт ойындарында ұрпақ қамын ойлаған, бір жүйеге келтіріп өрнектелген ой мен әрекеттің, құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершілік үлгі-өнегенің желісі бар. Жас бала ойынға алдымен үйренуші, көруші өсе келе соған белсенді қатынасушы келесі кезеңді үйретуші, жаттықтырушы, ұлғая келе көруші жанкүйер ретінде қатынасады. Ұлттық ойындарын жанұя

тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып келеміз. Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің рухани өрісі кең өсіп-жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі. Фольклортанушы ғылым Ә.Диваев «Қазақ балаларының ойыны» деген еңбегінде адамның жас ерекшелігін үш топқа бөледі: «...өмірге келгеннен бастап жеті жасқа дейінгі бала, жеті жастан он бес жасқа дейінгі балалар, он бес жастан жиырма жас аралығындағы жастар...» Осының негізінде қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, кіші топтағы балаларға лайықты: «Санамақ», «Тәй-тәй», «Айгөлек», «Соқыр теке», «Қуырмаш», «Алақан соқпақ», «Ақ серек-көк серек» т.б ойындарын, ал одан кейінгі топқа: «Тақия тастамақ», «Тартыс», «Сиқырлы қоржын», «Бәйге», «Көкпар», «Асық», «Хан талапай», «Теңге алу», «Қыз қуу», «Орамал тастамақ», «Ақсүйек», «Күрес» т.б ойындарын жатқызуға болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тапқырлықтарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сөз тіркесіне, ұйқастыруға дағдыландырады. Сан алауан ұлттық ойындар баланың дене тәрбиесін дамытып жас жеткіншектің бойына адамгершілік, сүйіспеншілік, кішіге көмек, үлкенге құрмет көрсете білуге, қиыншылықтан қорықпауға,

мақсатқа жетуге күш-жігерін жұмсай білетін төзімділікке тәрбиелеуде ерекше мәні бар. Заман өзгерген сайын адам баласының басынан өткендері баланың ойынында көрініс табатынына ешкім де шек келтірмес. Ең бастысы ойын барысында баланы жан-жақты ойлануға, өзгелердің пікірімен санасуға, ортақ тіл табысып, тез арада шешім қабылдауға, ойынды шыншыл ойнауға, адал болуға, жалған сөйлемеуге, жанашырлыққа, кешірімді болуға баулу қажет. Тәрбиеші балалардың физиологиялық, психологиялық, ерекшеліктерін есте ұстап, ұлттық қозғалыс ойындарын балабақша өмірінде жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастыра білгені жөн. Ойын жас ерекшеліктеріне сай келмесе, кері әсерін тигізуі мүмкін. Сонымен қатар ойындар баланың белсенділігін арттырып, тәртібіне де оң әсерін тигізеді, өзіне де баға бере алады. Әрбір ойын – балалардың адамгершілік жолындағы бір көтерілер баспалдағы секілді.

«Қамшы» ойын. Шарты: Ол үшін балалар үлкен шеңбер жасап тұрады. Музыка ойнайды. Қамшы шеңбер бойымен қолдан-қолға өтеді. Музыка тоқтағанда қамшы кімнің қолында қалса, сол баланың оң жағындағы және сол жағындағы балалар қарама-қарсы жүгіріп келіп, қамшыны алуы керек. Қамшыны кім тез алады, сол жеңімпаз болады.

«Ала күшік» ойынының ерешеліктері мен тәрбиелік маңызына келер болсақ, оның сюжеттік мәнінде сақтықта баулитын қасиеті бар. Ойынның шарты бойынша бала қауіпті бейнеге қарсы келе жатып, өзіне белгі берілмейінше қашпайды. Бұл әрекет баланы қиындықты жеңе білуге, батылдыққа баулыса, сонымен қатар мінезін басқара білуге үйретеді. Тәрбиеші жерге дөңгелек шеңбер сызады. Бұл ала күшіктің үйшігі, бұдан 2-3 қадам жерге тағы сызық түседі, бұл сызыққа балалар жете алатындай болуы керек. Осы сызықтан 20-25 адамдай жерге екінші сызық сызылады, бұл балалардың ала күшіктен қорғанатын жері. Мұндай дайындық балалардың көңілін сөзсіз сақтыққа аударады.

Тәрбиеші ойын шартымен таныстырады: Міне, жатыр ала күшік,

Табанына мұрнын тығып,
Маңғазданып тыныш жатыр,
Бірде қалғап, бірде ұйықтап.
Жақын барып оятайық,
Үрмес пе екен, байқайық.

Ойын барысында тәрбиеші «Ала күшік» рөлін өзі атқарады. Оның ұсынысымен балалар бір – бірінің қолынан ұстап, сызыққа жақындайды. Ортаға бір бала шығып өлең айтуы тиіс, қалғандары оны қайталайды. Осы өлеңнің соңғы шумағы айтылғанда, балалар итті түртеді және сипалайды. Ит өзін балалар келіп түртіп, сипағанша көзін ашпай жатады. Кенеттен көзін ашқан ит арс-арс етіп үреді де балаларды қуады. Ал балалар үйлеріне қарай қашады. Балалардың соңына түскен ит сызыққа жеткенше ұстап қалады.

Келесі ойын «Қасқыр мен лақтар» деп аталады. Ойынның шарты: бұнда бас қасқыр болады, ал қалғандары лақтар. Санамақ санап, қасқырды таңдап алады. Ара қашықтығы 10-15 метр қора мен өріс сызылады. Ойнаушы балалар үйлерінде тұрып:

Бөрте, бөрте, бөрте лақ,
Бөрте лақ тым ерке-ақ.
Кетесің кейде секеңдеп,
Байламаса көкем кеп.

Осы өлеңнен кейін бәрі дүркіреп жүгіріп, өріске беттейді. Оларды алаңның ортасындағы қасқыр қуып береді. Қолға түскен лақтар ойыннан шығып, келесі ойынға кіреді. Кім қасқырға ұсталмаса, ол жеңген болады.

Ал «Бос орын» ойыны балалардың күшін сынауға, ерік-жігерін қайрауға және тәртібін бақылауға бағытталған. Ойында бала өзіне тең жақтас іздейді, оған көңіл бөледі, балалардың қарым-қатынасына да әсер етеді. Сол сияқты ойын элементтері тәртібін бұзбауға шақырады. Ойынды өткізу тәртібі бойынша бір-бірінің қолдарынан ұстасып шеңбер жасап дөңгелек тұрған балаларға тәрбиеші. «Кім біздің арамызда тез жүгіре алатынын тексерейік!» дейді. Балалар шеңбер жасаған бойда еденге отырады. Тәрбиеші шеңбер сыртында айналып жүріп: бір, екі, үш – ал жүгір дейді. Тәрбиеші бос орынды иемдену үшін қай бағытта жүгіретінін күні бұрын түсіндіріп қояды. Тәрбиеші

мен бала шеңберсыртымен қарама-қарсы жүгіреді. Тәрбиеші бос орынға баланың бірінші болып келуіне мүмкіндік жасайды. Бала шеңберді айналып жүріп тәрбиешінің сөздері мен қимылдарын қайталайды. Келесі жүргенде тәрбиеші өзі бос орынға бірінші боп тұруы қажет. Енді орынсыз қалған бала ойын бастаушының рөлін атқарады. Жеңген баланы қол шапалақтап, мадақтап отыруы қажет. Ойын ережесі бойынша, серіктестікке ойынға қатыспаған баланы тарту керек. Ойын ұйымдастыру жағынан қарапайым болғанымен, көбірек кеңесті талап етеді. Әрбір мектепке дейінгі тәрбие беретін мекеме – мемлекеттің шағын бөлшегі. Ал әрбір бала – қоғамның дербес мүшесі. Еліміздің бүгінгі мен ертеңі болашақ ұрпақ қолында екенін ескере отырып, жан- жақты

дамыған тұлға тәрбиелеу – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Сондықтан патриот ұрпақ тәрбиелеу үшін «Ұлттық ойындардың» маңы зор. Жалпы ойынның қандай түрі болмасын атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтауға негізделген. Тапқыр да алғыр, шымыр да епті, қайратты да қажырлы бала өсіруді армандамайтын отбасы жоқ. Демек ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады. Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәтте естен шығармағандары абзал. Өйткені жас бүлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білсін!

Әдебиеттер тізімі:

1. Базарбек Төтенев «Қазақтың ұлттық ойындары», Алматы, 1994ж.
2. Сағындықов «Қазақтың ұлттық ойындары»
3. Ж. Б. Қоянбаев. Р.М. Қоянбаев Педагогика . 2004
4. Омарова Р.С., Кенеш Ә. С., Дүйсенова Ұ.А. 12 жылдық білім берудің бастауыш буындағы оқу – тәрбие үрдісі.
5. Быданова О.С. петрова В.И. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. Алматы. // Мектеп.1986.
6. Оразбекова К.А. Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында. Алматы: «Дәуір», 2000 – 554 б
7. Жарықбаев Қ. Психология. Алматы: Білім, 1993 – 272 б
8. Бап – Баба С. Б. Жалпы психология: Жантану негіздері: 2002 – 27 б.



Матлапова Умит Алимхановна

Тараз қаласы
МКҚК «№ 12 бөбекжай-бақшасы»
Бірінші санатты тәрбиеші

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Бала ананың құрсағында жатып, дүние есігін ашқаннан бастап, дыбыспен бірге дүниеге келеді деп есептелінген. Жазушы Жүсіпбек Аймауытұлы айтқандай, дыбыспен өмірге келген бала өмірінің барлық кезеңін әртүрлі дыбыстардың арасында өткізеді. Сол дыбыстар арқылы баланың ойлау қабілеті дамып, миы жетіліп, өркендей бастайды. Мектеп жасына дейінгі кезең қатаң сақтықты, кедергілерге сүрінбеу, қателіктерге бой алдырмауды қажет ететін кезең болып табылады. М.Қ Бапаева «Даму психологиясы» атты еңбегінде балалық шақтың өзі үшке бөлінетіндігін айта кеткен:

- 1) Нәрестелік кезең (туылғаннан 1 жасқа дейін);
- 2) Ерте балалық шақ кезеңі (1 жастан 3 жасқа дейін);
- 3) Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңі (3 жастан 6 жасқа дейін).

Қазақстанның даңқын әлемге көтеретін саналы, білімді, еңбекқор ұрпақ өсіп жетілу үшін білімнің қайнар көзі балабақша деп айтсақ асыра айтқандық емес. Психологтердің айтуы бойынша, бала қай тілде қарым-қатынас жасаса сол тіл шын мәнінде бала үшін ана тіліне айналады. Алдымен сөйлеудің дыбыстық жағы дамиды. Мектепке дейінгі кезеңнің соңында контексті сөйлеуге көшуге мүмкіндік болады. Бала тілдің грамматикалық жағын меңгеріп, үлкен сөздік қорын игереді. Ол оған оқып берген мәтінді қайталап айтып беруіне, суреттеменің мазмұнын баяндауға, айналасындағылармен көргенін алған әсерін ұғынықты тілмен жеткізуіне мүмкіндік береді. Жалпы мектепке дейінгі

кезеңде бала үлкендермен тиісті ауызша сөздің барлық түрін меңгереді. Монолог сөйлеу, әңгіме айту дағдысы қалыптасады. Ол үлкендерге көргенін жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар сол нәрсеге байланысты өз алған әсерін де жеткізе біледі. Құрбыларымен қарым-қатынас кезінде диалогты сөйлеуі дамиды. Эгоцентрикалық сөйлеу балаға әрекеттерін жоспарлап, жүйелеуге көмектеседі. Бала алдағы әрекеттің жоспарын құрып, міндеттерін орындау тәсілін талқылайды, сөздердің жаңа формаларын қолдану ашық түрде айту, осы кезеңдегі балалардың қарым-қатынасының жаңа міндеттеріне байланысты. Үш жастан кейінгі кезең сәбилік кезеңнен мектепке дейінгі өту кезеңі деп есептеледі. Осы кезде бала заттармен өз бетінше әрекет етуге талпынады, бірақ әлі де болса үлкендер тарапынан қамқорлық күтеді. Сөйлеуі дұрыс дамып жетілуіне байланысты, сөзі анық емес, түсініксіз болады. Үш жастан жоғары қарай сөздік қоры дамып, өзінің ана тіліндегі барлық сөздерді меңгеріп, түсінеді, тілдік қарым-қатынасы жоғары сатыға көтеріледі. Ойлауы көрнекі амалдық, бейнелік болып, кейбір мәселені өздігінен шешіп ой қорытындысын шығара алады. Баланың санасының мазмұны күрделеніп, үш жастың соңына қарай мазмұндық рөлдік ойындар ойнайды. Екі және үш жаста балада сөздік қордың жиналуы байқалады. Үш жасқа қарай балада сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы қалыптаса бастайды. Үш-төрт жаста тілдің мағыналық мазмұны одан әрі кеңейе түседі. Олар үлкендердің сөзін жақсы

түсінеді. Бірақ айналадағы үлкендердің айтқанын түсіну жеткіліксіз. Сондықтан да балаларды сырт көрінісіне қарап ажыратуға үйрету керек. Бұл кім? Мынау не? Не үшін? Деген сұрақтарға толық жауап беруді қалыптастыру керек.

Бала үш-төрт жас аралығында тілі шығып, тілдік қоры молайып, даму үстінде болады. Алғашқы кезде бала айналалындағы жақын адамдарына сұрақ қою арқылы өзіне ақпарат жинайды. Соның негізінде бала тілі дамып, сыртқа шыға бастайды. Алғашқы кезде сәбидің сөзі үлкендердің сөзіне аздап қана ұқсайтын болады. Мұндай сөзді дербес (автономиялық) сөз деп атайды. Тіпті кейде үлкендер пайдаланбайтын сөздерді де қолданады» дейді. (Ж.Қ.Дүйсенова мен Қ.Н.Нығметова). Расымен бала тілі негізінде сөйлеу, есту мүшелеріне, ойлау, түйсіну қабілеттеріне тікелей байланысты.

Артикуляциялық мүшелері сөйлеу үдерісіне дайын болуына дейін бірнеше кезеңнен өтеді. Сол себепті бала бірден естіген сөзін қайталай алмайды. Мысалы: баланың сәбилік кезеңнің алғашқы кезінде «Тамақ» сөзін «Намақ» деп «Т» дауыссыз дыбыстың орнына «Н» дыбысын қойып немесе «Алма» сөзін «Ама» деп қысқартып айтуы қателік болып саналмайды. Дегенмен, баланың психологиялық және физиологиялық даму қарқынына да назар

аудару керек. Себебі көбіне ата-әжесімен коммуникацияға түсетін балалардың тілі тез дамиды, ал балабақшадағы өзі сияқты тілі енді шығып келе жатқан балалардың арасында жүрген сәбилердің тілі баяу шыға бастайды. Баланың ойлау қабілетін дамыту арқылы танымы кеңейе түседі. Таным деңгейі жоғары баланың тілі тез дамиды. «Баланың танымы дамыса, онда тілі де дамиды» дейді ғалым С.Н. Цейтлин. Тәрбие мен білім-егіз деп есептеледі. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып саналып отыр. Тәуелсіз еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру қазіргі заманға сай білімдіде тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу-тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын, әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану, үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырып, өскелең ұрпақтың білімді және өнегелі болып өсуіне көп септігін тигізуі қақ. Біздің №12 бөбекжай балабақшамызда балаларға білім беруде барлық жағдайлар қарастырылған. Тұз бөлмесі және ақылды ойын бөлмесі көптеген мерекелерге арналған ертеңгіліктер, ашық оқу қызметтері өткізіліп отырады және жылдық жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізіліп отырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бала тәрбиесі №2 2006 ж, № 4 2008ж.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» білім стандарты, 2011жыл.;
3. «Отбасы және балабақша» № 9, 2008ж.;
4. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 арналған мемлекеттік бағдарламасы.;
5. Сәрсенбаев Н. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы, 2010ж.



Калифанова Алия Төлеуқызы

Шығыс қазақстан облысы, Семей қаласы
«№6 «Нұрсәуле» ясли-бақшасының әдіскері

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУДАҒЫ ҚИЫНШЫЛЫҚТАР

Сөйлеу – адамның бір-бірімен қатынасында ойын, еркін, сезімін білдіріп жеткізу үшін тілді қолдану үрдісі. Тілі шықпаған нәрестенің алдымен сөйлеу мүшелері дамиды. Жалпы, дүниеге келген сәби еріксіз дыбыс шығарады: қарнының ашқанын, ауырғанемесе тағы да басқа әрекеттерін айғай салуы, жылау, қыңсылау және басқа да дыбыстар арқылы білдіреді. Бұл дыбыстар сөйлеудің ізашары болып табылады, олардың интонациялық мәнерлігіне қарап анасы баласының қарнының ашқанын, оның бір жерінің ауырып тұрғанын және тағы басқаны ұға алады. Бірақ та бұл дыбыстардың әлі де ешқандай сөйлеуге қатысы жоқ болса да, олар өте маңызды. Ол жіңішке және әртүрлі қозғалыста сөйлеу мүшелерінің дамуына себеп болады: тыныс алу, дыбыстық және артикуляция мүшелері. Бала дауысқа өте тез үйренеді және бірінші айдың аяғында сойлеген дауысқа әрекет ете бастайды. Оған еркелік интонация ұнайды, әуенді ән оның тынышталуына және ұйықтауына көмектеседі. Тағы да біраз уақыт өткеннен кейін бала дыбыс шыққан жаққа қарай басын бұрып немесе көзімен оны қадағалайды. Егерде баланың бір жері ауырса, мазасызданса бала жылай бастайды. Баланың сыртқы дүние әсеріне реакция жасауы жылаудан басталады. Жылаудың әсерінен баланың тыныс мүшелері мен сөйлеу органдары нығая түсед. Бірінші дыбыс артикуляциясының әрекет жасауы екі – үш айында гуілі белгіленеді, одан кейін бес айдай шамасында бала үлкендердің

ерін артикуляциялық қозғалыстарын қайталауға тырысады. Бұл бірнеше қайталау қозғалыстары қозғалыс дағдысының қатаюына әкеледі. Алты айдан бастап бала бөлек буындарды анық айтады (мысалы: шеше, ә-ке және тағы басқа), және ақырындап үлкендерден тек барлық сөзэлементтерін ғана емес, сонымен қатар интонацияны, ритмді, екпінді ұға бастайды. 9-10 айында бала бөлек сөздерді бірдей жұпты буындармен айтады (мысалы: ма-ма, па-па және тағы басқа). Бұл жылда сөздік қоры 10-15 сөзден тұрады. Ал белгілі ғалым А. Н. Леонтьев бұны даярлық этабы дейді, себебі бұл уақытта сөзді меңгерудайындығы өтуде. Балалар төрт жасында фразалармен еркін сөйлейді, олардың сөйлемдері біршама қиын, ал бес жасында дыбыс шығаруы дұрыс дамиды. Дауысқанегізауызқуысыменмұрын қуыстары қатысады. Қатты сөйлеуде мидың үлкен жартышарында орналасқан бөліктері реттейтін тыныс алу, фонациялық және артикуляциялық бұлшықеттер қатысады. Адамның сөзі анық және түсінікті болу үшін сөйлеу органдарының қозғалысы нақты және автоматты түрдеболу керек. Сөйлеу аппараты - бас миында орналасқан орталық және тыныс алу, сейлеу, артикуляциялық бөлімдерінен тұратын перифериялық болып екіге бөлінеді. Тыныс алу бөлімі кеуде қуысындағы өкпе, бронхы, трахеядан тұрады. Сөйлеу дем шығару кезінде пайда болады, сондықтан да сөйлеген кезде тыныс алуға қарағанда дем шығаруы көбірек. Дауыс бөлігі дыбыс қатпарлары бар кеңірдектен

тұрады. Артикуляция мүшелеріне қысқаша тоқталып кетейік. Оның негізгі органдары болып ерін, тіл, жоғарғы-төменгі жақ, жұмсақ және қатты таңдай, альвеолдар жатады. Тіл, ерін, жұмсақ таңдай және төменгі жақ қозғалу органдары болып табылады. Дауыс буындарының қосылуына байланысты дыбыс кеңірдектен шығады. Дауыс жоғарлығымен, күшімен, екпінімен сипатталады. Дауыстың жоғарлығы дауыс буындарының толқуының жиілігіне байланысты. Ол ұзындығымен жуандығына байланысты болады. Дауыс күші демнің ішке тартылуына байланысты шығады, ал дауыс буындарының қозғалыс қарқынына байланысты болады. Сөйлеудің жалпы дамымауы түрлі дәрежеде көрінеді, сондықтан сөйлеудің дамуының 3 деңгейін бөліп көрсетуге болады: Бірінші деңгейі – сөйлеудің жоқтығымен сипатталады. Баланың сөйлеуі былдырға ұқсас. Алайда, егер сөйлеу орташа дамып келе жатса, бұл үрдіс 5 айға созылады, ал науқас балаларда көпке дейін сазылады. Балалар қандай да бір ойын жеткізу үшін былдырлы сөздерін жестермен және мәнерлі мимикасымен толықтырады.

- Екінші деңгейі – былдырлаған сөзден басқа күнделікті қолданылатын сөздермен фразалардың едәуір мәнді болуымен сипатталады. Бірақ та сөздері бұзылған, сөзді жеткізулері нашар болады, бала негізінен айқындалған заттармен әрекеттерді атап кетумен ғана тежеледі. Егер балаға сурет бойынша әңгіме құрауын ұсынса, онда ол үзіндіден құралады, сонда ол дұрыс, қысқа фразаға қатысты болып келеді. Мазмұнын айтқанда қарапайым қателері – септік жалғауын ауыстыруы және санның түрін дұрыс қолданбау болып табылады. Жалғаулар, бөлшектер өте сирек қолданылады. Үшінші деңгейі – балаларға түрленген фразалармен айтуын сипаттайды. Алайда дамымаған лексико-грамматикалық және фонетика-фонематикалық элементтері болады. Бала суреттерді бейнелейді, өзі туралы, жан ұясы, жолдастары туралы әңгіме құрайды, бірақ бұның алдында оның жақсы сөйлесетін құрдастарына қарағанда үлкен қиыншылықтарды басынан кешіреді. Екі жасқа жеткенде баланың сөздік қоры 200-

400 ге жетеді, 4 жасқа келгенде қарапайым сөздерден сөйлем құрауға әрекет жасайды. Келе-келе баланың сөздік қоры ұлғайып активтік және пассивтік сөз қоры пайда болады. Активтік дегеніміз – бала өзі айтқан сөзінің мағынасын түсінетін сөздер де, пассивтік дегеніміз өзі айта алмайтын, бірақ өзге адам айтқанда түсінетін сөздік қоры. Сондықтан бір жасқа жеткен бала әлі дұрыс сөйлей алмаса, оған қайғырудың қажеті жоқ. Екі жасында баланың сөздік қоры 300-ге жуық болады. Фразалар ұзын және қиын бола бастайды, ал сөздің айтылуы жақсарады. Үш жасқа дейін бала сөйлей алмаса қобалжудың қажеті жоқ, онда мамандардан консультация алу қажет. Кейбір ата-аналар баласы өзі жай сөйлегісі келмей түр деп өздерін басып, көп уақыт өткізіп алып көмек сұрайды. Негізінде төрт – бес жаста барлық сөйлеу қателіктері жоғалады, бірақ ол үлкендердің сөзді дұрыс айтуына байланысты. Сондықтан баланы кішкентай кезінен бастап әдемі, дұрыс, таза сөйлеуге үйрету керек. Балаға көп ертегілер оқытып, жаңылтпаштармен тілін жаттықтырып және баланың сөздері үнемі дамытуда болуы қажет.

Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Сол себепті де мен ойын арқылы қызығушылығын дамытумен қатар тілін де дамытуға мүмкіндік алдык. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды тандауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн. Балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады. Біз балабақшада сол баламен жұмыс істеу барысында аталған ойынның үш түрінде қолданып көрдім. Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қайсысы кеп, қайсысы аз», т.б. Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?»,

«Есінде сақта». Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдану білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр». Біз сол баламен жұмыс істеу барысында осы аталған ойын түрлерінің ішінен мыналарды қолдандық: «Дәл осындайды тауып ал», «Жалғастыр», «Есінде сақта», және тағы да

басқа... Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Жұмыс жасаудың соңғы күндері оның сөздік қоры 15-18-ге жетті, еркін сөйлеуге машықтанды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Л.П. Федоренко, Г. А. Фомичева, В. К. Лотарев Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы. Алматы : Мектеп: -1981.-244 б.

2. Б. Баймұратова, «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі Алматы: Рауан, 1991.- 6-81 бет. 3. Ахметова Р. М «Отбасы және балабақша» жур, қаңтар-ақпан 2012.- 4-5 б.





Бабаканова Ардақ Слямханқызы

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы
«№15 «Рахат» балабақша-бөбекжайы» КМҚК
Музыка жетекшісі

ЕҢБЕК БӘРІН ЖЕҢБЕК



Білім беру саласы: Шығармашылық
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет түрі: Музыка

Тақырыбы: «ЕҢБЕК БӘРІН ЖЕҢБЕК»

Мақсаты: Білімділік: Еңбек туралы түсінік беру. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету.

Дамытушылық: Еңбек етуге деген қызығушылықтарын дамыту.

Тәрбиелік: Еңбексүйгіштікке, табиғатқа қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: АКТ, тақырыпқа сай слайд, шығыршық, картоп.

Тілдің үштұғырлылығы: Еңбек-труд-labour

Барысы: I. Мотивациялық – қозғаушылық
Балаларды қарсы алып, шеңбер бойына тұрғызу.

Балалар музыка әуенімен кіріп қимыл-қозғалыстар жасайды.

Балалар бір-бірімен үш тілде сәлемдесу:
Сәлем-привет-хеллоу.

Сәлем, сәлем деймін мен,
Сәлем, сәлем достарымды сүйемін!
Сәлем, досым!
Привет, привет деймін мен,
Привет, привет достарымды сүйемін!
Привет мой друг!
Hello, Hello деймін мен,
Hello, Hello достарымды сүйемін!
Hello, my friend!

Үш тілде сәлемдеседі. Орындарына отырады.

Слайдтан еңбек туралы суреттерін көрсетіп, әңгімелеу.

– Мына суреттерге қарайықшы адамдар немен айналысып жүр екен?

Балалардың жауаптары (Гүл егіп жатыр, құрылысшылар үй салып жатыр т.б.)

– Дұрыс айтасындар бәрін бір сөзбен айтқанда - еңбек.

Еңбек дегеніміз - адамның өмір сүруі үшін қажетті іс-әрекеттер.

Ал, өзіміздің балабақшамызда ойын алаңын тазалап сендер де еңбек етіп көмектесесіңдер.

Балалар еңбек сөзін орыс тілінде - **Труд**

Енді ағылшын тілінде - **Labour- лэйбаа**

Тосын сый: Жалқаубек кіреді

- Сәлем бердік. ООХХ жатып демалайыншы

- Бұл келген кім?

- Сен кімсің?

- Мен Жалқаубек, жатып дем алғым келіп тұр.

- Қалайша көктем уақытында бәріміз еңбек етіп қолғабыс тигізіп жатқанда сенікі не жатыс

- жоооқ жатамын

Онда балалар, біз қазір ән тыңдап көрейікші кім жайында айтылғанын?

Музыка тыңдау: «Жалқаубек» әнін тыңдайық (*унтаспадан тыңдайды*)

- Ән кім жайында? (Жалқаубек)

- Ән қандай көңіл күйде орындалды?

- Көңілді әлде көңілсіз. (көңілді)

- Балалар, Жалқаубекке назар аудармай-ақ қойындар, жатса жата берсін. Ал, біз назарымызды экранға аударайық

Бұл әнді жазған композитор ағамыз

Кеңес Дүйсекеев - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Парасат, Құрмет ордендерінің иегері.

К.Дүйсекеев туралы мәлімет алады.

- Балалар әнді орындаған әншіні білесіңдер ме?

Роза Қуанышқызы Рымбаева-Шығыс Қазақстан облысы, Жаңғызтөбе ауылында көп балалы отбасында дүниеге келген жерлесіміз. Қазақстанның және Кеңес одағының халық артисі, Парасат және Құрмет ордендерімен марапатталған әншіміз.

Р.Рымбаева туралы мәлімет алады.

Жалқаубек басын сипап ойланады.

- Көрдің бе Жалқаубек еңбектену керек
Жалқаубек: - жақсы, түсіндім, еңбек етуге тырысамын. Сау болындар.

Ал, балалар әнді қайталамас бұрын дауыс жаттығуын жасап алайық.

Дауыс жаттығу: «Жоғары, төмен»

Дауыс жаттығуын жасайды.

Әнді қайталау: «Балдырғандар әні»

Әнді нақышына келтіре орындайды.

II. Ұйымдастыру-іздігіру

Бүгінгі үйренетін әніміз «Еңбек сүйгіш баламын»

Музыкасын жазған Күнсәйін Қуатбаев ағамыз

Әнді үйрену: «Еңбек сүйгіш баламын»

Мен сендерге әнді орындап беремін сендер мұқият тыңдап отырыңдар.

1. Еңбек сүйгіш баламын,

Оқып білім аламын
Үлкен кіші сыйлайтын,
Ер азамат боламын.

2. Гүлдерге су құямын,

Еденді де жуамын.

Шынықтырып денемді

Жалқаулықты қуамын.

Әнді үйрету. Осы әнді келесі ұйымдастырылған оқу қызметінде жалғастырамыз.

Әннің сөздерін анық айтып дұрыс орындауға тырысады.

Ал балалар, енді ойынға кезек берейік. Көктемде еңбек етіп күзде мол өнімді қалай алатынымызды көрейік.

Ойын: «Жиын терін»

Шарты: Балалар төрт-төрттен екі топқа бөлінеді. Бірінші бала өнімді егеді, екінші бала оны жинайды. Осылай ойын қайталанатын.

Ойынның шартын бұзбай. Қауіпсіздікті



Шындаулетова Гулбарам Құсайнқызы

Арқалық қаласы

МКҚК «Раушан» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

БАЛАБАҚШАДА ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа. Мектеп жасына дейінгі баланы қалыптастырып дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Баланың қабілетін қаншалықты ерте ашып, дамытса, оның нәтижесі де соншалықты жемісті болмақ.

Кілт сөздер: мектеп жасына дейінгі бала, қалыптастыру, дамыту, тұлға, ішкі дүние, мүмкіншіліктер, қабілет, даму, жағдай туғызу, нәтиже, жемісті.

сақтап көңілдене ойнайды.

III. Рефлексивті түзетушілік

Еңбек адам өміріндегі орыны зор, еңбек арқылы ғана ер азамат болуға болатынын түсінген боларсындар, балалар.

Барлығымыз еңбек туралы жаттаған тақпағымызды айтайық

Гүл өсірсең терлеп
Мұның аты-еңбек
Кесте тіксең зерлеп
Мұның аты - еңбек
Қырға шықсаң өрлеп
Мұның аты - еңбек
Қиындықтың бәрін
Еңбек қана жеңбек.

Бүгін мен сендерге өте ризамын. Сендерде үлкен азамат болып еңбек етіп көптеген жетістіктерге жететіндеріңе сенімдімін. Сондықтан мынандай дипломмен марапаттағым келіп тұр. Балаларды марапаттау, қоштасу.

Біледі: музыканы тыңдауды, сипатын ажыратуды.

Түсінеді: композитор, еңбек туралы, әнді мәнерлі орындауды.

Қолданады: музыка әуенімен қимыл-қозғалысты жасауды, ойын шарттарын сақтауды.

Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Сондықтан оған жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты-ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке

тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Дамыта оқыту технологиясының негізін салушылар мен зерттеушілер:

В.Давыдов, В.Занков, В.Эльконин, П.Эрдниев.

Мақсаты: Баланың жалпы жан дүниесін және оның сезіміне әсер етіп логикалық ойлауын дамыту. Сөздік қоры мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Дамыта оқытуда тәрбиешінің басты міндеті оқу материалдарын балаға дайын

күйінде емес, баламен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу. Осы талаптарды орындау барысында Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясын өз тәжірибемде қолдандым.

Дамыта оқыту барысында балалар тәрбиешінің айтқанын тыңдаумен шектеліп қалмай, тәрбиеші бос уақытында сол баламен шағын зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Профессор Д.Б.Эльконин пікірі бойынша «дамыта оқыту жүйесімен білім алған балалардың дүниеге деген көзқарастары терең және көріп білудің жаңа тәсілін игергендері көзге түседі, яғни дүние және адам тану үрдісі баланың сол үрдісінен толық шұғылдану және қызығу таныту жағдайында пайда болады».

Дамыта оқыту технологиясының балабақша жағдайында қолдануға болатын тиімді әдістері:

1. Ой толғаныс әдісі
2. Ассоциация әдісі
3. Салыстыру әдісі
4. Раунд-Робин әдісі
5. Топтастыру әдісі

1. **Ой толғаныс әдісі** немесе психология тілінде «Миға шабуыл» деп те атайды. Бұл әдіс көбіне ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыбын ашуда қолданылады. Мысалы жұмбақ шешу, сөзжұмбақ, суретті ребустар арқылы.

2. **Ассоциация әдісі.** Бұл әдісте берілген тақырып бойынша балаларда қандай ой туады соның барлығы сол сөздің жан-жағына жазылады. Мыс: Жалпы отбасы: ата, әже, әке, ана, аға, әпке, іні

3. **Салыстыру әдісі.** Бұл әдісте балалар объектілер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтайды. Мысалы: Алма мен қызанақтың ұқсастығы мен айырмашылығы

4. **Раунд-Робин әдісі.** Бұл әдіс өткен немесе жаңа тақырыпты бекіту үшін қолайлы тәсілдердің бірі. Мұнда әр бала берілген тақырып туралы не біледі. Бір сөйлем немесе сөз тіркесі арқылы бірінің айтқанын бірі қайталамай түгел айтып шығуы тиіс.

Мысалы: «Гүлдер» тақырыбында: -Гүл өсімдік -Гүл әдемі -Гүлді жұлуға болмайды., -Анамызға сыйлаймыз., -Достарымызға сыйлаймыз т.б.

5. **Топтау әдісі.** Топтау әдісінде балаларды деңгейлеріне қарай бірнеше топқа бөледі де, өздері орындай алатындай топтық тапсырма беріледі.

Мысалы: «Пішіндер» тақырыбын өткенде I топ – Үлестірмелі картадағы бейнеленген суреттерден геометриялық пішіндерді тауып, көрсету, атын атау.

II топ – Жіпті пайдалана отырып әртүрлі пішіндерді жасау.

III топ – Санағыштан үшбұрыш пен төртбұрышты құрастыру. Дамыта оқытудың нәтижелі болуы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңаша қарым-қатынас арқылы ғана өз жемісін береді. Бүгінгі күн бәсекелестік пен жоғары технологияның, ғылым мен білімнің заманы. Сондықтан оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану әрбір тәрбиешінің міндеті. Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Дамыта оқытуда тәрбиешінің басты міндеті оқу материалын балаларға дайын күйінде емес, баламен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру.

Оқу барысында баланың бойындағы дамытуды қалыптастыруды дағдыға айналдыру; Сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу; Баланың сезіміне әсер етіп, логикалық ойын дамыту.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті үш бөліктен тұрады:

1. Оқу мақсаттарының қойылуы,
 2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру,
 3. Шешудің дұрыстығын дәлелдеу.
- Бұл үшеуі Д.Б. Эльконин, В.В.Давыдов

жасаған жүйесінің негізгі компоненттері. Мысалы: Суретті көрсетіп мынау не?

Түсі, түрі т.б. сұрақтар қойғаннан гөрі «топтастыру» әдісін қолданамын




Яғни, ол туралы не айта алатынын сұраймыз. Дамыта оқыту жүйесіндегі қойылатын сұрақтар проблемалы, ойлауды, пайдалануды қажет ететіндей етіп беріледі. Балада ондай сұраққа өз ойын, өз пікірін білдіре жауап беруге дағдыланады. Жауаптардың бірнеше вариантта болуы мүмкін екендігін қарастырылады. Мысалы: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісінде ертегі кейіпкерлері жайлы не айта аласың? - деген сұрақтар қойып, балалардың пікірлерін тыңдаймын. Дамыта оқыту барысында жаңа материалды талдауға зор көңіл бөлінеді. Өйткені талданбаған

шығарма бала жүрегіне жетпейді. Талдау – бірлескен ізденіс. Әсіресе оқу барысында материалды талдау арқылы шығарманың айтар ойы, идеясы бала жүрегіне жетіп, талдау арқылы ар, ұят, қайырымдылық, әдептілік т.б. сияқты тамаша адамгершілік қасиеттері балалар бойына жұғысты болады. Ойлауға үйрететін тәсілдердің бірі – салыстыру әдісі. Объектілер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтау.

Баланың қиялы дамиды. Салыстыру арқылы байқалмай, көрінбей қалатын белгілерін анықтауға үйренеді. Байқампаздығы артады.

Мысалы:



Дамыта оқытудың мектеп жасына дейінгі балалар үшін тағы бір тиімді тәсілдерінің бірі – Раунд-Робин әдісі. Раунд-Робин-өткен тақырыпты немесе жаңа тақырыпты бекіту үшін қолайлы. Яғни әрбір бала өткен немесе жаңа тақырып туралы не біледі, бір сөйлем немесе сөз тіркесі бірінің-бірі айтқанын қайталамай түгел айтып шығуы тиіс [4].

Дамыта оқыту жүйесінде тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Бала өз ойын қорықпай, сеніммен айта алатындай ахуал болуын басты назарда ұстаймын. Баланы кішкентай деп қарамай оның пікірімен санасу, көзқарасын құрметтеу оның дамуына зор әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А./Білім, 2008
2. Использование современных информационных и коммуникационных технологий в учебном процессе: учебно-методическое пособие / Авторы-составители: Д.П. Тевс, В. Н. Подковырова, Е. И. Апольских, М. В. Афонина. – Барнаул: БГПУ, 2006
3. Балапанов Е.Қ., Мадияров І «Жаңа ақпараттық технологиялар». 2011
4. «Білім технологиялары». 2014ж.



Исаева Айдана Қанатқызы

Жаңаөзен мектеп гимназиясының
мектеп алды даярлық тобының тәрбиешісі

ОЙЫНДАР МЕН ОЙЫНШЫҚТАРДЫҢ ТІЛ ДАМУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

«Ойнай білмеген, ойлай да білмейді»
Халық даналығы

- Жоспар: 1. Кіріспе
2. Ойындар мен ойыншықтар
3. Олардың зияны
4. Қорытынды



Кіріспе

Балалар үшін ойын ермек емес. Олар айналадағы дүниені, ойын және ойыншықтар арқылы танып біледі. Ойын нәтижесінде баланың ақыл ойы дамиды және адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Түрлі ойыншықтармен ойнау кезінде бала белгілі бір ойынға қажетті бұйымдарды іздеп табады, оны орнымен пайдалануға дағдылана бастайды. Осылай бала ойын ойнау арқылы өзінің айналамен қарым қатынасын және ой, қиялдарын жақсартады.

Ойындар мен ойыншықтар: Ананың ойы балада, баланың ойы далада, деп тақырыбымызды аша отырып бала кеңістікте (далада) өз достарымен көптеген ойындар ойнайды (тығылыспақ, қуаласпақ, көз жұмбақ, соқыр теке, жарысу, ақ сандық көк сандық т.б.) Әрбір ойынның баланың ойлау қабілетіне, қоршаған ортаны қабылдауына қосатын өзіндік үлестері көп.

Мысалға: бала ендігі кезекте «Дүкен» ойынын ойнады делік. Ол үшін: қант, конфет, печенье, т.с.с тағамдар керек. ойынды

мазмұнды болу үшін балаға қағаздан тиын, конфет. Шоколад қағаздарынан ойыншық конфет, шоколад және басқа тағамдар жасап көрсетіп өздері жасап алуға үйретіп отыру қажет. осындай ойын әрекет үстінде бала ұжымдық еңбек дағдыларына үйренеді, жеке заттардың сапалық ерекшелігін тани түседі, қыз балаларға қуыршақ ойынының орны ерекше. Әрбір кішкентай қыз бала өзін қиялындағы ханшайым секілді сезінеді, ал қуыршақтар оған басты көмек. Қуыршақты киіндіру оған тамақ беру онымен сөйлесу бірге ұйықтау, оны күтіп аялау, қыз баланың ой өрісінің және қиялының дамуына ерекше үлесі бар.



Ал ер балаларға ойыншық түрлеі сан алуан. Малдың асығынан бастап қазіргі заманауи түрлі роботтар мен электронды техникалар. Әр бір кішкентай бала өзін қиялында батыр немесе жылдам көліктің жүргізушісі немесе полиция қызметкері ретінде сезініп армандайды, ал ойыншықтар сол баланың қиялын дамытуға басты құрал болып табылады. Бала айналадағы өмірден алған әсерлерін өз ойындарында бейнелейді. Ойын арқылы баланың ойлау



Алыстағы ауылдарыңыздың өзінде ұялы телефонсыз күн жоқ. Ұялы телефон балалардың денсаулығына кері әсерін тигізеді. Есте сақтау қабілеті нашарлайды, танымдық қабілеті төмендейді, бойды селсоқтық билейді. Балалардың көбісі ашушаң, шаршауық, жүйкесі тез құриды. Ал ұялы телефонмен ұзақ сөйлесетін балалардың жүйкесі жұқарып депрессиялық синдромға ұрынуы жиілейтін көрінеді.

Қорытынды: Балаға телефон зиян қазір ХХІ ғасыр - заманауи техникалар ғасыры, қазіргі жас буындар өткен ғасырдың ой-

еліктеу, қабылдау таным қабілеттері дамиды. Сондықтан ата-аналар баланың жасына лайықты ойыншық алып беру керек. Ойыншықтың шамадан тыс көп болуы баланы қызықтырмайды, ендеше әр түрлі ойын процесіне ойын мазмұнын кеңейте түсетін дәрежеде болуы керек. Балалар ата-анасының ойынға көңіл бөліп жәрдем көрсеткенін әрқашанда күтеді. Осы мысалдардан ойындар мен ойыншықтардың баланың дамуына деген ерекше үлес қосатынын білдік. Қазіргі кезде балалар ойыншықтарды емес, ұялы телефондарды көп пайдалану үстінде. Бұрын ұялы телефон дегенді тек қана қалталы азаматтардың қолынан көретін болсақ, осы күні кішкентай балалардың қолынан түспейтін ойыншыққа айналды. Балалар онымен күні түні мультфильм қарап ұялы телефонға тыным жоқ.

ойыншықтары мен ойындарын ойнауға қызығушылығы аз. Қазіргі балалар: қалта телефоны, смартфондар, планшеттер арқылы бір бірімен виртуалды түрде ойын ойнағанды жақсы көреді. Ұялы телефондар баланың дамып өсуіне, ми құрылысының қалыптасуына зиянын тигізеді. Сол себепті ата-аналар өзінің баларын ұялы телефонмен көп қолдануға рұқсат бермегені жөн. Оның орнына балаларға көбіне ұлттық ойындарымызды насихаттап олармен бірге ат салысып ойнағанымыз абзал.

Әдебиеттер тізімі:

1. Леонтьев О.М. «Пособие для учителя», Москва, 1989 г.
2. Федотов А.А. «Методы воспитательной работы», Москва, 1995 г.
3. Немов Р.С. «Психология», Москва – Гуманитарный издательский центр «Владос», 1999 г.
4. Кел, балалар, ойнайық! – Алматы «Арда», 2006 ж.



Реева Ботакоз Смайыловна

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы
№8 мектеп КММ мектепалды даярлық сыныбында
мұғалім

АЛТЫ ЖАСАР БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Бастауыш сыныпта оқу неге қиын немесе мектепте келген алты жасар оқушыны бейімдеу дегеніміз не? Мектепте оқудың басталуы бала өміріндегі физикалық қана емес, әлеуметтік-психологиялық тұрғыдағы да қиын және жауапты кезең. Бұл адамның жаңа өмір жағдайы немесе іс-әрекеті емес, бұл-жаңа байланыстар, жаңа қарым-қатынастар, жаңа жауапкершіліктер. Баланың бар өмірі өзгереді, барлығы оқуға, мектепке, мектептегі істерге және әрекеттерге бағынады. Бұл өте шиеленісті кезең, өйткені мектеп алғашқы күннен бастап оқушылар алдына тұтас міндеттер, интеллектуалдық және физикалық күшті қажетсінетін талаптар қояды. Сонымен қатар, әрбір сабақ сайын шәкірттің ашылуына, талмай ізденуіне мүмкіндік жасаған сайын, шәкірт мүмкіндіктері ашыла береді, ашыла береді. Баланы дамытудың кілті – шәкірт жүрегіне жол табу. Сол кілтті табатын, шәкірт тәрбиелеуде өзіндік жолы бар, баламен бірге қуана білетін, сезім-түйсіктерді дамытқысы келетін, ізденетін, бәсекеге қабілеті ұстаздарымыз көп болсын! Баланың мектепке бейімделуі бірден жүзеге аспайды. Көптеген балалар балабақшадан соң мектепке дайын болып келеді. Жаңалықтардың қажеттігі, өзіндік «мен енді оқушымын» мәртебесінің маңызы, бала алдында тұрған міндеттерді орындауға дайындығын, өз мінез-құлқына, құрдастарымен қарым-қатынасына, жаңа күн тәртібіне бағынуға, сабақтардың ретіне және т.б. мұғалім талаптарын қабылдауына

мүмкіндік туғызады. Сусыз, құрғақ жерге, таса көлеңкелі жерге дән тастағанмен өнбейтіні сияқты, жас баланы біліммен сусындатып, бағып күтпесек, көкірегін ашып, тәрбие бермесек, өспейді, өнбейді. Баламен тіл табысып, оның бойынан білім ұрығын себетін басты тұлға ол – Ұстаз. Әрбір шәкірт ұстазына қарап өседі, еліктейді, себебі нағыз ұстаздар сабаққа деген сүйіспеншілігін шәкіртке деген сүйіспеншілікпен ұштастыра білсе, сол сабақтан шәкірт шабыттанса, ол үйіне келгенде, сол сабаққа дайындағандарда сол ұстаз бейнесін, іс-әрекетін елестете отыра, жан тәнімен орындауға тырысады, шәкірттің сабаққа ұстазға деген сүйіспеншілік сезімінен оның шығармашылығы оянады. Міне, ұстаз, Балаға білім ұшқынын сыйлау үшін, мұғалім жарық сәулесімен өзі нұрлана білуі керек, – дейді Ш.Амонашвили. Ғалымның еңбектері – баланы дамытудың кілті. Ш.Амонашвилидің еңбектерінің негізгі идеясы менің балаларға деген махаббат, баланың нәзік жанына сүйіспеншілікке толы қарым-қатынас, руханилық және ізгілік ұғымдарын пайдаланамын десем болады. Бұл сипаттаманы Ш.Амонашвилидің: Мектепке алты жастан» деген кітабынан қарап оқып отырамын. Сондықтан, мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу мен білім беру жүйесінің тиімді түрде жүзеге асырылуы толықтай мұғалімнің тұлғасына байланысты, деп түсінемін. Оқу іс-әрекеті ұжымдық сипатқа ие. Көптеген балалар тез танысады, жаңа ұжымға бейімделеді, бірлесе жасайтын жұмыста бақталастық,

сайысқа түсу болып тұрады. Жалпы бастауыш оқушысы үшін мұғалімнің беделі ата-ана беделінен де жоғары тұрады. Мұғалім тек ересек емес, ол – беделді тәрбиеші екенін жоғары жауапкершілікпен қараймын. Балалардың арасында мектепке дайын емес алты жасар оқушылар мұғалім мен оқушы қарым-қатынасындағы шарттылықты түсінбеуі мүмкін. Мұндай бала мұғалімнің ескертуіне «Менің мұнда оқығым келмейді, маған сізбен қызық емес» деуі мүмкін. Мұндай ерке балаларға жазалау, бұйыру нәтиже бермейді. Тек сабырлық танытамын, баламен оңаша «ересектерше» сөйлесемін. Бала үстінен шағым айтпай, ата-ананы да тартамын. Белгілі бір уақыттан соң (егер бала мінез-құлқында басқа ауытқулар болмаса) бәрі орнына келеді.

Мұғалім мен оқушылардың, оқушылардың өзара қарым-қатынасында оқудың бастапқы кезеңінде маңызды мәнге олардың оқу процесіндегі жетістігіне және сәтсіздігіне мұғалімнің бағасы ие. Баланың іс-әрекетін қабылдау психологиясының бағасы оның бүтіндей жекелік бағасы болып табылады. Бұған кез-келген ересектердің балаға қоятын сұрағы: «Сен қалай оқисың, қандай баға аласың?», «Сен бүгін қандай баға алдың?» дәлел. Егер мұғалім баланың оқудағы жетістігін ескерсе, онда сыныптағы балалар да, ата-аналар, сыныптастардың ата-аналары солай бағалайды. Әрине, мұғалім оқушылардың жетістігін бағалауы керек. Әрбір баланың ұсақ, тіпті мүлде көзге ілгісіз жетістігі сынып оқушыларының көзінше жеткізілуі, ал жетіспеушіліктер мен қиынсыздықтарын дауысқа салмаймын, балаға оңаша айтамын. Өкінішке орай, көп мұғалімдер көпшілік алдында ұялту әдісіне салады: «Балалар, қараңдар, Самат үй тапсырмасын қалай орындаған, қалай болса солай. Сен мүлде тырыспайсың, Самат бар балаға кесіріңді тигізесің». Осыдан келіп бала мінез-құлқында ашушандық, жылаппаздық сияқты ауытқулар пайда болып, бала мектепке барудан бас тартады, үлгерімі төмендейді. Жалпы бастауыш сыныпта балалар мұғалімнің, ата-аналардың және басқа жеткіншектердің ересектер талабына оңайлықпен көнбейтіндігінің

себептері: Біріншіден, олардың оқудан басқа айналысатын шаруасы болмағандықтан; Екіншіден, радио, теледидар, т.б. ақпарат көздерінен ересектерге арналған хабарларды көріп, соған еліктегендіктен; Үшіншіден, өзінен үлкен балалармен танысып, солардың жарамсыз әрекеттерін ерлік тұтқандықтан. Жеткіншектер мінез-құлқына әлеуметтік факторлармен бірге биологиялық факторлар да елеулі әсер етеді, мәселен, олардың дене құрылысы онша үйлеспейді. Денесін тік ұстамай бір жағына еңкейіп, не қисайып тұруы, бүкшіп жүруі дене мүшелерінің біркелкі дамымауынан әрі ұялғандықтан болады. Олардың аяқтары, қолдары, белі, мойны тез өседі де, көкірек қуысының (ер балаларда) өсуі кешеуілдейді: қан айналымы бірқатар өзгерістерге ұшырайды, жүрегінің көлемі тез өсіп, салмағы артады. Осының нәтижесінде жүрек қанды көп айдайды да, түтіктерінің тесігінің көлемі кішкентай болғандықтан, қанның қысымы көбейеді, сөйтіп жүрек жұмысын нашарлата бастайды. Ол өз кезегінде жүйке жүйесіне әсер етіп, жеткіншек қызба, ашуланшақ, ызақор болуы да мүмкін. Баланың эндокринді жүйесі де өзгеріске ұшырайды. Жалпы жеткіншектердің «қиындығының» астары неде? -Біріншіден, қарым-қатынастар саласының, ең бастысы, өзіне деген қатынасының бұзылуы; -Екіншіден, танымдық саласының бұзылуы. Танымдық үрдістердің даму деңгейінің төмендегі және тежелуі, танымдық қажеттіліктердің дамымай қалуы; -Үшіншіден, мінезінің дұрыс дамымауы немесе патологиялық дамуы (ауытқуы).

Мектептегі кезеңнің өзін бастауыш, орта және жоғары сынып деп үш буынға бөлеміз. Оқушының әрбір жас кезеңінде өзіндік физикалық және психикалық ерекшеліктері болады. Бала мінез-құлқында ауытқулардың да орын алуы мүмкін. Отбасындағы дұрыс емес тәрбие түрлері:

1. Гипоқамқоршы (гипо-әлсіз) немесе қараусыздық түріндегі тәрбие. Көбінесе адамгершілікке жат мінез-құлықтағы немесе әке-шешесі ішімдікке әуес, толық емес отбасыларында болады. Қараусыз қалған жеткіншектердің мінез-құлқындағы

ауытқулар көптеген зиянды әдеттерге, ерте темекі шегуге, ішімдікке, нашаға, токсикоманиялық заттарға деген әуестігіне әкеледі.

2. Гиперқамқоршы (гипер-жоғары) тәрбие түрі - енжарлыққа, қажырсыздыққа инфантильдікке (тежелушілікке) әкеледі.

3. «Отбасы кумирі». Бұл жиі кездесетін тәрбие түрі. Өз арманы орындалмаған жағдайда ызалы, агрессивті, кейде өз өмірін қиюға (дәрі ішуге, өз тамырын кесуге) дейін барады.

4. «Күлше қыз» түріндегі тәрбие түрі. Кейінгі кезде тәрбиенің бұл түрі жиі кездесіп жүр. Мұнда ата-ана немесе оларды алмастырушы адамдар шектен тыс қаталдық көрсетіп, олардың мүмкіндігін ентесталаптар қояғандықтан, балада өз-өзіне сенбеушілік, жасқаншақтық, өз қызығушылығын қорғай білмеу, үрейлілік, ұялшақтық қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Астана – 2009.
2. Выготский Л.С. Собр. соч. Т.4. Детская психология. Москва, Педагогика, 1984.
3. Рубинштейн С.Я. Экспериментальные методики патопсихологии и опыт применения их в клинике. Москва, 1970.

Мектеп қабырғасында дәріс алып жүрген оқушының бір күнінің жартысынан астамы білім ұясында өтеді десек, егер баланың болашағы ойландырар ата-ана болса ұстаздар қауымына жиі соғып, өз баласының білімімен, тәрбиесімен ой бөліседі, сабаққа кіреді. Жалпы ата-аналардан «алтын» уақытын бөліп баланың сабағына қатысуын сұраймын, біріншіден, мұғалімнің сабақ беру деңгейін, екіншіден, өз баласының сабақтағы тәртібін, зейінін қадағалар еді. Ата-анасының сабағына қатысқанына оқушының да мерейі өсіп, көңілі көтеріледі.

Әр бала белгілі борышпен өмірге келеді. Және әрбір сәбидің тек өзіне тиесілі жаны – ішкі дүниесінің сәулесі бар. Ата-ана мен педагогтың міндеті сол сәуленің жоғалып кетуіне жол бермей, балаға өз өмір жолына бағыт көрсету!



Курматаева Айхан Аязқызы

Жамбыл облысы, Тараз қаласы
«№ 12 бөбекжай-бақшасы» I санатты тәрбиеші

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ

*Бақыт деген-сенің бала күндерің,
Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің.
М.Мақатаев*

Ия, балалық шақ адам баласының өмір сүру кезеңіндегі ең алаңсыз, әрі ең бақытты шағы. Балалық шағын есіне алғанда еріксіз езуіне күлкі үйіріліп, қуанышқа бөленбейтін жан жоқ шығар. Сонау алыста қалған алаңсыз күндеріңнің естеліктері есейіп, біраз жасты еңсерген шағында да сені бір мезетке болса да бақытқа бөлейді, қуантады, сағындырады.

Балалық шақта бақыт алдымыздан күтіп тұрғандай көрінетін, қартайғанда оның тек өтіп кеткенін сезінумен ғана шектеледі екенбіз дегендей, ертеректе егде тартқан ата әжелеріміз «біздің кезімізде, біздің балалық шағымызда, біздің заманымызда» деп әңгіме бастағанда «осы кісілерде қандай балалық шақ болды екен, бұл кісілер де бала болды ма» деп таң қалатынбыз, ал қазір өзіміз бір сәтке, алыста қалып қойған балалық шағымызды еске түсіргенде сол шақтың ең тәтті, ең алаңсыз әрі қызықты шақ екендігіне көз жеткіземіз.

Қазір жиырма бірінші ғасыр, технологияның дамып, қала мен ауылдың өркендеп - өсіп, көркейіп жатқан кезі. «Заманына қарай адамы», дегендей қоғам, адамдар осы дамыған заманның ағысына қарай бейімделіп, жанталасып өмір сүруде. Ия, жанталасып, себебі қазіргі кезеңде жаңа заман талабына сай тұлға болып қалыптасып, заман ағымынан қалмай өмір сүру үшін жайбасарлыққа салынуға болмайды, өйткені қазіргі заман жайбарақаттылықты қолдамайды. Осы заман көшіне ілесу үшін

балаларымызды да жанталасқан өмір ағымына бейімдейміз.

Балалық шақ несімен қызық, әрине ойынымен қызық. Ойын-балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, тәрбиелік дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынның тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да сондай болады». Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады.

Ойын – баланың өмір танымының алғашқы қадамы. Ойынның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру болып табылады. Ойын – балалардың негізгі іс-әрекетінің бір түрі. Ойын барысында балалардың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданатының байқау қиын емес. Балалар ойын барысында айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш жігерін жұмсап, сезімін білдіруге мүмкіндік алады, достарымен араласуға үйренеді. Сондай

ақ, ойын барысында баланың ерік жігері қалыптасады, Ерік-жігер – бұл адамның саналы түрде алға қойған мақсатына қол жеткізу үшін сыртқы және ішкі еңсере отырып, әрекет ету қабілеті. Баланың ерік-жігерінің дамуы ерте балалық шақта өз қимыл-қозғалыстарын басқара білу қабілетіне ие болудан басталып, ұзақ үдерістен өтеді. Қалауын жүзеге асыруға көмектесетін қимыл-әрекет жасау қабілеті бірте-бірте жетіледі, белгілі бір мақсатқа, мінез-құлық ережелеріне сәйкес тікелей эмоционалдық ой-талапқа қарсы әрекет ету дайындығы артады, яғни, өзін-өзі қадағалауды және өзін-өзі бақылауды ерік-жігер күшіне бағындыру қабілеті дамиды.

Қазіргі кезде балалардың ойындары да біздің кезіміздегі ойындардан өзгеше, телефон, компьютер ойындары. Бұл құралдардың пайдасы қаншалықты көп болса бала денсаулығы үшін тигізер зиянды тұстары да жетерлік. Әйтсе де, көбіміз оны елеп, ескермейміз, көп жағдайда өз басымыздың тыныштығын ойлап баламыздың қолына телефонды ұстата саламыз, біздің балаларымыздың бақытты балалық шағы алақандай «телефон» деген құдіреттің құзырында кете барады.

Бірде ұлым, «Анашым, сіз кішкентай кезіңізде қандай ойындар ойнадыңыз, ол кезде компьютер, телефон дегендер болмады ғой» деп сұрады. Мен өз балалық шағымның қызықты кезеңдерін есіме түсіріп, оған бала кезімізде, жаңа туған қозы-лақпен ойнап, оған күтім жасайтынымызды, ауыл балаларымен бірге өзенге барып шомылып, қыс түссе төбенің басына шығып у-шу болып жарыса шанамен сырғанап, өз қолымызбен жасаған қуыршақтармен ойнайтынымызды, ал ұлдар жағы асық, ләңгі, желқағар жасап жарысатындығын және бұл ойындардың компьютерлік ойындардан әлдеқайда қызықты екендігін айтып бердім. Қарап отырсам, тіпті бір тал шыбықты ат қылып мініп, көшенің шаңын көтеріп ерсілі-қарсылы жүгіріп ойнағанымыздың өзі де біздің балалық шақтағы қызықты сәттеріміздің бірі еді.

Қазіргі кезде үлкендер тарапынан

жастардың іс-әрекетіне көңілдері толмай сынға алып жататындығы жиі байқалады. Заманауымы бір орында тұрмайды, жаңарып, даму үстінде. Біз үлкендер, балаларымызды бақытты етеміз деп таң атқаннан кешке дейін еңбек етеміз, табыс тауып балаларымызды материалдық тұрғыдан бақытты етеміз, ал рухани-адамгершілік құндылықтарды шет қалдырып жатамыз.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» деген, «қыздарымыз қылықты, ұлдарымыз жүректі», үлкенге де кішіге де қамқор бола білетін болашақтың саналы азаматын тәрбиелегіміз келсе бүлдіршін балдырғандарымыздың тәрбиесіне атүсті қарауға болмайды. Оларды тек материалдық тұрғыдан емес рухани адамгершілік тұрғыдан да бақытты етуге тырысқанымыз жөн.

Өйткені бала - бар асылымыз, мөлдір бұлақтың бастауындай тіршілік иесі. Тәлім-тәрбиені бала бойына сіңіру әрі бала санасына, қоршаған ортасына, еліне деген мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық құндылықтарды бағалап, құрметтеуге қол жеткізу – ұлттық рухпен тәрбиелеу арқылы сатылы түрде дамиды. Қазақ халқының этнопедагогикасы «Халқым қандай десен, салтымнан біл деген, ал салт-дәстүрді бала бойына сіңіретін әрине, үлкендер, ата-ана және балабақша. Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.

Осы орайда біздің бөбекжай бақшамызда «Менің туған өлкем», «Құрметтеймін салтымды», тақырыбында жоба жұмысы жүргізіледі. Бұл жоба ата ана, бала және балабақша тәрбиешілері арасында бірлесіп ұйымдастырылады. Жобаның ата-анаға да балаға да берері мол, ең бастысы бала мен ата ана арасындағы байланыс нығаяды, ата аналар балабақша өміріне араласады. Тәрбиенің бастауы саналатын мектепке дейінгі шақ баланың болашаққа көзқарасының, бағытының алғашқы сатысы. Сондықтан да осы бағытта инновациялық жаңашылдықты пайдалана отырып халқымыздың салт-дәстүрі арқылы балалардың бойына патриоттық сезімді қалыптастыруымыз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бала тәрбиесі № 2 2006 ж., № 4 2008 ж.
2. «Отбасы және балабақша» № 9, 2008ж.
3. Сәрсенбаев Н. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы, 2010ж.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» білім стандарты, 2011ж.



Темирбекова Назгуль Жумагуловна

Жамбыл облысы
МКҚК № 39 «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы
Педагог-психолог

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ

«Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»
Абай Құнанбаев

Театрландырылған ойын - бала әрекетінің негізгі бір түрі. Театрландырылған ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін көрсетеді. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мысалы: кез келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар-құрбылармен бірлесіп ойнайды, ойын арқылы бір-бірімен өзара қарым - қатынас жасайды.

Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін театрландырылған ойын түрлерін қолдану арқылы балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіруде үлкен нәтиже беретіні сөзсіз. Білім мен тәрбие бастауын жас жеткіншектер ең алдымен балабақшадан алады. Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында мектепке дейінгі тәрбие беру саласы мамандарының алдында жан – жақты дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орны бар үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін азаматты тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр.

Мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен

танысуға өте құштар. Бұл жастағы балалар ересектерге қарағанда, қызығушылықтары жоғары болып келеді. Ол баланың бірнеше сұрақтар қоюына әкеліп соғады. Яғни, балаға әлем аздап ғана сырын ашса, онда баланың білуге деген, не білсем екен деген құштарлық сезімдері арта түспек.

Сонымен қатар ойын – баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін, зейінін, есте сақтау қабілетін, ауызекі сөйлеу мәдениетін дамытады. Ойынның түрлері көп, әсіресе, театрландырылған ойындардың орны ерекше. Театрлық іс-әрекетте ертегілерді, әңгімелерді пайдалана отырып баланың ой-өрісін дамыту, сонымен бірге зер салып, тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну, рөлге бөліп сомдау, әдемі сөйлей білу мәнерін арттырамыз. Ертегілерді ойнауда, әңгімелерді әңгімелеуде балалардың өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің тілді меңгеруіне деген сүйіспеншілігі артады. Театр әлемі – әр балаға қуаныш, ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытып, бала әр нәрсеге құмар,

қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып қалыптасуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады.

Театрландырылған ойындарда балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы өте зор. Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерді ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Өзге ортада өзін еркін ұстай

білуге дағдыланады. Театрландырылған ойындар балалардың ой – өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, қойылым туралы ата – аналарына, достарына, араласатын ортасына әңгімелеп беруге итермелейді.

Бала тілін дамытуда театрландырылған ойын түрлерін орынды, жүйелі пайдалана білген әрбір тәрбиеші баланың санасын арттыра отырып, түсінігін кеңейтіп, ұғымын байытады. Сонымен қатар баланың ойлау белсенділігі артады, өз бетімен жұмыс түрі дамиды, сөз топтарын меңгереді, өз ойын еркін жеткізе алады. Көркем шығармалармен жұмыс істеу неігізі мыналар:

Көркем шығармалар түрлерімен жұмыс	Шығармамен таныстыру
	Таңдап алынған шығарманы мазмұндап, мән-мағынасын түсіндіріп талдау, кейіпкерлендіру.
	Шығарманы сахналауға қажетті құралдар дайындау. Көріністі заманауи құралдармен безендіру.
	Дайындық.
	Қойылымды саханалау.

Саусақтар ойын драматизациясында балалар атрибуттарды саусақтарына киеді. Ертегінің мәтінін айта отырып саусақтарын қимылдатып сюжет жасайды. Көріністі ширманың сыртында тұрып, немесе топта еркін қозғала жүріп көрсетеді.

Ойыншықтар театры барысында бүлдіршіндер қысқа тақпақтарды жаттап, өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды.

Саусақ театрында – саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген құлшынысы, қабілеті дамып, дарындылығы, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын сомдай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады, шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады.

Үстел үсті театры – сәбилер тобынан бастап тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін стол үстіндегі театрды қолданған дұрыс. Үстел үсті театрында да ойыншықтар қолданылады.

Суреттер (картиналар) театры – декорация мен кейіпкердің суреттері арқылы сомдалады. Олардың әрекеттері шектелген. Ойнаушының дауыс ырғағы (интонация) арқылы кейіпкердің мінез-құлқы беріледі. Кейіпкер әрекет барысында пайда болады, балалардың қызығушылығын арттырады.

Кітапша театрында – балалар бірін-бірі ауыстыратын иллюстрациялық оқиғалар көрсетеді. Стенд-кітапшаның беттерін ашу арқылы әр түрлі сюжеттер сахналанады (оқиғалар, жағдаяттар, кездесулер, т.б.). Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістерін дамытады, қиялдарын ұштастырады.

Театрлық ойынға қатысушылары кейіпкерлердің мінезін, жүріс-тұрысын, әдеттерін айнытпай салып көрерменге тартымды етіп ойнау үшін, әр түрлі танымдық жаттығулар жасау міндетті. Сахналық

өнерге баулыған балалар жаттаған сөзінің мағынасына, сезімдеріне сәйкес тебірене мәнерлеп айта білуге үйренеді. Соның нәтижесінде олардың шығармашылық қабілеттері оянады. Бейнелеу, көркем әдебиет, тіл дамыту байланыстырылған оқу қызметтерінің соңы әрқашанда ертегі сюжетін сомдаумен аяқталады. Осы жұмыстарды өткізген кезеңде ұлттық халық ертегілерінен көріністер, тәлім-тәрбиеге тұнған қойылымдар, сюжеттер қойылады. Балалар өз беттерімен ойнаған дербес іс-әрекетінде де, театр ойындарының түрлерін жиірек қолданатын болады. Топ ішінде емін-еркін жүріп, өздеріне оқу қызмет уақытында керекті ойын құралдарын өздері таңдап алып отырады. Балалардың шығармашылығы тек рөлдерді орындаған кезде ғана емес,

сонымен қатар ойыншықтармен жұмыс жасағанда да көрінеді. Әр түрлі жұмыс түрлері балалардың ұйымшылдығы мен белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіруде - театрландырылған ойындар түрі тиімді нәтиже береді.

Балабақшадағы балаға берілетін бүгінгі тәрбиенің өзектілігі – ол ата-бабадан қалған асыл мұрамызды бойларына сусындатып қана қоймай, балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеп, тілдерін дамыту мақсатында халық ауыз әдебиетінің асыл-мұралары – ғажайып ертегілер, жұмбақтар, мақал- мәтелдер, жаңылтпаштар, аңыз әңгімелерді театрландырылған ойындарда қолдану - бала дамуының қайнар көзі!

Әдебиеттер тізімі:

1. Қаженбаева А.Е. Бала танымын ойынмен дамыту //Отбасы және балабақша, 2002, №1.-Б. 9-10
2. Меңжанова А.Н. Мектеп жасына дейінгі педагогика Алматы 1992
3. Жұмабекова Г. Баланың шығармашылығын ойын арқылы дамыту//Отбасы және балабақша .- 2003. -№8. – 28 б.
4. Ембергенова Ә.С Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың танымдық құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін ойындар.
5. Қаженбаева А.Е. Бала танымын ойынмен дамыту. /А.Е.Алдабергенова. // Бала мен балабақша. – 2002. – №1. – 9 бет



Окаманчук Елена Валерьевна

Костанайской области
города Лисаковска КГКП «Ясли-сад «Болашақ»
Музыкальный руководитель

КОНСПЕКТ ОРГАНИЗОВАННОЙ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СО ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩИМИ ТЕХНОЛОГИЯМИ «СЕКРЕТЫ ЗДОРОВЬЯ»

Білім беру салалары /Образовательные области: Творчество

Бөлік/Раздел: Музыка + Здоровье

Тақырып/Тема: «Секреты здоровья»

Мақсаты/Цель: формировать у детей привычку к здоровому образу жизни, чувство ответственности за сохранение и укрепление своего здоровья посредством здоровьесберегающих технологий.

Задачи:

1. Развивать музыкальный слух, чувство ритма, музыкальную память, координацию движения, ориентировку в пространстве.

2. Развивать речь детей с помощью артикуляционной гимнастики, закреплять навыки певческого дыхания; соотносить движение с текстом в речевых играх, самомассаже.

3. Развивать музыкальные и творческие способности детей.

4. Выразительно исполнять знакомые песни, используя различные приемы пения.

5. Способствовать улучшению эмоционально-психического состояния детей;

6. Развитие творческое воображения, обеспечивающее создание новых образов и вхождение ребенка в эти образы.

Ход занятия

Вход детей:

Музыкальный руководитель:

Здравствуйте ребята! (пропекает)

Дети здороваются в ответ (пропекая)
Валеологическая песенка-распевка с оздоровительным массажем «Доброе утро».

1. Доброе утро! Разводят руки в стороны Улыбнись скорее! и слегка кланяются друг другу. И сегодня весь день «Пружинка».

Будет веселее. Поднимают руки вверх.

2. Мы погладим лобик, Выполняют движения по тексту.

Носик и щёчки. Будем мы красивыми.

Наклоны головы к правому

Как в саду цветочки! и левому плечу поочередно.

3. Разотрём ладошки Движения по тексту. Сильнее, сильнее! А теперь похлопаем Смелее, смелее!

4. Ушки мы теперь потрем И здоровье сбережем. Улыбнемся снова, Будьте все здоровы! Разводят руки в стороны.

Музыкальный руководитель: Ребята, скажите, что нужно делать, чтобы не болеть и быть здоровым? Говорят, что где -то в волшебном лесу есть цветок здоровья, тот кто соберёт лепестки этого цветка и сложит его, тот всегда будет сильным, смелым, а самое главное здоровым человеком. А вы бы хотели такой цветок найти?

А такой волшебный цветок, цветок здоровья растёт только в волшебном лесу. Чтоб цветок здоровья нам сложить - надо все лепестки с полезными рецептами здоровья найти и собрать. Путь нелёгкий предстоит, вы готовы отправляемся в путь. А те трудности, что встретятся нам на пути, вы их согласны преодолевать? Готовы? Построились в колонну. Отправляемся в путешествие!

Дети выполняют музыкально- игровую гимнастику «По дорожке»

Цель:

Музыка оказывает эмоциональное воздействие на детей. Она помогает двигаться выразительно, ритмично, координирование. Музыкально-ритмические движения дают ребенку возможность почувствовать радость от слияния движения тела с музыкальным ритмом, выразить свое настроение.

(Слайд тропинка в лес)

Музыкальный руководитель:

По извилистой дорожке

Предлагаю вам пройти.

Может, сможете, ребята,

В сказочный вы лес войти.

Идем спокойно, неспеша,

Прямо голову держа,

У всех осанка хороша.

Как солдаты мы шагаем,

Выше ноги поднимаем.

Рук нельзя нам поднимать,

Только ножками шагать.

Спину прямо всем держать,

Чтобы было видно стать.

(Слайд 2 пещера)

Вот пещера перед нами,

Чтоб пройти присядем с вами.

Полуприсядом пойдем,

Чтоб не стукнуться нам лбом.

Побежим мы как лисички

Очень хитрые сестрички,

Будем хвостиком вилять,

Будем след свой замечать.

Мы бежали и бежали

И немножечко устали

Мы немножко отдохнем

А потом опять пойдём

(Слайд 3 лес)

Музыкальный руководитель: Посмотрите, первый лепесток от цветочка здоровья. Какой рецепт изображён и у нас на пути встретился водопад. Что за рецепт изображён на лепестке?

Дети: -изображение-человек в движении Движение - это здоровье!

Ребята, а вы знаете, что около водопада всегда легко дышится.

(Слайд 4 водопад)

Я предлагаю сделать остановку передохнуть, полюбоваться водопадом.

Упражнение на дыхание. Кассета «Волшебство природы».

Цель: Упражнения дыхательной разминки, позволяющие подготовить организм ребенка к проведению более сложных дыхательных упражнений.

Музыкальный руководитель:

Вот волшебный водопад

Он умоет всех ребят.

Воздух в грудь мы набираем

И поглубже все ныряем.

А теперь мы все всплываем,

И воздух дружно выдыхаем.

Посмотрите, а вот и второй лепесток от цветочка

Какой рецепт здоровья мы нашли? Что на нём изображено? Почему нос?

Без дыханья жизни нет,

Без дыханья меркнет свет.

Дышат птицы и цветы,

Дышим он, и я и ты.

Значит мы на верном пути.

Музыкальный руководитель:Отдохнули?

Продолжаем путь скорей.

Мы скорее поспешим

И поскаками побежим

(Слайд 5 тропинка)

Музыкальный руководитель: Ребята посмотрите извилистая дорожка куда нас привела? Мы попали на поляну зеркальных цветов.

(Слайд 6 цветочная поляна)

- А как вы думаете, для чего нужны эти зеркальные цветы?

Конечно, ещё можно сделать гимнастику для наших язычков.

А вы умеете делать артикуляционную гимнастику?

Воспитатель: Давайте покажем, как мы умеем делать гимнастику.

-Посмотрите ребята, я ещё нашла третий лепесток цветка здоровья. (изображён язык)

Артикуляционная гимнастика

«Утро в детском саду»

Наши дети утром встали,

Чистить зубки побежали

Вправо-влево, вправо-влево –

Чистим зубки мы умело.
А теперь расческу взяли
И причесываться стали.
Вместе все не отстаем –
Всё покажем язычком.
Дальше по порядку
Делаем зарядку!
Спинку расправляем,
Спинку прогибаем.
Мы достанем с верхней полки
Наш веселый, звонкий мяч.
Покатаем мяч по полю.
А потом помчимся вскачь!
Круглый обруч мы возьмем
И крутить его начнем.
А теперь, мои ребятки,
Поиграем с вами в прятки!
Дети целый день играли,
Только к вечеру устали.

Музыкальный руководитель: Ребята, скажите для чего нужно выполнять гимнастику язычка? Правильно, для того чтобы наш язычок умел хорошо петь, чётко произносил слова.

Вот вы ребята размяли свой язычок. И я так думаю, что теперь сможете легко исполнить любую песенку.

Музыкальный руководитель:
Звенит звон колокольчика.

Музыкальный руководитель:
- Ребята, вы слышите?

Что это? А как вы догадались?
Какой звучал звук?

А вы ребята смогли бы так же звонко, высоко спеть, как колокольчик?

Дети исполняют распевку «Колокольчик»

Цель: Закреплять у детей умение чисто интонировать при поступенном движении мелодии, удерживать интонацию на одном повторяющемся звуке; точно интонировать интервалы.

Колокольчик звонкий,
Голосочек тонкий,
Зазвени скорее,
Да повеселее!

Как вы думаете ребята откуда звонил колокольчик?

(Слайд 7 домик на поляне)
(выходит гномик)

Музыкальный руководитель: Здравствуй,

Гномик!

Гномик: Ой, ребята, вы пришли ко мне в гости! Как я рад! Давайте знакомиться, меня зовут Здоровичок. Я всех-всех вас хочу узнать по именам.

(Гномик даёт шишку рядом стоящему ребёнку).

Коммуникативная игра «Знакомство»

Музыкальный руководитель: Ребята обратите внимание как спел Андрей, Виолетта... итд. (скачками, плавно и тд.)

Гномик: Мне так понравилось с вами знакомиться, у всех такие разные голоса! Я так петь не умею, да и песен не знаю. Ведь я только птичек в лесу и слышу.

Музыкальный руководитель:

- Не расстраивайся, Гномик, ребята сейчас разучат с тобой песенку. А про кого она, как ты думаешь?

Гномик: Ой! Неужели про меня?

Дети: Конечно!

Дети исполняют песню «Гномик» (правила пения, закрепление песни 1 куплета)

1 куплет

Живет наш добрый гномик в таинственном лесу.

Он носит 100 веснушек на крошечном носу
Ля-ля,ля-ля,ля-ля-ля-ля-ля-ля

Он носит 100 веснушек на крошечном носу
Музыкальный руководитель: Давайте представим, что мы забыли слова. Или как Гномик, вообще не знаете слов. Как мы можем спеть эту песню? Давайте пропоём 1 куплет на слог «Ля». Как мы с вами будем исполнять?

(хором громко, звонко)

- А теперь попробуем со словами. Я вам напомню...слова.

- Кто хорошо запомнил слова песни, может быть солистом 1 куплета, а припев мы будем исполнять все вместе. Вы готовы? Скажите, а кто такой дирижёр? (тот, кто руководит хором)

Можно, я буду вашим дирижёром?

Спинки подровняли!

- Хор готов, солист на месте. Исполняем дети песню. **Гномик:** Как, оказывается, интересно учиться петь песни! Спасибо, вам, ребята, что научили меня петь.

Музыкальный руководитель: И не только интересно петь, но и полезно. Правда ребята? Почему, скажите? Голосов чудесных пенье улучшает настроенье.

- Какое у вас стало настроение?

Дети: Отличное!

Гномик: Чтобы жить и не болеть. Каждый день старайтесь петь! За то что вы мне открыли такой полезный секрет здоровья, как пение, я вам дарю на память

4 лепесток от цветка здоровья (изображение руки)

Гномик: Ребята а, как вы в детском саду бережете своё здоровье вы можете показать?

Воспитатель: Ребята, давайте покажем Гномику, как мы в детском саду берегаем своё здоровье. Чтоб здоровье укреплять – будем с вами танцевать!

Музыкально-ритмическая гимнастика «Весёлая зарядка» (1куплет)

Цель: Способствовать укреплению здоровья детей и пробуждению организма для нормальной жизнедеятельности.

Гномик: Как вы замечательно двигались. Движение - это тоже здоровье!

Я тоже знаю один из рецептов, как сберечь здоровье. Это массаж, называется «Дождик»

А теперь скорей дружок
Тесный сделаем кружок
Друг за другом повернём
Поиграем мы с дождём
Игра «Массаж спины»

(на слова песни «Дождик» Е.Попляновой)

Дождик бегаёт по крыше
Бом! Бом! Бом!

По весёлой, звонкой крыше
Бом! Бом! Бом!

- Дома, дома посидите, -
Бом! Бом! Бом!

Никуда не выходите, -
Бом! Бом! Бом!

Почитайте, поиграйте, -
Бом! Бом! Бом!

Я уйду – тогда играйте.
Бом! Бом! Бом!

Гномик: Ребята, вы почувствовали, как по телу разливается тепло? Значит, мы массаж сделали правильно.

Воспитатель: А мы Гномик тебя сейчас научим пальчиковой гимнастике.

Пальчиковая гимнастика «Дом»

Цель: развивать мелкую моторику рук, координацию движений.

Я хочу построить дом,
Чтоб окошко было в нем,
Чтоб у дома дверь была,
Рядом, чтоб сосна росла.
Чтоб вокруг забор стоял,
Пес ворота охранял.
Чтоб на травке жил жучок,
Бегал быстрый паучок.
Солнце было, дождик шел,
Чтоб тюльпан в саду расцвел,
Чтоб флажок на доме был,
А за домом ежик жил.

Гномик: И вот вам ещё лепесток здоровья рецепт массажа и пальчиковой гимнастики (5)

- Держите, заслужили! Молодцы!

Музыкальный руководитель: Спасибо тебе Гномик, за такой чудесный рецепт здоровья. Мы обязательно будем пользоваться этим рецептом.

Гномик: Вы умеете мечтать? Давайте вместе помечтаем о чём-нибудь приятном, красивом, хорошем. Помогут нам рыбки. Ребята, устраивайтесь поудобнее, послушайте и посмотрите, как красиво плавают рыбки, как они блестят в воде. Давайте представим, что мы тоже – рыбки.

Релаксация «Рыбки»

«Аквариум» К.Сен-Санс. (Слушание)

Цель: развитие воображения, обеспечивающее создание новых образов и вхождение ребенка в эти образы;

Гномик: В голубой водице,
Плывет рыбок вереница.
Чешуей золотой сверкая,
Кружится, играет стая.
Тишина их манит вниз.
Рыбки-рыбки вниз пошли,
Рыбки-рыбки все легли,
Глазки все закрыли.

Плавнички расслаблены,
Все мы успокаиваемся,
Тихо расслабляемся...

(Дети слушают музыку закрытыми глаза)

ми, затем по окончании музыки открывают глаза.)

Музыкальный руководитель: Необыкновенная музыка... Какими красивыми словами можно сказать о ней? А кто поделится своими мечтами, фантазиями? Ребята, а наш Гномик исчез, но он нам ещё оставил лепесток здоровья. Скажем спасибо ему. -Значит, мы ещё один рецепт здоровья нашли. А почему он именно такой лепесток оставил?

- Как вы думаете? Что изображено на нём? Почему глаза? Как?

Воспитатель: Ну что, нам пора возвращаться в детский сад. Как мы будем возвращаться?

Музыкальный руководитель: Но мы ведь в волшебном лесу, поэтому мы просто закроем глаза, и скажем:

- Влево - вправо повернись. В детском саде очутись.

- А давайте теперь на магнитной доске соберём наш цветок. Каждый лепесток содержит свой секрет здоровья! Давайте вместе прочитаем, кто нам сегодня помогал укреплять здоровье. (Дети читают слово на нотках «МУЗЫКА!»).

- Правильно, Музыка нам помогала укреплять здоровье!

- Я убедилась, что вы не только знаете полезные рецепты здоровья, но и умеете, бережно относиться к своему здоровью.

Какой секрет? Вспоминайте.

1-движение (человек шагает)

2-дыхание (нос)

3-пение (рот)

4-массаж (рука)

5-релаксация (глаза)

6-здоровья (сердце)

Давайте вместе на обратной стороне лепестков цветочка прочитаем, кто нам сегодня помогал укреплять здоровье. (Дети читают слово на лепестках»МУЗЫКА!»).

- Правильно, Музыка нам помогала укреплять здоровье!

Музыкальный руководитель: Я убедилась, что вы не только знаете полезные рецепты здоровья, но и умеете, бережно относиться к своему здоровью. Ребята, вам понравилось наше путешествие? Ну, а нам пора прощаться. До свидания!

Поощрение детей. Музыкальное прощание.



Список литературы:

- 1). Абрагимов Т. Будь здоров. - Мн.,2000/7.;
- 2). Музыка души и движений. - Краснодар 1991;
- 3). Розинг Х. Музыка - путь к оздоровлению? О музыки в медицине и терапии - М.,1994;
- 4). Тимофеева М.А. Здоровьеберегающие технологии на уроках музыки. - Омск.,2001.



Оспанова Карлыгаш Бекетовна

г. Нур-Султан

мини-центра ГККП «Ясли-сад №32 «Балдаурен»

учитель английского языка

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ПЕДАГОГОВ И СЕМЬИ ПРИ РАННЕМ ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ В ДОШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Раннее обучение английскому языку продиктовано его ролью и возможностями развития языковых, познавательных, мыслительных и коммуникативных способностей ребенка. И данная тенденция вполне понятна: в детстве у любого малыша есть уникальная, подаренная природой, возможность освоить любой язык быстрее и без усилий. Успешное обучение детей английскому языку в дошкольной организации предусматривает модель раннего обучения детей в системе взаимодействия «педагог – дети – воспитатели – родители». Методическая работа по раннему обучению английскому языку на основе игровых упражнений, инсценировок, песен, стихотворений и рифмовок также основана на тесной взаимосвязи с родителями детей. Наши воспитанники, в силу своих возрастных особенностей, не могут обойтись без помощи родителей, поэтому важно, чтобы у детей возникала потребность общаться дома с родителями, повторяя с ними слова, стихи, рифмовки. Необходимо заметить, что большинство родителей с удовольствием делают первые шаги с детьми в мир иноязычной культуры, хотя, конечно, находятся и пассивные мамы и папы. После неоднократных повторений на занятиях, при подготовке к занятиям или мероприятиям родителям раздаются «шпаргалки», помогающие ребенку выучить стих или песенку. Сотрудничество педагогов и

родителей позволяет лучше узнать ребенка, увидеть его с разных позиций, ситуаций, следовательно, помочь в понимании индивидуальных особенностей, развитии способностей и формировании ценных жизненных ориентаций. Вместе с тем, взаимоотношение педагогов и родителей возможно лишь в том случае, если педагоги являются советчиками, размышляют вместе с родителями, договариваются о совместных действиях. Для активизации воспитательных возможностей родителей практикуем разнообразные формы общения: дискуссионные встречи, практикумы, тренинги на тему «Мотивация родителей к обучению английскому языку детей дошкольного возраста», познавательно - игровые викторины на тему «Let's speak English» и др. Совместная работа в системе «педагог – дети - воспитатель – родители» переводит педагогический процесс по раннему обучению иностранному языку детей на более качественный уровень, с учетом преемственности дошкольного и начального образования. В результате такой целенаправленной работы достигаются положительные результаты в обучении детей английскому языку, ведь большинство родителей интересуются успехами своих детей, расспрашивают об их способностях. По результатам анкетирования в нашем мини-центре (проводятся в начале учебного года), родители респонденты хотели бы видеть следующие результаты дошкольного



изучения английского языка:

- формирование у ребенка интереса к изучению языка;
- приобретение дошкольниками первоначальных знаний по языку;
- формирование умения общаться на английском языке.

В течение учебного года в нашем мини-центре родителям показываются достижения детей (на открытых занятиях, утренниках, фестивалях инсценированных сказок, конкурсах стихотворений и песен). Именно применение инновационных форм работы позволяет создать условия для произвольного усвоения учебного материала (если понаблюдать за детьми, можно заметить, что воспитанники с огромным воодушевлением поют песни, читают стихи и рифмовки на английском языке). На практике часто применяю индивидуальные и коллективные консультации для родителей при повторении изученного материала и подготовке к мероприятиям. Считаю целесообразной работу по личностно-ориентированному обучению (работа с одаренными детьми), которая также предполагает активное

взаимодействие с родителями. Наши дети активно участвуют в городских фестивалях сказок, песенных конкурсах.

Практикой доказано, что первыми, кто передает ребенку опыт в непосредственном эмоциональном, нравственном, художественно-эстетическом, социально-личностном развитии становятся близкие взрослые, прежде всего, его семья. У ребенка, живущего в такой атмосфере, естественно и органично развивается способность к позитивному взаимодействию с окружающим миром. Дошкольник вырастет эмоционально-защищенным и уверенным в себе, коммуникативно-адаптированным впоследствии в начальной школе. В нашем мини-центре родители принимают активное участие в учебно-воспитательном процессе («День открытых дверей», экскурсии, образовательная учебная деятельность, соревнования и т.д.) В заключение, хочется отметить, что тесная атмосфера доброжелательности и сотрудничества педагогов и родителей развивает не только знания, но и творческие способности, что, безусловно, делает образовательный процесс увлекательным, легким и радостным.



Абдікамал Мөлдір Жүсіпқызы

Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті

№2 «Бөбек» санаториялық бөбекжай балабақшасы

I санатты психологы, педагогика ғылымдарының магистрі

ОТБАСЫ – БАҚЫТ МЕКЕНІ

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттілігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он моралдық-психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күй тікелей ықпал етеді. Балаға деген таза көңілді, жаңашылдық ата-аналардың; балаларына деген мейірім мен қамқорлығы, балалар үшін отқа да, суға да түсуге әзірлігі, өмірлік ауыртпалықтар мен қиындықтардан қорғап, сақтап отыруға тырысушылықтары, саналы тәлім-тәрбие, бала жасына еңбекке баулулары, жан тазалығына, биік адамгершілік қадір қасиеттерге талаптандырулары, баланың еркін, саналы, жігерлі, мығым, намысшыл, басқаларға мейірімді, адал да таза тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін отбасылық ахуал мен тәлім-тәрбие қандай болуы білдірсе керек. Әке-шешенің жеке басты үлгі-өнегелері баланың дұрыс тәрбиеленуінің ең ықпалды құралы болып саналады. Ата-аналардың үлгі-өнегесінің тәрбиелік мәні балаларға тән үлкендерге, олар тарапынан жасалатын жақсы игілікті іс-әрекеттерге еліктеушілікпен туындайды. Өйткені, бала бойына жеткілікті өмірлік тәжірибе, бейімділік пен икемділік әлі де болса толық

қалыптасып бітпегендіктен, ол үлкендердің мінез-құлқына, жүріс-тұрысына сұхбаттасу мәнеріне, іс-әрекетіне, басқалармен арақатынасына еліктейді. Олай болса, әкешеше қарым-қатынасы, өзара сыйластығы, бір-біріне қадірлей, мақтан тұту білулері, үй шаруашылығын келісе отырып шешулері бір-бірлеріне көмектесіп отырулары, өзара сұхбаттасу қалыптары, бала үлгі-өнеге тұтып, қабылдап алып, өзіне іс-әрекетінде жасауға тырысатын қылықтарының сипатын құрайды. Үлгі-өнегелік бағдаршамы ретінде қабылданады.

Отбасылық тәрбие бала тәлімнің мәні бала нәрестелік шағынан ержетіп, оң-солын тани бастаған шақ аралығындағы үрдісінің мазмұнын құрайтындығы нақты тұрмыстық, тәрбиесі және өнегелі үлгілер негізінде пысықталады. Ата-ана тәрбиесі қоғамдық тәрбиемен ұштасады, бірін-бірі толықтырады. Ата-ана тәрбиесі терең ата-аналық сүйіспеншілік пен қамқорлыққа толы болса, қоғамдық тәрбие балалардың өзін көпшілік ортада ұстай білуін қалыптарына тәлімдейді.

Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жасайтын имандылық пен сауаттылық қасиеттерді сіңірсек, тәлім-тәрбие берсек, сонда ғана рухы дамыған, Отанның гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз деген сөзін басшылыққа алған біздің №2 «Бөбек» санаториялық бөбекжай балабақша ұжымы бүгінгі таңда білім мен тәрбие жұмысын дамыту, өркендету барысында жұмыс жасайды.

Қоғамымыздың ірге тасы нығайту үшін



бүгінгі жас ұрпаққа үлгі, өнегелі тәрбие беру- қазіргі білім беру және тәрбиелеудегі басты міндеттеріміздің бірі. Қазіргі заманда жас ұрпаққа білім мен сапалы тәрбие беру әлеуметтік құрылымы ең маңызды міндеттерінің біріне айналады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сапасы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық. Баланы тәрбиелеу, дамыту мен білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымы өзара тығыз байланыста болуы қажет. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, бала тәрбиелеуде іске асырушылар- балабақша мен отбасы. Отбасылық тәрбиелеудің басымдылығын тану дегеніміз- отбасы мен мектеп жасына дейінгі мекеменің жаңа қарым-қатынасын талап етеді. Ата-аналарды педагогикалық үрдіске тарту арқылы бала тәрбиесінің мақсат, міндеттерін түсінуіне, бала тәрбиесін ойдағыдай іске асыруларына ықпал етеміз. Ата-аналардың өз балаларының балабақшадағы өмірін, қалай өсіп жетілетіндігі интеллектуалдық жеке қабілетінің қалыптасатынын көріп, біліп отырғаны абзал. Ата-ана мен балабақша атқаратын істер әрқилы болады да, бірінің жұмысын екіншісі атқара алмайды, сондықтан олардың қарым-қатынасы бірін-бірі толықтыруы, бір-бірімен түсінісуі, бір-бірінің бағытында құрылуы тиіс. Мектеп жасына дейінгі мекеменің дәстүрлерімен, ережелерімен, тәрбиелеу-оқыту жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстыруға, оларды қызықтыра білуге және қатысуға мүмкіндік бере отыра, ата-аналарға «Ашық есік» күні өткізіп, топтарға саяхат жасап, балабақша жұмысынан көрініс көрсетіп, ата-аналармен әңгімелесіп, олардың алған әсерлерімен бөлісе отырып, туындаған сұрақтарға жауап бердік. Мектеп жасына дейінгі мекемелерде өткізілетін жиналыс ата-аналар қатынасының бірлігінің міндетті түрі. Мұндай жиналыстарда жалпы талаптар ұсынылады, балалармен

отбасында: еңбек, адамгершілік, дене тәрбиесін ұйымдастыруға, балабақша өміріне бейімделуіне нұсқау беріледі. Балабақшаның ата-аналармен жұмыс жоспарында оларға психологиялық-педагогикалық білімді дамыту жағы көзделуі қажет. Олар үшін сұрақ-жауап кештері, «Дөңгелек үстелдер», іскерлік ойындарды өткізу жұмыстары ұйымдастырылады. Ата-аналарға кеңес беру баланың даму мен тәрбиеленуінің, денсаулығын сақтауының нақты жағдайларын талдауға көмектеседі.

Кеңес беруді өткізгенде сенімді мағлұматтар жинап, белгілі бір отбасының баланы тәрбиелеудегі тәжірибесін пайдалануға болады. Кеңес беруді ұйымдастыруда ата-аналардың дайындық деңгейін ескеру маңызды. Бұл кеңес берудің түрін анықтайды. Жекелей кеңес беру екі жақтың да белсенділігіне байланысты болу керек. Мұндай кеңес ақыл, тілек, нұсқау беру түрінде өткізіледі. Топтық кеңес беру ата-аналармен арналған жұмыстардың түрі. Олар бірнеше отбасында бірдей қиыншылықтар туындаса немесе бірдей қызығушылықтары болса жүргізіледі. Топтық кеңес берудің мынадай тақырыптарын алуға болады: «Балалар ойынына талаптар», «Баланың дамуының көрсеткіштері». Жыл бойына жүргізілетін жоспарларды ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді.

Себебі заман талабына сай ата-аналар өзекті мәселелерді, әртүрлі тақырыптарды өздері ұсына алады. Бүгінгі жас отбасылар-еліміздің ертеңгі – рухани кемелдену дәрежесіне жету үшін ұлттық тәрбиенің де алар орны ерекше. Қазақстан мемлекеттері үшін білімі мен қабілетін сарап ететін, елін, туып өскен жерін, тілін, халқының тарихын, діні мен мәдениетін, жеке тұлға тәрбиелеу-жалпы жұртшылық, әкімшіліктер мен білім беру мекемелерінің басты міндеті. 2019 жылдың 21 қарашасында «Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын дамыту» тақырыбында өткізілген №5 ай-

мақтық жиында сенсорлық кабинетте психолог «Ойна да, дамыт» тақырыбында тәрбиеленуші Сейтбек Асылбек анасы Құлымбетова Жанармен жеке баламен жұмыс жүргізілді. Макото Шичидо әдісімен жұмыс жүргізіп, Пэкс кітапшасы- ең нәтижелі, сөйлеу тілін дамытатын методиканың бір түрі. 80-жылдардың барысында Эндрю Бонди мен Лори Фрост суретті картиналар арқылы балалардың сөйлеуін дамыту мақсатында бала өз еркімен жұмыс жасай алды. Әуеннің ырғағымен сергіту сәті ретінде бала құрғақ душқа, жақсы көңіл-күймен құрғақ бассейнге барып, «Отбасы» саусақ гимнастикасын жасады. Құрғақ бассейннен шығып, майтабандылыққа арналған массаж жолдары арқылы шатёрға барды. Аяқ-қолдарын созып, демалды.

«Бала тәрбиесі баршаға ортақ» тақырыбында II санатты тәрбиешісі Манасова Айгүл мен балабақша психологы Абдікамал Мөлдір ата-аналармен бірге жұмыс жасады. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырып демеуші ол сіздер ата-ана. Серіковтер, Өтепбергеновтер, Тастеміровтер отбасылары қатысып, балабақша психологы ана мен бала арасындағы психологиялық эксперимент жүргізіп, анасы мен бала арасындағы қарым-қатынасын анықтады. «Менің отбасым» баласымен анасы дәстүрден тыс әдіс-тәсілдері бойынша капитошка, пена (көбікпен сурет салу, ылғалды параққа сурет салу жұмыстарын жүргізілді. Осындай ата-аналармен жасалған жұмыстар аналардың және баланың бойына жақсы қасиеттерді қалыптастырады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдай түсу мақсатында «Біз бақытты отбасы» атты сайысын көрсету, қолөнер шеберліктерін, сауалнамалар, «Менің отбасым» тесті тапсырмаларын орындау сияқты сайыс кезеңдерінен өз бағаларын алды. Отбасында өсіп келе жатқан ұл-қызға тәлім-тәрбие

беру мақсатымен арнайы ата-аналар-ды балалармен балабақша ауласын көгалдандыру іс-шараларына қатыстыра отыра, қоршаған ортаға, табиғатты сүйуге, еңбекке деген сүйіспеншіліктерін арттырдық.

Абай атамның «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» деген мақсатымен ата-аналарды балаларымен спорттық ойындар кешендеріне қатысуы жиі жоспарланып отырады. Себебі, ойындардың басты тәжірибелік мәні-болашақ ұрпақты жан-жақты дамытып, ой-өрісін өрбітеді. «Әкем анам және мен» атты спорттық жарыс өткізіліп, ата-анамен балабақшаны бір-біріне жақындастырып, қиыншылықты бірге жеңіп, табысқа жетуге баулиды.

Отбасы мен балабақша – бұл екі тәрбиелік феномен. Әрқайсысының әлеуметтік тәжірибесі балаға берері бөлек. Алайда, екеуінің үйлесімділігі кішкентай баланың үлкен өмірге енуіне ыңғайлы ықпал жасайды. Ата-аналар және балабақшаның өзара қарым-қатынасының бірден қалыптасуы сирек кездеседі. Бұл ұзақ мерзімді процесс, таңдалған мақсатты ұдайы зерттеуі, шыдамдылықты талап етуші, ұзақ еңбекті қажет ететін еңбек. Сондықтан ұйымның өзара қарым-қатынасы өте қиын жұмыс. Оның нәтижесі педагогтің шыдамдылығы және талапшылдығымен оның отбасында кәсіби көмекші болу іскерлігімен анықталады. Барлық бұл әрекеттер әрбір баланың ойлау және танымдық қасиеттерін, шыдамдылық қабілеттерін, ең басты, оны жеке тұлға ретінде дамытуға бағытталады.

Ойымды қорыта келе айтарым, Ғабиден Мұстафин: «Балаға сіңірген ата-ана еңбегін бала өмір бойы ақтап бола алмайды, ол өле-өлгенше суынбайтын махаббат» деген. Менің ойымша, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса ғана, елдің болашағы зор болмақ. Ата-аналардың оқу мен тәрбие үрдісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса ғана жемісті болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. М.Жұмабаев Педагогика;
2. Wikiptdia.Ord сайты;
3. ҚР МДТ мен оқытудың МЖМС;
4. С.Перәлиев Ұлттық тәрбие және жаһандану.



Джамбаева Лаура Жумабековна

Шығыс қазақстан облысы, Семей қаласы
«№6 «Нұрсәуле» ясли-бақшасының әдіскері

ОТБАСЫ МЕН БАЛАБАҚШАНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІ

*Бала тәрбиесі басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы-мұң
Абай*

Тәуелсіз еліміздің келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Бұл мәселенің шешімін табуда үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қайта қаралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Бұл алға қойылып отырған негізгі талаптар - Қазақстан білім беру жүйесінің бүкіл әлемдік білім беру кеңестігіне толық енудің алғашқы даму стратегиясын жасау болып табылады. Айтылған талаптардың жүзеге асырылуы бағытындағы жұмыстың үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі ұйымдарда баланың білімге деген құштарлығын арттыруда, ұлтымызға тән қасиеттерін бойына сіңірген бала тәрбиелеуден бастағанның маңызы зор. Балабақша – бүлдіршіндерді болашақта ата дәстүрін сақтайтын инабатты да, ибалы үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие орталығы. Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы.

Ата-аналар балаға отбасылық өмірдің алуан түрлі, қыры мен сырын дүние жұмбақтарын танытып, тағылым талғамға, әдептілікке баулуға тиіс. Себебі, ата – ананың күнделікті өмір тіршілігіндегі еңбегі, адамның бейнелері, жақсы мінез – құлқы, дұрыс қарым-қатынасы – балаға үлгі. Баланың алдында барынша сабырлы әрі ұстамды болуға тырысу керек, ата – ана өзі үлгі бола отырып, баласын сабырлыққа

тәрбиелейді. Әрбір ата-ана өз баласы үшін-басты тұлға. Сондықтанда кез- келген бала алдымен үлгіні ата-анасынан алады. Бала әкеден ақыл, анадан мейір алады. Ата-ана баласымен пікірлесуде бейауыз сөздерді қолданбай, дәрекілікпен жеке басын қорламай, мейірімді, табиғи, жылы ақылды сөздер айтып өнеге бола білсе, тәрбие де табысқа жетеді, өйткені, жақсы сөз жан семіртеді. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы ата- аналармен бірлесіп, баланы өсіріп тәрбиелеудегі басты мақсат қоғамдық өмірге «түзу кірпіш қалау» екенін ескере отырып, ал осы мақсатты жүзеге асыру үшін, алдындағы қандай болмасын қиындықтарын жену, соған сәби кезінен төмендегі мынадай көзқарастарды негізі ұстаным ретінде қабылдау. Көзқарастар мыналар: Баланы сәби ол әлі ештеңе білмейді, ұқпайды деп жай көзбен қарамау керек, өйткені ол да өсіп келе жатқан тұлға. Баланы әр уақытта шындыққа үйрету. Баланың әр бір ісін қадағалап, оған деген көзқарастан нәтиже шығаруға көмектесу. Қандай жағдай болса да, ұрпағын жауын мен жел өтінен, жаман әдеттен қорғап, өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін сіңіру, ана уызбен бірге ұлттық дәстүр қайнарына қондырып өсіру әке мен ананың ұлы борышы. Дені сау, рухы таза, ана тілін толық меңгерген ұрпақ өсіру қазіргі кезде ең негізгі мәселе. Бала тәрбиесінде отбасы басты орын алады.

Баланың ана тілін толық меңгеруі, ұлттық-сана сезімін тәрбиелеу, денсаулығын түзету, бала тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерін білу жөніндегі дағдыларын қалыптастыру мектепке дейінгі мекемелерге берілген. Бүгінгі күнде жас ұрпақтың сана сезіміне өз елінің, жерінің тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы ұғымдарды кішкентай кезінен қалыптасырамыз.

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті ойын. Сондықтан оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай өсер бала бола ма?» - деп айтқандай баланың өмірінде ерекше орын алады. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін тәрбие құралы. Ойын баланың барлық қабілетінің дамуына, айналасындағы дүние жайлы түсініктерінің кеңеюіне, тілінің дамуына, құрбыларымен жақындасуына көмектеседі. Батылдыққа, мейірімділікке, еңбек етуге тәрбиелеудің құралы ойын. Осыған орай бүгінгі күндері тәрбиешілер алдында балаға білім, білім дағдыларын игеріп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімін, ерік-жігерін жан-жақты етіп дамыту міндеттері тұр. Болашақ қоғамымыздың тағдыры да бала тәрбиесіне тікелей байланысты. Қоғамды дамытушы да, ілгері апарушы да осы жас жеткіншектер. Тәрбиенің сан қилы дағдыларын бала бойына дарытатын алғашқы білім баспалдағы – балабақша, жол сілтеп, жетелеп, үйретуші – тәрбиеші.

Еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақты азаматтық пен имандылыққа баулу – тәрбиенің басты міндеттерінің бірі. Сонымен қатар ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйымдар ұлттық тәрбиеге де мән бергендері жөн. Бұл саладағы күш-жігер алдымен бүлдіршіндерді отандыққа тәрбиелеуге бағытталады. «Отан» деген ұғым балаға дүние есігін ашқан үйі, ата-анасы, ағайын туыстары, туған жері, кең-байтақ гүлжазира даласы, тау-тасы, өзен-көлі, сылдырлап аққан мөлдір бұлағы бейнесінде қабылданып, ең қасиетті де құдіретті алтын бесігі ретінде үйретуге тиіспіз.

Кішкентай топтарда балалар тәрбиеші көмегімен киініп, жуынып, сүртінеді, бір –

біріне көмектеседі, «рақмет, кешір, өтінем» сөздерін айтуға баулу. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым – қатынастарын қалыптастыру. Тұрмыстық қызметте топтық ойыншықтарды жинау, оларды күтіп ұстау, топты таза ұстау. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қажет ермек саз, тақтайша, қылқалам т.б дайындауға көмектесуі. Осылайша біз бүлдіршіндерімізді қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырып, жақын адамдарына қамқор болуға үйретеміз. Серуен кезінде гүлдерді қопсыту, шөптерін жұлу, ойын алаңымызды таза ұстауға үйрету. Бірде серуенде сәбилерді жапырақ жинауға шақырдым, балалар 2-3 жапырақ жинаған соң «жинағым келмейді» деп тарай бастады. Сол кезде мен жұмыс жоспарын ойын жоспарына айналдырып жібердім, әкелген жапырақтардан бастарына гүлшоқ жасадым, оны көрген кішкентайлар қуанып, бәрі де жинай бастады. Бұл серуенде балаларды тек қана жапырақ жинауға емес, топпен жұмыс жасауға, үлкендерге көмектесуге, еңбексүйгіштік қасиетінің алғашқы игеріміне баулыдым. Әрбір жасалынған істен кейін «Жарайсыңдар балалар! Тобымыз немесе ойын алаңымыз қандай сәнді болып қалды, бәрекелді» деген сөздерді есту арқылы жасаған еңбектерінің дұрыс екеніне көз жеткізеді. Ұжым болып жұмыс жасай білуі, ұқыптылық, ізденімпаздық, аяушылық, қамқорлық, сезімдерін бойына сіңіріп, өз – өзіне деген сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарды. Тәрбиешінің тәртібі, іс-қимылы, балалармен, үлкендермен қарым-қатынас кішкентай сәбилер үшін үлгі болып, олардың жеке басының қалыптасуына ықпал етеді. Балабақша мен отбасы арасындағы тығыздық артқан сайын бүлдіршіндеріміздің адамгершілік құнды қасиеттері арта түседі. Осыдан келіп, бүлдіршіндерімізде жақсы қылықтар, ұжымдық қарым-қатынас, адамгершілік сезімдері, еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, жауапкершілік, патриоттық сезімдер туралы түсініктер қалыптасады. Кішкентай бөбектеріміз адамгершілік қасиеттерді ата-анасынан, үлкендерден, тәрбиешілерден насихаттау

арқылы емес, тек шынайы көру, сезіну қатынасында алады. Адамгершіліктің құнды қасиеттерінің негізі отбасында қалыптасады. Адамгершілік тәрбие отбасынан бастау алатын болғандықтан инабаттылық, мейірімділік, ана сүтімен, ана тілімен келетін анық. Сол себепті халық даналығы: Тәрбиенің алтын бесігі – балабақшамыздағы сәбилерімізді адам баласына тән асыл қасиеттерге, баланың тұлғалық әрекетінің дамуы үшін отбасымен бірге эмоционалды жағдай туғызу, психологиялық жағынан кедергісіз жетілуін қамтамасыз ету. Отбасының тәрбиесін, әдептерін, дәстүрлерді сақтауын ескере отырып, балаларды әлеуметтік ортаға қарым – қатынас мәдениетімен таныстыруға ықпал жасау. Қай заманда болмасын адамзат баласының алдында тұратын ұлы мақсат мұраттарының ең бастысы – өзінің өмірін, тәжірибесін жалғастыратын салауатты,

саналы ұрпақ тәрбиелеу. Себебі, ұрпақ тәрбиесі келешегін берік ететін басты фактор болып саналады. Адамзат қоғамы даму тарихында қалыптасқан тәрбие мен оқыту, теориясы және практикасын дамыту саласындағы маңызы мен тәрбиелік мүмкіндіктер жайлы Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, В.Г.Белинский, Н.К.Крупская, В.А.Сухомлинский, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, В.В.Трифоновтар маңызды педагогикалық ой пікірлер қалдырды. Сондай – ақ халықтың қалыптасқан тәрбие тәжірибесін оқу –тәрбие үдерісінде пайдалану туралы Г.Н.Волков, Я.И.Ханбиков, М.Сейфуллаева, А.Ш.Гашимов, Ж.Ж.Наурызбай, Қ.Қ.Шалғынбаевалар өз еңбектерінде тұжырымдады. Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру – қазіргі білім беру және тәрбиелеудегі басты міндеттердің бірі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Елікбаева. Ұлттық психология. Алматы, 1992;
2. Қ.Жарықбаев, Қазақтың ұлттық тәлім – тәрбие атауларының түсіндірмелі сөздігі. Алматы. «Ғылым», 1993;
3. Қ.Әмірғазин. Қазақ қолөнері. Алматы. Дайк – Пресс, 2014;
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы, Алматы –1981.



Слямбекова Калияш Турлиновна

Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы
«№ 6 Нұрсәуле» ясли –бақшасы»
I-санат тәрбиеші

ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ БАЛА ТҰЛҒАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Тәрбие басы – тіл
Ж. Аймауытов

Егеменді Қазақстанда өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасу жағдайындағы отбасылық тәрбиедегі балалар тұлғасының ерекшеліктерін арттыру қажеттілігі туындайды. Өйткені, тұлғаның дамуы барысында отбасы мен мәдени ортаға лайықты оның дүниетанымы жетіледі. Сондай – ақ балалар тұлғасының қалыпты тұрғыда қалыптасуы болашақта олардың білікті, мәдениетті, білімді және дүниетанымы жоғары болып, еліміздің мәртебелі азаматы болуына үлкен әсерін тигізеді сөзсіз. Сондықтан да бұл мақалада отбасылық тәрбиедегі бала тұлғасының дамуы жөніндегі мәселе қарастырылады. Отбасындағы тәрбие мәселесін көптеген әлеуметтану, философия, психология, педагогика, демография, құқық, әдептану, тарих т.б. ғылымдардың қарастыруына байланысты көптеген анықтамаларды кезіктіруге болады. Мәселен, философиялық тұрғыда «Отбасы» - қоғамның ажырамас құрамы өмірде зор мәні бар кішігірім ұйымы деп санаса әлеуметтану ғылымында отбасы - некеде және қандас туыстар негізінде құрылған кішігірім топ деп берілген. Оның мүшелері бір –бірімен тұрмыстық, адамгершіліктік – өнегелі жауапкершілік, өзара жәрдем көрсету қарым-қатынаста болып, әлеуметтік құрылыс ретінде қоғамның экономикалық негізінің дамуына байланысты өзгертіп, жекелей дербестікте болады деп көрсетеді. Ал, педагогикалық – психологиялық тұрғыда

отбасы – ата –ана мен балалар арасындағы, ерлі – зайыптылардың және басқа да отбасы мүшелерінің қарым –қатынасының тарихи нақты жүйесі болып табылады. Отбасы өмірі материалдық және рухани үрдістермен сипатталады. Табиғи – биологиялық және шаруашылық тұтыну қатынастары оның материалдық жағын құраса, рухани жағын құқықтық, адамгершілік және психологиялық қатынастарды құрайды. Отбасы мәселелері ТМД елдерінің ғалымдары В.И. Зацепин, В.Д. Цимбалюк, Г. К. Матвеев, Ю.И. Семенов, Н.Е. Соловьев, А. Г. Хрипкова, З. Я. Янков, ал Қазақстанда С. Қалиев, Қ. Б. Жарықбаев, Ж. Б. Қоянбаев, К. Бейсенбиева секілді ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Отбасындағы тәрбие әкімшілік қағидаларға негізделіп, ата – ананың балаға деген қатынасын анықтайды. Отбасының бірлігі оның мүшелерінің бір – біріне адамгершілік, экономикалық, құқықтық т.с.с. өзара жауапкершіліктеріне, түсініктеріне, сонымен қатар эмоционалды жақындықтарына негізделеді. Бір жағынан отбасы – адамдардың өзінің ішкі өмірін, құпияларын, сырларын, қарсы тұрған сыртқы әсерлерден қызғанышпен қорғайтын тұйық бірлестік. Егер отбасының ішкі өмірін қоғамға ашық етсе, онда ол бірден ыдырап, күйзеліске ұшырауы мүмкін, ал екінші жағынан, отбасы адамдардың қоршаған ортаға, қоғамға ашық, айқын бірлестігі. Мұндай отбасында өз мәселелері қоғам мәселелерімен қатар

қарастырылып, шешімі де ыдырамайды. Қандайда да, тұйық, жабық отбасы болғанмен ол қоғамсыз өмір сүре алмайды. *Өйткені оның мүшелері жан –жақты әлеуметтік топтарға, яғни өндірістік, оқу ұжымдарына, балалар ұйымдарына, қоғамдық ұйымдарға, сонымен қатар сауда, денсаулық орындарына қатысты, ондағы адамдармен тығыз байланыста болады.* Ғалым педагогтар мен психологтардың пікірінше балаға әке-шешесінің қарым-қатынасы мен олардың берген тәрбиесіне жететін өмір жоқ. Балалар тұлғасының қалыпты тұрғыда қалыптасуы олардың отбасындағы сүйіспеншілік, кішіпейілділік, сыйластық, жауапкершілік, қайырымдылық, сезімталдық, т.б. адамгершілік қасиеттерінің даму негізіне байланысты болады. Сонымен отбасының өзіндік даму тарихы бар. Отбасы – кішігірім мемлекет, әлеуметтік топ. Ол алғашқы адам баласы пайда болған кезеңнен бері қарай дамуда.

Отбасы нақты қоғамда өмір сүреді, сондықтан отбасының жалпы сыйпатымен қатар өзі өір сүретін қоғамдық қатынастарының мазмұнына сәйкес ерекше белгілері де болатыны түсінікті. Отбасы тәрбиесі туралы философ, педагог, психолог, әлеуметтанушы, мәдениеттанушы, т.б. ғалымдар анықтама беріп еңбектер жазып осы мәселенің негізін қалаған.

Жазушы – педагог Ж. Аймауытов: «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек» – дейді. Осы бір ұлағатты ой астарында отбасында ата –анасынан мектепте ұстаздан талап етілетін тағылым жүгі жатыр. Жер бетінде мекен ететін адамзаттың бір бұтағы – бір халықтың қандай да, дара қасиетке ие болып, қандай бет – бейнесімен көрінуі - сол халықтың мектебінің бет бейнесіне, өзіндік ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Әрине, отбасында бала ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленіп келіп, ол тәрбие балабақшамен бастауыш мектепте жалғасын тауып жатса, бала өте құнарлы этномәдени білімі мен тағылымы алары анық.

Психолог- маман ұрпақ тәрбиесі тағылымды болсын десе, жұмысты ең алдымен, ата-ана-мен, яғни, отбасынан бастағаны жүргізгені талап еткені жөн. Бұл қазіргі замандағы ең басты қажеттілік десек болады. *Ата –ана әр түрлі, олардың ұрпақ тәрбиесіне, мектепке көзқарасы да сан алуан.* Қандай да мектеп болсын, әлеуметтік тұрғыдан бұл мәселені «Отбасы – оқушы – мектеп» ұшбұрыштық жүйесімен жүргізгені абзал. Мұндай жұмыс «Отбасылық психологиялық таным» сабақтарын жүргізгенде, оң нәтижесін берері сөзсіз. Ол үшін, ең алдымен ата –ананың өзін – өзі тануына бағытталған тренингтер, өзіне баласының көзқарасын білдіретін тестілер жүргізіледі. Әрине, кез – келген ата –ананың өзі туралы, өз баласы туралы жоғары пікірде болуы заңдылық. Сондықтан, бұл жұмыстар бастапқы кезде ойын ,сергіту сипатында жүргізілгенімен, кейінірек мән -маңызы, берері тереңдей түседі. *Отбасы тәрбиелік қызметтерінің іске асуы оның ұлттық ерекшеліктеріне, әлеуметтік – мәдени салт –дәстүрлеріне және ол енген қауымдастыққа тән талап – тәртіп ұстанымдарына байланысты.* Тұлғаның әлеуметтенуінде жетекшілік маңызға ие жалпыға бірдей жағдаяттар болады. Олар: туған күнінен бастап, балаға болатын үздіксіз де тұрақты ықпал, отбасындағы қарым – қатынастың туысқандық, сүйіспеншілік, сенім, өзара жауапкершілік сезімдеріне негізделуі, ұрпақтан – ұрпаққа, тәжірибе өткізуге бағытталған әрқилы деңгейдегі отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынасы және ықпал. Өз балаларының ерекшеліктерін, қызығулары мен қажеттерін ескертуде ата –аналар мүмкіндіктері орасан. Тұлға мәселесі бойынша бірқатар зерттеулер бір жағына балаңың өмір бейнесі мен тәрбиесінің арасындағы екінші жағына оның тұлғасының ерекшеліктері арасындағы, қатынастардың заңдылықтарын ашуға бағытталған болды. Авторлар мінездің ерекшеліктері балаңың тәрбиесі мен өмір жағдайларына тәуелсіздігін көрсетіп педагогикалық әсердің жолдарын ашты. Олардың назарлары ұжымның әсерін зерттеуге балалар тұлғасының жағымды қасиеттерін қалыптастырудың мәнді

жағдайларын анықтауға бағытталған. Л.И. Божовичтің пікірі бойынша адам өзінің психикалық даму деңгейін меңгере отырып тұлға болып табылады. Автор балалар тұлғасы психологиялық зерттеу міндетінде оның қалыптасуы мен заңдылықтарын бақылау және қолайлы немесе бөгет жасайтын жағдайларды анықтауын көздеді. Сонымен тұлға – бұл, адам өзінің психикалық дамуының жеткілікті тұрғыдағы жоғары деңгейіне жетуі. Оның ең маңызды сипаттамасы ол ақиқатты тұрғыда тұлға болуы, яғни өзінің мақсат, міндеттеріне сәйкес өмір жағдайын өзгерту мен кездейсоқтыққа үстемдік жасауға, өз- өзін саналы түрде реттеуге қабілетті болуына түйінделеді. Әрине, бұл сипаттама ересек адам тұлғасының дамуына жатады, бірақ тұлғаның қалыптасуы өте ерте басталып өмір бойы жүреді. Егер кішкентай бала, алғаш рет өзінің жағдайынан тыс нәрселерге ұмтыла бастаса немесе үлкендердің қарсылықтарын жеңе отырып, қиял бейнелерінің әсеріне тәуелді әрекет жасай бастаса, онда ол тұлғаның қалыптасу жолына түсе бастағаны болып саналады. Адам тұлғасын қалыптастыруда нақ осы шара белсенді және мақсатқа бағытталған жетекшілігі болып табылады. *Балабақша білім беруді бірінші кезекке қоятын мекемеге айналды. Балабақшадағы оқу қызметтер әдетте интеллектуалдық бағытта жүргізіледі.* Мәдениетті және иманды адамды екінші кезекке ығыстырылды. Балалардың эмоционалдық дамуы, балаға маңызды

жеке мәселелердің шешілуі, оның өміріндегі оқиғаларды және жақын адамдармен қарым -қатынасын ойдан өткізуі ұйымдастырылған педагогикалық үрдістен тысқара қалды. Бала тұлғасын дамытуға бағытталған жаңа педагогикаға өтуді – тереңдете білім беру мәселесі ретінде шешу мүмкін емес. Бұл біздің бүкіл өмірімізді қайта құру және ұрпақтар арасындағы байланысты қайта қалыпқа келтіру мәселесі болып табылады.

Сонымен, отбасы, мектеп пен мектепке дейінгі тәрбие мекемелері, балалар мен жасөспірімдер бірлестіктері, қоршаған орта, бұқаралық ақпарат құралдары – бұлардың бәрі де тұлға дамуындағы қалыптастырушы ықпал жасайтын ерекше «тәрбиешілер» тобын құрайды. Отбасы айтқанына көндіріп тәрбиелейді, мектеп оңтайлы қылық, дұрыс көзқарас қалыптастыруға ұмтылады, балалар мен жеткіншектер ұйымдары қарым –қатынастар жүйелеріне ендіреді ал қоршаған орта болса отбасы мектеп әрқилы бірлестік топтар бере алмағандардың орнын толтырады. Бала осы аталған ұйымдардың өз өмірінде қайсысы басым болса сонысын таңдайды соның ықпал тәуелдігінде болады. Осыдан тәрбие тұлғаға ықпал жасаушы құрылымдардың өзара қатынастарымен бірлікте қарастырылады. *Бала үшін отбасы- ең алғашқы да, аса белсенді тұлғалық қалыптасу көзі.* Осыдан отбасында қабылданған көзқарастар, салт – дәстүрлер, ұстанымдар, әрекет – қылық үлгілері тұлға микроэлементіне бастау беріп, оның барша өмірінің негізгі сипатын қалайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ұзақбаев С. А. Тамыры терең. – Алматы, 1995. -12 б.;
2. Жарықбаев Қ. Б., Қалиев С. Қазақ тәлім -тәрбиесі. – Алматы «Санат» 1995. -28 б.;
3. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.П. росвещение, 1968;
4. Жарықбаев Қ.Б. Сангилбаев О.С. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. Алматы, 2006.



Жиенбаева Арай Нургазыевна

Шығыс Қазақстан Облысы, Семей қаласы

«№ 6 Нұрсауле» ясли-бақшасы»

Тәрбиеші

БАЛА ТӘРБИЕСІ БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ

*«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»
Әл-Фараби*

Баланың жақсысы- әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы. Қоғамның болашағы мен беделіне айқын жол ашар өскелең ұрпақ. Тал бесіктен басталар тәрбиенің тереңді меңзейтіні осында. Ата- ана өз баласын махаббатың нұрына бөлеп, қуанышына, бақытына бөлейді. «Ұлт боламын десең, бесігінді түзе»-деп бабымыз айтқандай баланы бесіктен, тіпті бала тәрбиесі туралы сөз ете қалғанда, алты айлық баласын тәрбиешіге әкелген ата-анаға «Сіз балаңызды 1,5 жыл тәрбиесін өткізіп алдыңыз, баланы іште тәрбиелеу керек» деген еврей халқының мысалын келтіріп жатады. Баласының жақсы болғанын армандамайтын ата-ана жоқ. Тіпті баласының болашағы үшін отқа да,суға да түсетін ата-аналар бар. Бала тәрбиесі-қиында күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғаның қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш –жігердің қажет етеді.Біз баламызға үнемі талап қойғышымыз. Әуелі талапты қоймастан бұрын, балаға өзіміз үлгі көрсете білуіміз керек. Баланың көзінше қырсық мінез көрсетету, өзге адамды жамандау сияқты қылықтар бала бойына теріс көзқарастарды қалыптастыруға негіз болады. Бала тәрбиесін ойлайтын ата-

ана ең әуелі өзін тәрбиелегені жөн болар еді деп ойлаймын. Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек тәрбиеші ғана емес әрбір ата-ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, көгаландыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыру. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады. Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеніздер тәрбиешіні жолдастарың, қоғамды кіналаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті «беті қолыңды жу, тісінді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т. б» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала.

Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата – ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір – біріне деген қарым - қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып - соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек. Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу. Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады. Ана - тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана - тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында

әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар» деп асыл сөзін арнаған. Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата – аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата – аналар күнделікті өмірде балаларының мінез – құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата – ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет. Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс - әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін - өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез – құлықтарды байқайды. Сондықтан ата – ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс - әрекеттерді дағдыға айналдыру керек. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тияп тастамай, сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады. Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру,

өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он моральдық - психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір - біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз

таза, мөлдір көңіл-күйі тікелей ықпал етеді.. Сонымен қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата-аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата-баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ұзақбаев С. А. Тамыры терең. – Алматы, 1995. -12 б.
2. Жарықбаев Қ. Б., Қалиев С. Қазақ тәлім -тәрбиесі. –Алматы « Санат» 1995. -28 б.
3. Божович Л. И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М. П росвещение, 1968. -128 б.
4. Жарықбаев Қ.Б. Сангилбаев О.С. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. Алматы, 2006.



Бекбосынова Гульнур Газизовна

Шығыс Қазақстан Облысы, Семей қаласы
КМҚК «№6 «Нұрсәуле» ясли-бақшасы»
тәрбиеші

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

«Адам ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылық жоқтығынан азады»
Абай

Қоршаған дүниенің, өнердің сұлулығын баланың көру және сұлулыққа талпыну қабілетін дамыту мақсатымен оның жеке басына ықпал етуге бағытталған, жүйелі үрдіс. Балаларды өнер құралдарымен тәрбиелеу – көркемдік тәрбие пәнін құрайды. Музыка жетекшісі баланы сұлулықты қабылдауға, оған эмоциялық ықлас білдіруге, сондай-ақ, эстетикалық ұғым, эстетикалық пікір, эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруға жасау керек. Эстетикалық тәрбиенің мақсаты – баланың бойына эстетикалық құндылықтарды сіңіруді қажетсіну, оған деген қызығушылығын, эстетикалық талғамын дамыту, эстетикалық іскерлік пен дағдысын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету – шексіз жұмыс және тәрбие жұмысының күрделі саласы.

Музыканың бала тәрбиесіндегі алар орны ерекше. Музыкасыз, ертегісіз баланың толық мәндегі ақыл-ой мен қиялын дамыту мүмкін емес. Музыкалық тәрбие, эстетикалық тәрбие-ол сұлулықты, көркемдікті сезінуге баулу, сезініп қана қоймай, оны өз бойын қалыптастыра білудің әдет дағдыларын меңгерту. Балала музыканы тыңдап, әнді, ойынды, биді көз алдына елестете отырып, өзінше қабылдайды. Мысалы, баласалтанатты адымдап келе жатқан сарбаздарға, маң-маң басқан аюға, үркек қоянға тағы да басқаға тән бейнелі қимылды іздейді және оны

өзі орындайды. Музыка баланың сезіміне тікелей әсер етеді. Олардың музыкаға деген көзқарасы қалыптасып, есту қабілеті жетіле түседі. Шығармашылық елестету сезімі пайда болады. Музыканың ықпалы кейде үгіттеуден, нұсқаудан анағұрлым күшті болады. Музыканы қабылдау ақыл-ойға да тығыз байланысты, яғни музыка арқылы балалардың дыбыс үніне зейіні, байқағыштығы, тапқырлығы жетіледі. Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың күнделікті өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көріп, түсіне, бағалай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, одан ең жоғары рухани ләззат алуға мүмкіндік береді. Баланың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу, әсемділік қасиеттері бар әртүрлі өмірдегі қатынастар мен әсерлер ықпалымен жүзеге асырылады. Балалардың эстетикалық көзқарасы үздіксіз дамиды. Оған себеп болатын нәрсе оқу, қоғамдық және тұрмыстық еңбектің жаңа жүйе деңгейіне көтерілуі. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің негізгі құралы-өнер. Театрландырылған ойындарға қатысу баланың көңіл-күйін көтеріліп, қызығушылығы артады.

Балалардың жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып, театрландырылған ойын барысында баланың позициясына мінездеме беруге болады. Режиссер-баланың есте

сақтауы мен қиялы жақсы дамыған. Бала әдеби мәтінді тез қабылдап оны ойын желісіне айналдырады. Болжамдық және ұйымдастырушылық қабілеті бар. Ойынды басқарады, барлық қатысушылардың іс-әрекетін бақылап, ойынды соңына дейін жеткізеді.

Актер-баланың қарым-қатынастық қабілеті өте жоғары, ұжымдық ойынға оңай кіріседі, әдеби кейіпкердің рөлін сомдауда вербалды және вербалды емес әдіс-тәсілдерін қолданады, импровизацияға дайын, қажетті атрибутты тез тауып алады, эмоцияланды, сезімтал, өзін-өзі басқара алады, ойынның аяғына дейін өз рөлін орындап шығады.

Мұғалім-музыкант жұмысының жетіс-тігі көпшілігінде балалармен арада орнатылған қарым-қатынас шеберлігіне де байланысты. Балалармен жүргізілетін әр түрлі ара-қатынас тек айтылған сөзде, мимика мен қозғалыста ғана көрініс тауып қоймайды. Оның бояуының реңі тек өнер сабағына тән көптеген компоненттерден құралады: ішкі жан дүниеге әсер ететін, орындаушылық процестер кезінде, музыка тыңдағанда және музыка жайлы ой жүгірткенде туындайтын музыканың – өз тілі, сөзі, мимикасы, көзқарасы, жесттері, үзілістері болады. Музыка мұғалімінің балалармен жұмыс істеу барсында яғни музыка сабағында эстетикалық тәрбие беру арқылы әрбір шәкірттің музыка өнеріне деген құштарлығын қалыптастырып, эстетикалық талғамын қанағаттандыруға, музыка жөніндегі түсінігін кеңейтуге, ішкі рухани байлығының ірге тасын өз беттерінше қалауға баулу, бағыттау.

Эстетикалық мәдениет-көпқабаттығымен сипатталатын күрделі құрылым. Балабақшаға бала тап-таза қағаздай ап-пақ болып келеді. Ол балаға алғашқы білім ментәртiп, қоршаған ортаға бейімделу, мәдениеттілікке үйрету біздің алдымызға қойылған міндет. Музыка жетекшісі әр баламен жұмыс жасай отырып, балалардың қабілеттерін анықтап алып, жас ерекшеліктеріне байланысты, балалардың қабілеттеріне байланысты жұмыс жоспарын құрады.

Мектеп жасына дейінгі балалар

күйсандықтың, баянның аккордеонның көмегімен әнді айта білулері керек. Қазіргі заманда жеңіл ырғақты әуендермен яғни минусовкамен айтқызу сән болып барады. Ол да заман талабына сай дұрыс шығар, бірақ методика бойынша балалар аспаптың үнін тірідей дейді ғой солай тыңдап, қосылулары керек.

Музыка оқу қызметінде балалар ән айтып қана қоймай сонымен қатар әртүрлі жанрдағы музыкаларды тыңдап оны ажырата алатын болады. Би билеп, ырғақтың ауысуына байланысты би қимылдарын да өзгертіп отыра алады. Мысалы марш, вальс, полька деген сияқты. т.б би түрлерін ажырата алады. Көңілді, мұңды әуендерді де ажырата алады. Музыка оқу қызметінде аспаптардың алатын орны ерекше. Әр аспаптың өзіндік әуені, дыбысы бар. Балалар аспаптардың дыбысы мен аспаптарды ажырата білу керек. Балалар музыка оқу қызметінде аспаптармен ойнай алулары керек. Оркестр құру арқылы біз балаларды ұжыммен жұмыс жасауға, бірін-бірі тыңдауға, дирижерді (музыка жетекшісін) тыңдап ойнауға тәрбиелейміз. Балалардың музыкалық алғашқы білімдерінің алғашқы фундаменті қалыптасады. Музыка оқу қызметінде әрбір бала аспапты ұстап көріп, оны мен ойнап ырғақты сезініп ойнай алуы керек. Кейбір балада слух деген болмайды. Ол бала музыка оқу қызметінде шетте қалмауы керек. Басқа балалармен қосып, ол балаға да мүмкіндік беру керек. Бала музыкадан қалып қойса да балалармен бірге ойнауға тырысып бағады. Оның өнерге деген қызығушылығын арттыруымыз керек. Балалар музыкалық аспаптарды қолдарымен ұстай отырып қол маторикалары дамиды. Музыкалық қабілеттері және аспапқа деген қызығушылығы дамиды. Бұл жерде балалардың эстетикалық мәдениеті қалыптасады. Қазіргі жағдайда біздің қоғамдық өміріміздегі қажетті мәселелердің бірі- баланың эстетикалық белсенділігін тәрбиелеу. Ол әдемілікті сезіп және оның заңдарын түсініп қана қоймай, осы заңдар бойынша өзін қоршаған айналаға өзгеріс жасауы қажет. Өмірге кіріккен эстетика (еңбек, табиғат эстетикасы, адамдар

қатынасы және жай-жағдай эстетикасы) адамды сүйсіндіреді. Адам белсенді түрде өмірдегі әдемілікке, көркемдікке өз үлесін қосып, оны көріксіздіктен, ұсқынсыздықтан қорғауы қажет. Балаларды эстетикалық белсенділікке тәрбиелей отырып, оларды өздігінен ілтипатты оқырман, қайырымды көрермен, сезімтал тыңдаушы болуға баулу керек. Балалар әдебиетті оқуға, кинофильмді, теледидарды, спектакльді көруге, музыканы тыңдауға өте ынталы болады. Әртүрлі әдеби, музыкалық шығармалардағы іс-әрекеттің оқиға желісін дұрыс түсіну үшін балаларды көп ізденуге үйрету, бағыт

беру ұстаздардың басты міндеті. Музыка сабағында эстетикалық тәрбие беру. Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру барысында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу – тәрбие ісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық іскерлігін дамытуды, музыка пән мұғалімінің іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алханова Х «Жас өспірімдерге эстетикалық тәрбие» Әдістемелік нұсқау. – Алматы. 1990.
2. Ұзақбаева С.А «Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі» – Алматы. 1990
3. Ұзақбаева С.А «Эстетикалық тәрбие негіздері» 13 Дәріс-Алматы. 1991.





Малгаждарова Айнур Оралгаиновна

Шығыс Қазақстан Облысы, Семей қаласы
КМҚК «№6 «Нұрсәуле» ясли-бақшасы»
тәрбиеші

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ НЕГІЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ

*Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер,
жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер.
Мағжан Жұмабаев*

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінде: білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілікпен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатын байыту» деп атап көрсеткен.

Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мәнін арттыру жалпы әлемдік үрдістер қатарына жатады. Балабақшаға баратын балалар білім берудің барлық деңгейлерінде білімді тез қабылдайды және жалпы өмірде табысты болып келеді», -деп көрсетілуі бүгінде мектепке дейінгі ұйымдарға жүктелетін міндет пен жауапкершіліктің маңызды екенін анықтайды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Білім берудің деңгейлері мен мазмұнын анықтағанда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейі» делінген. Осы деңгейдің мақсаты мен міндеттерін айқындап, онда: «Мектеп алды

даярлығының мазмұнын мектеп жасына дейінгі балаларға тән қызмет түрлерін жасына және даралығына сай тәсілдерді ескере отырып қайта қарау және оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру кезінде заттық кеңістік ортасын жасау; мектепке дейінгі және бастауыш білімінің оқыту бағдарламаларының үйлесімділігі, баланы шаршаудан қорғау мақсатында оны оңтайлы жүктемемен қамтамасыз ету, салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу арқылы денсаулығын нығайту», -делінген.

Біздің жас мемлекетіміз өсіп –жетіліп кемелденеді. Біздің балаларымыз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпақтарын жауапты да жігерлі, білім өрісі биік, денсаулығы мықты өкілдері болмақ. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықты экономика жағдайында жұмыс істеуге дар болады», -деп Н.Ә.Назарбаев айтқандай бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен парасат қалыптасқан азамат тәрбиелеп өсіру біздің алдымызда тұрған басты міндеттеріміздің бірі. Сондықтанда балаларға ойындарды үйретіп, оған өзгеше нәр беріп, жаңартып өткізіп отыруымыз қажет. Өйткені жас өрен бүлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білуі тиіс.

Тәуелсіз еліміздің ертеңгі - жас ұрпақтың

рухани байлығы, мәдениетті, саналы, ойлау қабілеті мен біліміне байланысты болады. Осы орайда Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерінің қолдана біліп, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше назар аударуымыз қажет. Кез келген адамзат баласы өзге адамдармен қарым-қатынас жасайды. Ал, қарым –қатынас тіл арқылы, сөз арқылы жүзеге асады. Мектеп жасына дейінгі кішкене балалар сөйлеуді ата-анасының, тәрбиешінің көмегімен сонымен қатар құрбыларымен тілдесу арқылы үйренеді. Осы кезден бастап балаларды дұрыс дыбыстауға, сөйлемді дұрыс құрастыруға, яғни, дұрыс байланыстыра сөйлеуге үйрету. Ал байланыстыра сөйлеу дегеніміз айтылған сөздерді игеріп, оның компоненттері, сөйлемді, сөздерді бір-біріне дұрыс байланыстырып сөйлеуді айтамыз. Әңгіме сөйлемнен тұрады, ал сөйлем сөзден құралады. Балаларды әдемі сөйлеуге үйрету керек. Мысалы, әдемі бір нәрсе салу үшін оған қаншама нәрсе керек етіледі. Отбасындағы үлкендер мен балалардың, балабақшадағы бүлдіршіндердің өзара сөйлесуі және тәрбиешімен тілдік әрекетке түсуі болып табылады. Байланыстырып сөйлеудің екі формасы бар: өзара ауыз екі сөйлесу және ойды өз атынан, өзге адамның, не кітап мазмұны бойынша ауызша әңгімелеп айтуы. Бұл мәселе орыс тілді аудиторияда да, қазіргі қазақ тіліндегі аудиториядағы орысша сөйлейтін балаларда бірдей дамытуды қажет етеді. Сөз-ойдың сырты формасы. Ойың орысша болса, қазақша ой жеткізе қою қиын. Байланысты тіл деп, кем дегенде, үш, әйтпесе оданда көп сөйлемдерден тұратын ойды жүйелі құрастырылған мәтінмен жеткізуді айтамыз. Диалог түрінде байланыстыра сөйлеуге үйрететін арнаулы сабақтар сөйлесу (әңгімелесу) және еліктеу әдісімен өткізіледі. Көрсетілген этюдтер көбінесе екі жадайда іске асырылады:

1) алдын ала әзірленген әңгімелесулер сөйлесу тәсілдерімен;

2) сахналық түрге бейімдеу; еліктеу, қайталап айту тәсілдерімен.

Алдын ала әзірленген әңгімелесулердегі басты міндет-балаларды әңгімелесе білуге үйрету, айтушыны тыңдауға, оның сөзін бөлмеуге, өзін-өзі ұстауға, сөз қыстырудың ретінтабабілуге, өз ойын әңгімелесуші адамға жеткізуге баулу; екіншіден, жанама міндет-сөзді дұрыс айта білу және грамматикалық дағдыларды қалыптастыру; балаларға таныс сөздердің мағынасын анықтау. Алдын ала әзірлеген әңгімелесулер дегеніміз-сабақ өту қарсаңында (бірнеше күн бұрын) тәрбиеші балалардың назарын өздерін қоршаған ортаның келесі әңгімеге тақырып боларлық бір құбылысына аударады. Сөйтіп, алдағы әңгімелесулер тақырыбы нақты материал балаларға бұрыннан таныс болуға тиіс. Әңгіме сабағына әзірленудің ең тиімді тәсілі: сабақ өтпес бұрын соған жақын тақырыпқа еркін түрде алдын ала әзірленбеген әңгіме өткізіп алу керек. Біз әр жастағы балалармен өткізілген сабақтардан мысал үзінділер келтірдік, ондағы мақсат – әңгімелесуге дейін жұмыс әдістерімен барлық топтарда бірдей екендігін көрсету. Әңгімелесу арқылы балалар сөздік қорлары молаяды, фонетикалық және грамматикалық дағдыларды жетіледі; айырмашылығы тек сабақтың мазмұнында ғана: балалар өскен сайын сабақтың мазмұны қиындай түседі, оларға күрделірек грамматикалық формалар, бейнелі сөз құралдары қолданылады. Қазақ тілі сабақтарында баланың монологты тілін дамытатын, түсінікті тілде (қазақша, не орысша) мынандай әдістер қолданылады:

Ауызша түсіндіру (Мұғалімнің, тәрбиешінің сөзі). Ауызша мазмұндап баяндаудың бұл түрі – әрі теориялық, әрі практикалық материалдардың өзара заңдылықтарына сәйкес қолданылатын әдіс түрі. Бұл әдісте түсіндіру тәсілі арқылы сөздердің мағыналық жағына назар аударылады. Мәселен, сөздің қосымша мағынасын (синонимді, антонимді, бейнелі сөздер мен тіркестерді) бала санасына дұрыс қабылдату үшін, аталымдарын өздеріне тапқызып, нысандарын түсіндіре көрсету үшін, көрнекіліктермен қосымша білім беру үшін мұғалімнің, тәрбиешінің

ұғынықты түсіндіру тәсілдері қолданылады.

Ауызша мазмұндау. Монологтық сөйлеудің бұл түрі баланың оқыған мәтінді түсінгенін және қалай меңгергенін байқап білу тәсілдеріне саналады. Ауызша түсіндіру мен ауызша мазмұндаудың бір-бірімен аздап болса да өзіндік ерекшеліктері бар. Ауызша түсіндіруде, негізінен, тыңдаушының ойын, назарын аударып, дерексізден деректіге қарай ұғындыру амалы мен тәсілі басым.

Мәнерлеп оқу. Мәнерлеп оқу-монологтық сөйлеудің бір түрі. Ол балабақшада көркем шығармамен жұмыс істеуде әрдайым қажет. Сабақта, не сабақтан тыс уақытта оқылатын не балаларға қарата айтылатын өлең, әңгіме, ертегілердің барлығы балаға эстетикалық әсер беруі—қуантуы, таңдандыруы тәрбиеші мен мұғалімнің шығармаларды мәнерлі жеткізе білуіне байланысты. Тілді үйренуші бала көркем әдебиетті, одан

алынған үзінділерді тыңдай отырып, табиғи құбылыстармен жан-жақты танысады. Оқылған мәтінді интонация арқылы жете түсіну – мәнерлеп оқудың ең басты қасиеті. Сезімге әсер ету- мәтінді мәнерлеп оқуға тікелей қатысты.

Бала тіл мәдениетін және әдістемесін толық меңгерген мұғалімдермен, үлкендермен және өзі араласатын балалармен белсенді қарым-қатынас жасап, олармен әңгімелесіп отыратын болса, осындай тілдік ортаның дамытудағы әсері нәтижелі болмақ. Балалардың әңгімесіне салғырт қарау, олармен тілдескенде айналасындағы адамдардың дұрыс сөйлемейі мектепке дейінгі жастағы балалардың жалпы психикасы мен тілінің дамуына кері әсерін тигізеді. Ал ата-аналар мен тәрбиешілердің балаларға үлгі болатындай дұрыс бейнелі сөйлеуі – балалар тілінің тез дамуының алғы шарты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Баймұратова С « Мектеп жасына дейінгі балалардың тіл дамыту методикасы» Алматы мектеп 1992ж;
2. Федеренко М « Мектеп жасына дейінгі балалардың тіл дамыту методикасы» Алматы 1989ж;
3. Біз мектепке барамыз» бағдарламасы;
4. Қ.Р Білім туралы заңы;
5. Қ.Р 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.



Оспанова Гүлсім Амангелдіқызы

Павлодар облысы, Екібастұз қаласы
КМҚК «№2 «Балдырған» бөбектер бақшасының
әдіскері

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ – «ЖҰМСАҚ КІТАПТАР»

Мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамытудың дидактикалық құралы - «Жұмсақ кітаптар»

Ұсақ моториканы дамыту деңгейі мектептегі интеллектуалды дайындық көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Сондықтан, ұсақ қол моторикасын дамыту бойынша жұмысты мектепке дейінгі жаста, яғни, өте жас кезеңнен бастау керек. Өмірдің бастапқы кезеңінде қол моторикасының даму деңгейі баланың танымдық қабілеттерін айғақтайды. Әрине, мектеп жасына дейінгі кезеңде ұсақ қол моторикасын дамыту және қол қозғалысын үйлестіру жұмысы балалардың сөйлеуін дамытудың, өзін-өзі тану дағдыларын дамытудың және жазуға дайындықтың маңызды бөлігі. Қол моторикасын дамыту арқылы баланың есте сақтауы, назар аударуы және сөздік қоры қатар дамиды. Қазіргі кезде мектепке дейінгі жастағы балалардың қол моторикасын дамытудың тиімді әдістерінің бірі – «Дамытушы жұмсақ кітапшалары».

«Жұмсақ кітапша» - бұл баланы жан-жақты дамытушы оқу құралы. Кітаптар түрлі түсті, баланың жасына сай тапсырмалары мен ойындары бар, қызықты. Мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиетпен таныстыру, қоршаған ортамен таныстыруда, тіпті драма, жаратылыстану, шет тілдерін оқыту әрекеттерінде бұл оқыту материалдарын кеңінен қолдануға (1 сурет) болады. Кітапшалар балалардың денсаулығына

зиянды емес, өте оңай қолданылады, жұмсақ, трансформациялы. Бұндай қызықты кітапшалармен ойнаған барлық балаларға ұнайды. Танымдық даму балалардың мүдделерін, қызығушылығын және танымдық ынталандыруды, танымдық әрекеттердің қалыптасуын, сананың қалыптасуын қамтиды; қиял мен шығармашылық қызметті дамыту; қоршаған әлемнің объектілері туралы түсініктерін қалыптастыру, қоршаған әлемнің нысандарының қасиеттері мен қарым-қатынасы (пішіні, түсі, өлшемі, материалы, саны, саны, бөліктері және бүтіндігі, ғарыш және т.б.) табиғаты, маусымы және т.б. туралы.

Сонымен қатар бұл тамаша кітапшалар балалардың коммуникациялық мен мәдени талғамын реттеуге бағытталған; белсенді сөздікті байыту; грамматикалық тұрғыдан дұрыс диалогтық және монологтық сөйлеуін дамыту; сөйлеу шығармашылығын дамыту; кітап мәдениетімен танысу. Көркемдік және эстетикалық даму: табиғи әлемді түсінуді, қоршаған әлемге эстетикалық қатынасты қалыптастыруды болжайды; балалардың өзіндік шығармашылық белсенділігін жүзеге асыру.

Бұндай кітапшаларды дайындауда ескерілу керек:

1. Кезектілік. Кітапшаның барлық беттері бірыңғай логикалық жіппен қосылу шарт емес. Алдыңғы беттерде болған тапсырма

келесінде күрделірек, тіпті өзгешелеу болуы мүмкін. Мысалы, 5-6 жас балаларына арналған «Математика әлемі» жұмсақ кітапшасын алсақ. (2 сурет) Бұл кітапшада ең алдымен 1-10 ға дейінгі сандар орналасса, екінші бетінде әртүрлі пішіндерге байланысты тапсырмалар бар. Үшінші бетте кеңістікте бағдарлауға байланысты тапсырмалар берілген. Жалпы, әр кітапшада 7-8 беттер болса жақсы. Балалар әр беттегі тапсырмаларды қызыға орындайды. Әрине, мұндай кітаптар балалардың түсініктерін кеңейтеді, баланың сезімталдығын, есте сақтауын, логикалық ойлауын да дамытады.

2. Тақырыптар. «Жыл мезгілдері», «Көкөністер мен жемістер», «Көліктер», «Киімдер», «Ұлттық саз аспаптары» (3 сурет), «Жиһаздар» т.с.с жылдық өтпелі тақырыптарға сай кітапшалар дайындауға да болады. Танымал ертегілерге арналған өте жақсы кітаптар жасауға да болады. Балалар ертегі желісі бойынша ғана емес, өздігінен ертегі құрастырып та үйренеді. Қиялы дами түседі.

3. Шоғырландыру. Бір бетте көптеген кішкентай нысандарды орналастырудың қажеті жоқ. Егер көп заттар көзге көрінбейтін болса, баланың көңіл аударуы оңайырақ. Әрбір маңызды сурет үшін бөлек бетті жасау керек. Ең алдымен кітапшаға негіз болатын мата таңдап алу керек. Жарық табиғи маталар (жібек, жұмсақ фетр т.с.с), түсті жіптер, түймелер, жапсырмалар, жылтырлар, резеңкеден жасалған бұйымдар өнімнің көлемін арттырады. Кез келген мата қиындыларын да пайдаланса болады. Келесі кезеңде сіз беттерді өңдеуге кірісе аласыз. Түрлі қосымшаларды мақсаттарына байланысты ыстық желіммен немесе жапсырмалармен бекітіледі. Одан кейін барлық заттар сәндік заттармен безендіріледі - таспалар, қоңыраулар, жұмсақ ойыншықтар және т.б. Жұмсақ кітаптар басқа дамып келе жатқан заттар мен қарапайым кітаптарға қарағанда бірқатар артықшылықтарға ие:

беттерде сия жоқ; табиғи маталар мен материалдарды жасау; жұмсақ кітапты жууға болатын бір пән бойынша жұмсақ ойыншық пен даму кітабы.

Бір кітапта көптеген дамып келе жатқан заттар болуы мүмкін (мысалы, түймелер, жіптер, жапсырмалар, ілгектер, түймелер).

Жұмсақ кітапты білім беру қызметі үшін ұйымдастырушылық сәт ретінде пайдалануға болады. Оның мақсаты - балаларды ұжымдастыру, оларды сабақ тақырыбы мен мақсаттарына жеткізу. Бұған назар аудару, есте сақтау, сөйлеу, соңғы сабақтың материалдары бекітілген, лексикалық тақырыптар бойынша материалдарды қолдануға, балаларды жаңа және қызықты қабылдау үшін дайындайды.

Қорытындылай келе айтар болсақ, мектеп жасына дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамытудың тиімді әдістері мен тәсілдері әралуан. Әр педагог балаларды қызықтыру үшін үнемі іздену керек. Себебі, бала ойнай отыра үйренеді (4 сурет).

Қосымша

1). Лексикалық тақырыптарға байланысты жасалынған кітапшалар



2). Ұйымдастырылған оқу қызметі «Сиқырлы математика» кітапшалары



3). «Ұлттық саз аспаптары» кітапшасы



4). Ұлттық саз аспаптары



5. Күннің екінші жартысында: балалар кітаптарымен алмасып ойнайды



Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» даму стратегиясы.
2. Алимбаева Р.Т., Айқынбаева Г.Қ. бастауыш мектепке келген балалардың даму деңгейін анықтап білу әдістемесі – Қарағанды., 1999.С-52-56.
3. Алты жастағы балаларды оқыту мәселелері / редакциясын басқарған Баймұратова Б. – Алматы.,1986.С-26-32.
4. Қазақстан Республикасының 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана. 2003.
5. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана. 2011.
6. Меңжанова А.Н. Мектеп жасына дейінгі педагогика Алматы 1992



Ахметаева Салтанат Магауовна

г.Усть – Каменогорск
